

Қуандық Ералин

# БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТЕРМИНДЕРІ

(Оқу құралы)

Толықтырылған және өңделген  
екінші басылым

Түркістан 2015

Ералин Қуандық

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ  
ТЕРМИНДЕРІ**

Оқу құралы

Толықтырылған және өңделген  
екінші басылым

Түркістан, 2015

А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті оқу әдістемелік кеңесінде бекітілген. (Хаттама № 8. 10 мамыр 2013 жыл)

ББК 85.1 я 7

Е69

Ералин Қ, Бейнелеу өнері ұғымдары мен терминдері. Оқу құралы. Түркістан, А. Ясауи университеті. 2015-122 б.

Пікір жазғандар:

Бейсенбаев С.Қ. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Кемешов Д.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Оқу құралында бейнелеу өнері ұғымдары мен терминдерін танудың негіздері, ғылыми таным әдістері қарастырылған. Бейнелеу өнері және сызу мамандығының магистранттарына арналған оқу құралында болашақ педагогтарға жоғары оқу орнында студенттерге өнер ұғымдары мен терминдерін үйретудің жолдары көрсетілген. Оқу құралы университеттердің бейнелеу өнері және сызу мамандығының магистранттары, студенттері мен бейнелеу өнері және сызу пәнінің мұғалімдеріне арналған.

ISBN 9965-435-96-0

©Ералин Қ., 2015 ж.

©Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2015ж.

Адам қызметінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары да ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін көрсетіп тұруы қажет. Ғылым мен өнер дамыған сайын мыңдаған жаңа ұғымдар пайда болып жатады. Олардың әрбірі өзінің таңбалаушысын тауып, тілдік тұрғыдан да жүйелеуді қажет етеді. Мұндай қажеттіліктерді өтеп, термин жасау, қалыптастыру, терминологияны жүйелеу, реттеу жұмыстарын дұрыс жолға қою, жалпы ғылыми-өнертанымдық терминологияның даму бағытын белгілеу - бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады. Бұл тәрізді ауқымды да күрделі мәселелердің шешімін табудың оңай емес екенін уақыттың өзі көрсетуде. Соңғы он шақты жыл көлемінде ғылыми жұртшылық термин мәселесіне айрықша назар аударып, баспасөз беттерінде көпшіліктің жаппай пікір білдіріп жатқандығына қарамастан бейнелеу өнері терминологиясы өзінің даму бағытын айқындай алмай отыруы соның көрінісі болып табылады. Сондықтан терминологияның шешімін таба алмай келе жатқан қандай мәселесін болса да жалпы сөз етуден гөрі, ғылыми тұрғыдан арнайы зерттеу арқылы ғана шешуге талпыныс жасау орынды болады. Осы мерзімге дейін бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясы арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмай келді. Сол себепті бұл зерттеу жұмысы - аталған мәселені тікелей зерттеуге арналған.

Бұл еңбектің ерекшелігі - бейнелеу өнері терминологиясының дамуы мен қалыптасуы, бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдерін зерттеу, терминдердің оқу үдерісіндегі ролі қарастырылады. Сонымен қатар, жалпы қолданыстағы бейнелеу өнері терминдерінің айырмашылықтарын айқындауда және сөздердің терминдену барысында болатын семантикалық өзгерістерді сөздің лексикалық мағынасы мен терминологиялық мағынасының құрылысын салыстыра отырып талдау кезінде ұғым белгілерін тірек етіп алу да бұл жұмыстың сондай өзгешеліктерінің бірі болып табылады.

Бейнелеу өнеріне қатысты терминдер осы жұмыста бірінші рет ғылыми айналымға қосылып отыр. Ал шын мәнінде, бұл тақырыпқа жататын терминдер мол, әрі олар бейнелеу өнері сабақтарында өте жиі қолданылады. Соған қарамастан, олар әлі күнге дейін бір ізге түспей, жүйеленбей келе жатыр. Сондықтан да болуы керек, осы бейнелеу өнеріне қатысты терминдердің біразы күні бүгінге дейін бірнеше вариантта қолданылып, бірін-бірі қайталап, жарыса қолданылып жүр. Олардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендіктерін де ешкім айқындаған емес. Сондай-ақ сөз болып отырған бейнелеу өнері терминдеріне әлі күнге дейін талдау жасалынған жоқ. Аталған тақырыпты өзімізге нысан ретінде алып отырған басты себебіміз де осы.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдері әр түрлі қырларынан қарастырылады. Термин

шығармашылығының бұл тәсілі жекелеген еңбектерде ішінара сөз болғанымен бейнелеу өнері білімінде осы мерзімге дейін арнайы зерттелмей келді. Сол себепті оның өзіне тән көптеген ерекшеліктерінің анықталмай келуі де табиғи нәрсе.

Егер бұл тақырып жан-жақты әрі толық зерттелініп, осы салаға қатысты терминдер түгелдей жиналатын болса, әрі олар жүйеленіп ретке келтірілетін болса, олардың жасалуы жолдары, дамуы, қалыптасуы айқындалатын болса және ол терминдердің жасалуындағы, қолдануындағы жетістіктері мен кемшіліктері көрсетілетін болса, онда бұл жұмыстың тек бейнелеу өнері саласындағы терминдердің ғана емес, сонымен бірге өнертанымдық терминдердің де дұрыс жасалуына, дұрыс қалыптасуына септігі тиген болар еді.

Еліміздің егеменді жолмен дамуының алғашқы жылдары, өтпелі кезеңнің қандай да болсын қиыншылықтарын басымыздан кешіре тұрсақ та, біздің халқымыздың, қоғамымыздың, саяси күштеріміздің бойынан мемлекетімізді нығайту, экономиканы реформалау, құқықтық демократиялық қоғам орнату, рухани бірлікпен ұлтаралық келісім ахуалын қалыптастыру жөніндегі ұлан-асыр жұмыстарды батыл бастауға ерік жігер мен ақыл-парасат жеткілікті екенін өмір көрсетіп отыр. Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тіліне қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қызметін атқару міндеті жүктеліп отыр.

Бейнелеу өнерінің терминденуін кезеңдік тұрғыдан сипаттау арқылы әр кезеңнің өзіндік ерекшелігін және терминдену жолдары мен мүмкіндіктерін айқындау, сондай-ақ бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдеріне талдау жасай отырып, олардың оқу үдерісінде қолданылу жолдарын көрсету - зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болып табылады. Алға қойылған мақсатқа байланысты төмендегідей міндеттер туындады: 1.Бейнелеу өнері терминдерінің дамуы мен қалыптасуын кезеңдік тұрғыдан сипаттау; 2.Сөздердің терминденуіне қарапайым ұғым мен ғылыми ұғым белгілерінің қандай да бір ұқсастығы негіз болатынын дәлелдеу; 3.Бейнелеу өнеріне қатысты терминдерді анықтап, оларды реттеу және жүйеге түсіру; 4.Әрбір терминнің берер ұғымы мен мағынасын ашу; 5.Аталған терминдердің оқу үдерісіндегі қолданысын көрсету.

Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдерінің алғаш рет зерттелініп отырғандығынан бірқатар тың тұжырымдар жасауға мүмкіндік туындады. Осы орайда зерттеу жұмысының нақты ғылыми нәтижелері ретінде төмендігідей қол жеткен нәтижелерді атауға болады:

1.Бейнелеу өнерінің терминденуі кезеңдік тұрғыдан сипатталып, әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі ғылыми терминологияның дамуы мен қалыптасуымен тікелей байланыстырып көрсетілді.

2.Зерттеу жұмысында бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдері анықталып, олардың терминдену жолдары мен терминологиялық қорды құраудағы үлесі нақты деректер арқылы берілді. Сонымен қатар, бейнелеу өнерінде қолданылатын терминдерге этимологиялық талдау жасалынды.

3.Бейнелеу өнерінің салалары бойынша терминдеріне нақты талдау жасалып, оқу үдерісіндегі ролі мен дұрыс қолдану жолдары көрсетілді.

Бұл жұмыс бейнелеу өнері пәнінен сабақ жүргізетін мектеп мұғалімдері мен жоғарғы оқу орындарының оқытушылары үшін пайдалы екендігі даусыз. Өйткені зерттеуде ғылыми қызметкерлер үшін де, жоғарғы оқу орындарының студенттері мен мектеп мұғалімдері үшін де пайдасы тиер деректер мен материалдар мол жинақталған. Ол деректер мен материалдардың біразын жоғары оқу орындарындағы арнаулы курстарда дәріс оқуға, осы аттас оқулықтар мен көмекші құралдарды жазуға, бірқатарын лекциялық сабақтарға пайдалануға болады. Зерттеу нәтижелері мен оның материалдарының біразын жоғары оқу орындарындағы бейнелеу өнері факультеттерінің студенттері де қурыстық және дипломдық жұмыстарды орындау барысында қажеттеріне жарата алады. Өйткені мұндағы терминдік материалдар, яғни терминдердің жасалу жолдары, олардың мән-мағыналары мен тілімізде қолданылу тәсілдері студенттер мен магистранттар қауымын қызықтыратындығы сөзсіз. Сондай-ақ зерттеу материалдарының әдеби және өнертанымдық тілімізді байытуға қосар үлесі де мол. Мұнда жинақталған, зерттеу жұмысында берілген мол материалдарды бір тілді және екі тілді сөздіктерін, әр түрлі деңгейдегі бейнелеу өнерінің терминологиялық түсіндірме сөздіктерін жасауға кеңінен пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелері мен оның материалдарының біразын жоғары оқу орындарындағы бейнелеу өнері, дизайн, сәндік өнер, кескіндеме, мүсін мамандықтарының студенттері де қажеттеріне жарата алады. Өйткені мұндағы терминдік материалдар, яғни терминдердің жасалу жолдары, олардың мән-мағыналары мен тілімізде қолданылу тәсілдері, студенттер қауымын қызықтыратындығы сөзсіз. Сондай-ақ зерттеу материалдарының әдеби және өнертанымдық тілімізді байытуға қосар үлесі де мол. Мұнда жинақталған, зерттеу жұмысында берілген мол материалдарды әр түрлі деңгейдегі терминологиялық сөздіктерін жасауға кеңінен пайдалану қажеттілігін де көрсетеді.

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҰҒЫМДАРЫН ТАҢУ

Қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістердің қатарында тілдің демократиялануы да орын алады. Қазіргі кезде «сөз жасау» нормалары бұзылып, тіл мәдениетінің төмендеуіне әкелуде. Тұрақты қалыптасқан норманың жоқтығынан немесе бұзылуынан кез-келген тіл зардап шегеді. Мұның шет жағасы қазіргі бейнелеу өнерінің терминдерінің қолданысынан да байқауға болады. Әсіресе, бұрын орыс тілінен аударылмай келген бейнелеу өнерінің термин сөздерінің бүгінгі әртүрлі қазақша баламалары тілдегі ретсіздікті күшейтуде. Терминология саласындағы «бір ұғым - бір атау» қағидасы қазіргі кезде ұмытыла бастағандай. Бұл жағдай, бір термин

шеңберінде бірнеше баламаларды қолдану, өнерді танып білу үдерісіне кедергі келтіруде.

Белгілі тілдің жарыспалылық құбылысы барлық тілде болатын жағдай, бірақ бұл біртіндеп жойылуға тиіс екендігін белгілі тіл мамандары айтқан. Белгілі ғалым Р.Сыздықова: «Варианттылық тіл — тілдің барлығында болатын және бар құбылыс... Бірақ тіл өзінің даму барысында және сол дамуға қоғамның саналы түрде араласуы нәтижесінде жарыспалылықтан арыла түсуге тиіс», - дейді. Қазіргі тілде бейнелеу өнерінің кездесетін қазақша баламаларға зер салып қарасақ, олардың көп жағдайда нормаланған әдеби тіл мүддесіне қайшы келетінін байқаймыз. Олар мынадай жағдайлармен сипатталады: жарыспалылықтың шамадан тыс көп кездесуі; Мысалы живопись термині үшін, кескіндеме, сұңғат, майлы бояу, сыршырай, сөздерінің жарыспалы түрде қолданылуы; бұрын қалыптасып кеткен сөздердің жаңа баламаларының пайда болуы; тілді пайдаланушы жұртшылыққа мағынасы түсініксіз сөздердің ұсынылуы сияқты құбылыстардан көруге болады.

Тілдің ғылым саласындағы қызметінің жүзеге асуы ғылыми терминологияның жасалуымен, жүйеге түсуімен тікелей байланысты. Жаңа терминдер жасап, өнертанымдық терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыру үшін термин шығармашылығында іске қосылатын амал-тәсілдер мен термин жасауда пайдаланылатын ішкі көздерді айқындап, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетудің маңызы айрықша.

Бейнелеу өнері саласындағы осындай әртүрлілікті болдырмау үшін ұсынылған баламаларға қандай өлшемдер тұрғысынан қарау керектігінің басын ашып алу қажеттігі туындауда. Біздің ойымызша, тіл мәдениеті тұрғысынан қазақша баламалар мына талаптарға жауап бере алуы тиіс. Олар: біріншіден, аударылатын терминнің ұғымдық мәнін толық бере алуы, болмаса аударылатын сөз бен балама сөздің арасында мағыналық байланыс сақталуы қажет; екіншіден, жаңа баламаның тілді пайдаланушы жұртшылыққа қаншалықты таныс екендігі және сөздік қорда бұрыннан бар болуы; үшіншіден, сөз шарттылық принциптеріне негізделіп жаңадан жасалған болса, оның сыртқы нысаны мен айтылу жағдайының сай келуін ескеру қажет. Осы сияқты өлшемдер тұрғысынан келгенде ғана жаңа балама бейнелеу өнерінің тіл үдесінен шығып, тиянақты ұғымдық қолданысқа ие болады.

Қоғам өмірінде болып жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты ғылыми-өнертанымдық терминологияның дамуындағы бір жаңа кезең басталып отыр. Терминология дамуының бұл кезеңі әлі жан-жақты сөз болып, тиісті деңгейдегі ғылыми сипатын ала қойған жоқ. Жалпы, бейнелеу өнері терминологиясының бүгінгі жай-күйіне баға беріп, оны алдағы уақытта жетілдірудің бағыт-бағдарын белгілеу үшін терминологиялық лексиканың қалыптасу тарихына терең талдау жасау арқылы бірқатар принциптік маңызы бар мәселелердің басын ашып алуға тура келеді.

Терминделуші ұғым алғашқы болғандықтан терминденуші сөз оған бағынышты болады. Ғылым, техника мен өнердің дамуына сәйкес ғылыми ұғым күрделенсе немесе мүлде өзгеріске ұшыраса, оның тілдік формасы термин-сөз де өзгеріске ұшырауы да, сол қалпын сақтап қалуы да мүмкін. Соған қарап термин-сөз жай ғана шартты таңба деп оның ролін төмендетуге болмайды. Әрбір жеке термин-ұғым өзінің термин-сөзін иеленбесе, басқаша айтқанда, терминделуші ұғым белгілі бір сөзбен белгіленіп атауға ие болмаса, ол термин бола алмайды. Әрбір жеке ұғым ғана емес, олардың өзара байланысы тұтастай ұғымдар жүйесі термин-сөздерге де бағынышты. Ендеше термин-ұғым мен термин-сөзді де, терминделу мен терминденуді де бір бүтіннің екі қыры ретінде бірлікте, тұтастықта қарау қажет. Көп жағдайда жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне терминделуші ұғым мен тілде бұрыннан бар ұғымның қандай да бір ұқсастықтары себеп болады. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденгені тәрізді белгілі бір арнаулы саланың термині де қайта ойлау негізінде өзге ғылым саласына ауысып, басқа терминологиялық өрістен орын алуы мүмкін.

Транстерминологизация терминінің құрамындағы «транс» терминдік элементінің орнына тіліміздегі «ішкі» сөзін алып, термин шығармашылығының бұл түрін «ішкі терминдену» деп атау ұйғарылған. Оның ең басты себебі - терминдену кезінде сөз жалпы лексикалық өрістен терминологиялық өріске өту арқылы термин жасалса, ішкі терминдену кезінде сырттан сөз алынбай, термин терминологиялық жүйенің өз ішінде белгілі бір ғылым саласындағы терминнің негізінде жасалады. Яғни, ішкі терминдену тілдің кіші жүйесінің шеңберінде жүріп жататын үдеріс. Соған сәйкес ішкі терминдену термині аталмыш үдерістің өзіне ғана тән ерекшелігін және терминденудің алғашқы түрінен айыратын ең басты белгісін көрсетеді деген есеппен осы атауға тоқталған.

Бұрын терминдік мағынада жұмсалмаған сөз бен белгілі бір арнаулы саладағы дайын терминді өзге ғылым саласының термині ретінде қайта пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Сол ерекшеліктерін ескере отырып, оларды терминдену тәсілінің екі түрі деп танылады. Терминологиялық жүйенің сыртында жатқан сөздердің термин ретінде пайдаланылуын шартты түрде «сырттан терминдену» деп аталады. Сырттан терминденудің ең басты ерекшелігі - терминделуші ұғымға атау болып отырған сөз терминологиялық лексикадан алынбайды. Көбінесе жалпы қолданыстағы сөздерге терминдік мағына жүктеліп, белгілі бір арнаулы саладағы ұғымның атауы ретінде тиісті дефиниция беріледі. Сөз жалпы лексикалық өрістен терминологиялық өріске өтіп, оған сәйкес терминге тән қасиеттерді иеленеді. Ішкі терминденудің тағы бір өзіндік ерекшелігі - тіліміздегі сөзжасамның әр түрлі тәсілдері арқылы жасалған терминдер де терминдене алады. Яғни, қандай да бір терминологиялық өріс ішіндегі термин шығармашылығының түрлі тәсілдері арқылы туындаған терминдер жалпы қолданыстағы сөздер тәрізді дайын атау ретінде бір саладан екінші салаға көшіріле береді. Терминденудің екі түрінің ұқсастығы да осында жатыр. Ішкі терминдену кезінде терминологиялық жүйенің ішіндегі бұрын

жасалған термин бір өрістен екінші өріске қалпын сақтай отырып ауысса, сырттан терминдену кезінде ұлттық тілде бұрыннан бар дайын сөз де сол қалпында тілдің арнаулы лексикасының бір саласы болып саналатын терминологияға өткізіледі. Сонымен қатар ішкі терминдену кезінде тек ұлттық тілдің негізінде жасалған атаулар ғана емес, шет тілдерінен алмасқан терминдер де терминденеді. Себебі, ішкі терминдену кезінде олар терминологиядағы дайын атаулар болып саналады. Ішкі терминдену кезінде терминнің қай тілдің сөзі екендігі ескерілмей, оның дефинициясы мен белгілейтін ұғымы негізгі роль атқарады. Ішкі терминдену кезінде жалпыхалықтық сөздердің терминденуі арқылы жасалған терминдер терминология көлемінде қайтадан терминденсе, яғни, бұл жолы бір тәсіл екі рет қолданылса, терминжасамның өзге тәсілдерінің көмегімен жасалған терминдер мен шет тілдерінен алмасқан терминдер енді термин шығармашылығының өздері жасалған жолынан бөлек тәсіл арқылы келесі бір ғылым саласындағының терминдердің қатарын толықтырады. Бұл құбылыс термин шығармашылығында бір ғана сөздің, негізінде әр түрлі тәсілдерді пайдалану жолымен жаңа терминдердің жасала беретіндігін көрсетеді. Сонымен, біз жоғарыда терминденудің термин шығармашылығының өзге тәсілдерінен басты ерекшелігін және оның, негізгі екі түрінің өзіндік айырмашылықтары мен ұқсас жақтарын сөз еттік. Жалпы халықтық тілдегі сөздердің терминденуі мен терминологиялық лексикасының терминденуін бір ғана үдерістің екі түрі дей отырып, терминденудің алғашқы түрінің соңғысына қарағанда терминологияда әлде қайда өнімді екенін айтқан жөн.

Тілші ғалымдардың бір тобы – «жаңадан жасалған терминдердің көпшілігі жасанды, терминдік ұғымды дәл бере алмайды, мағыналары тар, сондықтан мүмкіндігінше шет тілі терминдерін өзгеріссіз қабылдаған жөн, одан тілімізге зиян келмейді» - десе, екінші тобы, - керісінше «шет тілі терминдерін шектен тыс қабылдау өте қауіпті, төл сөздерімізді терминдік мағынада қолданып, оларға қосымша мән берсек, термин ретінде қалыптасып кете алады» деген пікірлер бар. Ең алдымен, осы терминдердің жасандылығы туралы мәселелерге тоқталайық. Әлемге әйгілі тілші ғалым Бодуэн де Куртэне тілдің адамға қызмет етуші құрал екенін, адам оны өз мақсатына орай өзгертуге құқылы ғана емес солай істеу оның әлеуметтік парызы екендігін айта отырып, «көптеген жаңа сөздер мен ғылыми-техникалық және басқа да терминдер» адамның саналы әрекеті негізінде тек «жасанды жолмен туындайды» - деген болатын. Терминнің жасандылығын өзге де көптеген терминолог ғалымдар атап айтады. Терминология мәселелерімен кәсіптік деңгейде айналысқан ғалымдардың бірі Г.О.Винокур – «Терминдер өздігінен пайда болмайды, олар қажеттілігіне қарай ойлап табылады, қолдан жасалады» десе, «Жалпы терминология» монографиясының авторлары «Қазіргі дәуірдің ғылыми терминологиясы - бұл жасанды қалыптастырылған лексикалық қабат» - дейді. Бүкіл терминология жасанды сөздер жиынтығы болатын болса, сонда біздің жасандылықтан қашуымызды қалай түсінуге болады? Жаңадан жасалған

терминдердің жасандылығын сынай отырып, бәріміз кезінде жасаған терминдерді қолданамыз және терминді солай жасау керек деп, оларды үлгі ретінде ұсынып жатамыз. Жүздеген терминдердің барлығы да өз уақытында жасанды болған. Бірізді қолдану барысында олар әбден қалыптасып, жасандылығы ұмытылып үйреншікті терминдерімізге айналды. Қазір ешкім оларды жасанды деп жатсынбайды. Бүгінгі таңда туындап жатқан жаңа терминдердің ішінде де сәтті жасалғандары жетерлік. Тек оларды саралап алып қолданысқа енгізу қажет.

Ұғымның дәл берілмеуі туралы сөз қозғағанда, ұғымды дәл беру дегеннің не екенін айту қажет. Сөздің ұғымды дәл беруі деп - ұғым белгілерінің ішіндегі сол ұғымды өзге ұғымдардан айрықшалайтын өзіне тән ең басты белгілерін оның атауымен ұштастыра білуді айтады. Терминнің сәтті немесе сәтсіз жасалуы осыған тікелей байланысты. Алайда, терминологияда ұғымның негізгі белгілері терминнің дефинициясы арқылы көрсетілетінін де ескеруіміз керек. Термин жасау барысында шарттылыққа көп жол берілетіндігіне оның дефинициясының да әсері бар.

Терминделуші ұғымды сөзбен таңбалау кезінде жасандылықтың, шарттылықтың болатындығы сөзсіз. Бірақ, одан жаңа ұғымды кез-келген сөзбен белгілей беруге болады деген түсінік тумауға тиіс. Термин жасау барысында қаншалықты шарттылық болғанымен де тілде бұрыннан бар сөздің мағынасына сүйенуге, этимологиясына мән беруге немесе тілде бұрыннан бар ұғымдарда жаңа ұғыммен салыстыруға тура келеді. Ұғымдардың белгілерін салыстыру арқылы термин сөзбен оның жасалуына негіз болған термин емес сөздің мағыналарын құрайтын ортақ семаларды анықтауға болады. Ал семалар ортақтығы - термин сөз бен оның жасалуына негіз болған жалпы қолданыстағы сөз мағыналарының арасындағы байланысты көрсетеді. Шарттылықтың сыртында сол шарттылыққа баруға себеп болатын заңдылықтың тұратындығы олардың мағыналарын құраушы семалардың ортақтығынан анық байқалып тұр. Ұғымдардың ортақ белгілері көп болса, соған орай сол ұғымдарды таңбалайтын сөздердің лексикалық мағынасын құраушы ортақ семалар да көп болады. Жалпы термин шығармашылығындағы шарттылық сөз.

Қорыта айтқанда, термин шығармашылығында жасандылыққа, шарттылыққа бару кезінде сол шарттылықтың жүзеге асуына негіз болатын заңдылыққа табан тіреуге тура келеді. Басқаша айтқанда, шарттылықтың да өз заңдылықтары бар. Ол заңдылық ұғымға тікелей қатысты. Бейнелеу өнерінде жаңа ұғымға ат қою кезінде сол ұғым бұрыннан белгілі ұғымдармен салыстырылады. Ойша салыстырылып отырған ұғымдар арасындағы қандай да бір ұқсастық бұрыннан белгілі ұғым атауының жаңа ұғымға алмасуына себеп болды. Бұрыннан белгілі ұғым атауы әр түрлі дәрежедегі өзгеріске ұшырауы да немесе бастапқы қалпын сақтауы да мүмкін. Бұрыннан белгілі ұғым атауының жаңа ұғымға еш өзгеріссіз көшуі - терминдену жолымен жүзеге асырылса, жаңа лексеманың пайда болуы, тіркес құрамына енуі өзге тәсілдер арқылы іске асады.

Сонымен, жаңа ұғымға ат қою кезінде міндетті түрде шарттылыққа жүгінуге тура келеді. Егер ондай шарттылықты мойындамасак, онда жаңа термин жасау мүмкін болмаған болар еді.

## ҰҒЫМДАРДЫҢ КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОРНЫ

Бейнелеу өнерін оқыту барысында басқа ұлт тілдерінен енген терминдерді оқушыларға меңгерудің көркемдік білім берудегі орны ерекше. Бейнелеу өнерінде көптеген терминдер шет ел тілдерінің негізінде жасалған. Мұндай терминдердің мағынасына оқушылардың өз бетінше түсінуіне қиындық туғызады. Сондықтан сабақ барысында терминдердің мағынасына талдау жасау қажеттігі туындайды. Тәжірибе көрсеткендей көптеген оқу мекемелерінде терминді меңгеруі әліде төмен дәрежеде екендігі айқындалуда. Оқушылардың бейнелеу өнері терминдерін меңгеруінің төмен дәрежеде болуының көптеген себептері бар. Олардың қатарына бейнелеу өнері терминдеріне сабақ барысында талдау жасалмауы жатады.

Оқушылар терминдерді қай тілден шыққанын жақсы меңгерсе, өнер шығармаларын өз бетінше талдап, өз түсініктерін екінші біреуге жеткізу қиындыққа соқпайды, сондықтан бұл істің ұтымды шешу жолы - бейнелеу өнері терминдерінің шығу себептерін, ішкі мағынасын ашып көрсету. Белгілі бір термин белгілі бір ұғымды айқындайды. Терминнің этимологиялық негізіне талдау жасау өнерді саналы меңгеруге жәрдемдеседі.

Этимология /грекше etimos - ақиқат, шындық және logos - ілім/ - 1. тіл білімінің жеке сөздердің немесе морфемалардың шығу төркінін, тарихын зерттейтін саласы; 2. сөздің немесе морфеманың шығу тегі, тарихы. Бұл күнде алғашқы қалпы, мағынасы ұмтылған немесе көп өзгеріске түскен сөздер сыры этимологиялық зерттеулер арқылы анықталады. Этимологиялық зерттеулер тарих, этнография, археология, ономастика, топонимика, т.б. ғылымдармен ұштастырыла жүргізіледі. Бір сөздің этимологиясын әр жақты анықтау үшін генеологиялық, фонетикалық, морфологиялық, семантикалық, этимологиялық принциптер қолданады. Кейде сөздің мағынасын жете білмегендіктен немесе оны өзінше топшылап түсіндіруден, я болмаса бұрмалап айтудан «халықтық» этимология жасалады.

Терминдерге этимологиялық талдау жасау барысында бейнелеу өнері пәні мұғалімінің ақпараттық мәліметтері мына бағыттарды қамтиды: терминнің айтылуы мен жазылуына сипаттама беру; сөздің шығу төркіні мен пайда болуын әңгімелеу; терминнің шет тіліндегі және ана тіліндегі мағынасын ашып көрсету. Бейнелеу өнері терминдерінің талдау әдістері төмендегі үлгіде болғаны жөн. Жүйелі болу үшін, сөз болып отырған терминдерді бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларына қатысты етіп бөліп қарастырылады да онан соң оның көркемдік ерекшеліктері анықталады.

Бейнелеу өнерінің неғұрлым бай әрі толысқан түрі - кескіндеме болып табылады. Онда бейнелеудің сан алуан мол құралдары қолданылады. Суретшілер өнердің ұшы-қиырсыз осы саласынан көбіне өздері сүйген стилдер мен тақырыптарды тандап алады. Біреулер портреттерді жазғанды ұнатады, екіншілері пейзаждарды, үшіншілері тарихи, соғыс немесе тұрмыстық көріністерді бейнелеуге күштар. Бейнелеу өнерінің бұлай сарапталуы жанрларға бөліну деп аталады. Жанр сөзі француздың Qenge - түр немесе тек сөзінен шыққан. Кескіндеме натюрморт, пейзаж, портрет, тұрмыстық, тарихи, анималистік т.б. жанрларға бөлінеді. Натюрморт - жансыз заттарды бір топқа біріктіріп көрсететін бейнелеу өнерінің жанры. Натюрморт өнердің дербес жанры ретінде XVII ғасырда Голландияда және соған көрші Фларендрияда пайда болып, кеңінен дамыды. Натюрморт бізге онда бейнеленген заттарды пайдаланған адамдардың өмірін де, суретшінің оларға деген көзқарасын да ашып береді.

Пейзаж «Paysade» деген француз сөзінен шыққан - бұл ландшафты немесе табиғатты бейнелеудеген ұғымды білдіреді. Пейзаж дербес жанр ретінде, Қытайда, Жапонияда және басқа Шығыс елдерінде (VII-X ғ.ғ.) Европадан ертерек қалыптасты. Европалық кескіндеме ол XVII ғасырда, алдымен Италияда пайда болды, содан кейін Голландияда ерекше жоғары дамыды. Орыс өнерінде пейзаждың гүлденуі XIX ғасырдың соңына түспәтүс келеді. Бұл кезеңге И.Левитан, К.Коровин, Н.Рерих және т.б.суретшілер шығармашылығын қосуға болады. Пейзаж - қайсыбір жерлерді жәй айнытпай бейнелей салу емес, онда суретшінің сезімдері мен ойларын берудің үлкен мүмкіндіктері жатыр. Бұл күнде алғашқы қалпы, мағынасы ұмтылған немесе көп өзгеріске түскен сөздер сыры этимологиялық зерттеулер арқылы анықталады. этимологиялық зерттеулер тарих, этнография, археология, ономастика, топонимика, т.б. ғылымдармен ұштастырыла жүргізіледі.

Портрет - бұл жанр басқалардан бұрын пайда болды - үш мың жылдан астам уақыт бұрын жасалған мүсіндік египет портреттері, екі мың жыл бұрынғы мозайкалық рим және темпералық фаюм портреттері белгілі. Адамдар әрдайым өз бейнесін көргісі келді, ал ежелгі египеттіктер тіпті қайтыс болған адамның жаны портретке көшеді деп есептеді. Үлкен шебердің шабытты қолымен жазылған әрбір портреті шынында да рухтанғандай болады, портретке түсірілген бет-әлпетте ой, қайғы - күйініш, қуаныш, күрделі және кейде қиын бүкіл өмір жолының көрінісі жатады.

Тақырыптық картина өмірді, адамдардың өзара қарым-қатынастарын көрсететін қандай да бір шын мәніндегі немесе фантастикалық көріністі бейнелейтін туындыны айтады. Мұндай туындылар тарихтан бұрынғы замандардан өз бастауын алады - жартастар мен үңгірлерден алғашқы қауым адамының аң аулау сәтін және басқа да іс-әрекет түрлерін бейнеленген суреттер көптеп табылуда. Мазмұнының бағыты жағынан тақырыптық картиналарды өткен заман оқиғаларын баяндайтын тарихи туындылар, шайқастар мен әскери жорықтарды бейнелейтін батальдық шығармалар

және суретшілер өтіп бара жатқан өмірдің күнделікті көріністерін кейіптейтін тұрмыстық шығармалар деп бөлу қабылданған.

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТЕРМИНДЕРІН ҚОЛДАНУДАҒЫ ӘРТҮРЛІЛІК

Бейнелеу өнері терминдері оқушыларға эстетикалық тәрбие беру ісінде, таным қабылетін дамытуда теориялық және практикалық білімді меңгеруде аса маңызды роль атқарады. Терминдер қарым қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Бейнелеу өнері сабағына байланысты қазақ тіліндегі әдебиеттермен қатар бейнелеу өнері туралы қазақ тіліндегі термин сөздер өте аз. Қазақ тіліндегі терминдердің көбісі орыс тілі арқылы қазақ тіліне өткен терминдерден құралады. Бұл жағдай оқыту үдерісінде белгілі дәрежеде қиындықтар туғызады.

Ғылыми терминдерді қазақ тіліне аудару керек па? — деген сураққа Ә.Нысанбаев «Қазақ тіліндегі ғылыми терминдер бір жүйеге келуі керек. Біз барлық терминдерді аударуға тырысамыз. Бүкіләлемдік терминдердің барлығын қазақ тіліне аудару дұрыс емес. Мәселен орыстардан емес бұрыннан Еуропадан келе жатқан терминдер бар. Сондықтан әмбебап терминдерді қазақ тіліне аудармай, сол күйінде пайдалану керек. Бәрін аударатын болсақ әлемнен оқшауланып қаламыз. Ал, ұлттық, өзіміздің тілімізге аударылатын терминдер бар. Олар қазақ тілінде болуы керек. Әлемдік терминдер мен ұлттық терминдердің арақатынасы дұрыс шешілуі қажет» деп жауап берген. Терминдердің ішкі мағынасын түсіну кейбір жағдайларда қиындық туғызады. Кейбір терминдер мағынасына сай аударылмайды, кейбірінің мазмұнына қарай аударуда кемшіліктер орын алады, шет тілінен алынған сөздерді сол күйінде термин ретінде пайдалану орынды болады. Кейбір жағдайда шет тілінен алынған сөздердің мағынасына сай аударма жасауға мүмкіндігі болса да аударма жасап термин ретінде қолдануға болады. Сондықтан қажет болған жағдайда көптеген термин сөздері қазақ тіліне мағынасына сай аударып сабақта қолдану қажеттігі туындауда.

Ғылыми терминдерді аудару туралы қоғам қайраткері Ж.Әкім «Ол әр түрлі жағдайларда әр түрлі шешіледі. Мысалы, «собачка» деген айқұлақ құлаққа жағымды және мағыналы. Кейбір халықаралық терминдер сол күйінде қалғаны дұрыс. Мысалы әлемдегі медициналық терминдер латын тілінде. Бұл жердегі мақсат, тілдің тазалығын сақтап, оның дамуын қамтамасыз етуде.

Саясаттанушы Расул Жұмалы «...әлемдік деңгейдегі термин сөздерді сол күйінде алғанымыз жөн. Мысалы математика ғылымындағы көптеген терминдер аударылмаған. Аудармамен нағыз мамандар айналыспаса, көптеген олқылықтар орын алады.

Тіл маманы Т.Кәкішев «Ғылымдағы сөздерді қазақшаға аударғаннан еш пайда жоқ. Сондайдан кейбір түсініксіз сөздер шығады. Оны ертеңгі күні кім пайдаланады. Ондай тілдің кімге керекі бар. Ғылыми терминдер тек

мамандарға ғана керек. Ғылыми терминдер егер ғылым тілі болса, керемет болып кетеміз, тіліміді дамытамыз деп ойламау керек. Орыс, француз, ағылшын тілдерінен қолданылып жүрген терминдерге қарап, оларды ғылым тілі деп атағанымыз дұрыс емес. Халық түсінетін деңгейдегі бір сөзіне бола оны ғылым тілі дейтін болсақ, онда ол барып тұрған қате. Ғылым сонымен қатар «Бүкіл әлем қолданып жүрген халықаралық терминдерді аударудан еш нәтиже шықпайды. Әлемдік деңгейде қалыптасқан әсіресе техникалық терминдер өте көп. Оларды қазақшалағаннан қазақ тіліп байытпаймыз, керісінше ақсатамыз. Сондықтан қолданылып жүрген терминдерден безінуге тиіс емеспіз. Кейбіреулер аударуға келмейтін сөздерді қазақ тіліне салып, халықты шағастырып жатыр. Осы жерде атпағым, әлемдік деңгейдегі терминдерді аударғандар, қазақ тілін ғылым тіліне айналдырдым деп ойламасын. Оларды аударып әлек болмай, онан да ғылымға қазақ тілінде жаңа термин қоссын».

Ол сонымен қатар, «ғылым тілі дейтіндей аспаннан түскен тіл жоқ. Ол белгілі салалардан енген терминдерден қалыптасқан. Сондықтан қазақ тілі ғылым тіліне айналмай жатыр деп қарамау керек. Қазақ тілі баяғыдан ғылым тілі. Ғылымның қазақша жеткізе алмайтын саласы жоқ. Зерттеуші немесе ғалым болсын, ол өзінің ісіне дәйекті болатын сөзді тауып, ғылымға енгізеді. Ал жалпы тілдерді ғылым және саясат тілі деп бөліп қарауға болмайды» деген. 29

ҚР ҰҒА академигі А.Жұмаділдаев «Қазақ тілін тек қана ғылым тілі жасап қоймай, оның тілдік функциясын орындау қажет. Қазақ тілі барлық салаларда қолданылуы тиіс. Ғылым тілін қазақ тіліне аударудың керегі жоқ деп білгіштер айта береді. Неге аудармау керек. Ғылым тілге сөз қосарда ешкімнен ақылдаспайды. Өзі дұрыс санаған терминін ғылымға енгізеді. Сол сияқты ертеңгі күні мен сөз тауып жатсам, ешкімнің пікіріне жүгінбеймін».

Қоғам қайраткері Жанұзақ Әкім «Тіл статикалық емес әрқашан дамып отыратын динамикалық құбылыс. Қоғам дамыған сайын оның асы кеңіп, дами береді. Қазақ халқы бар кезде оның тілінің мәселесі бола береді. Тіл үшін күрес ол ұлт үшін күрес. Тіл мәселесі шешілді деген ұғым ол ұлт үшін күрес тоқтады, яғни әрмен қарай даму болмайды деген теріс ұғым. Ұлттың тарихына тіліне, дәстүріне қызығушылық жастарды отансүйгіштікке, намысшылдыққа тәрбиел ейді. Ондай адамдар негилист болмайды, космополитизммен ауырмайды, Отанын сатпайды.

Тілдің негізгі мәселесі шешілгеннен кейін әр сөздің тазалығы үшін күрес жалғасады. Сонымен қатар жаңа сөздер ойлап табу да маңызды. Мысалы қазақта бұрын бомаан балмұздақ, аялдама, айқұлақ т.б. жаңадан енген қандай тамаша сөздер.

«Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы Дос Көшім «Қазақ тілі онсыз да ғылым тілі. Әңгіме жоғары оқу орындарында жасанды түрде ұстап отырған орыс тілі туралы деп білемін. Екіншіден қазақ тілінен орынс тілін жақсы білетін, сол тілде дәріс оқи алатын біздің ғұламалары жатыр. Олар қазақ тілінің мүмкіндігін жақсы біледі. Бірақ өзі сол тілді жақсы пайдалана алмайды немесе пайдалануға ниеттері жоқ. Сол арқылы қазақ тілі ғылым тілі

емес деген көзқарас қалыптастырып, сол көзқарасты қорғауға жандарын салады. Олар қазақ ұлттының, қазақ мемлекетінің болашағын ойламайды, өздерінің жан тыныштығын ғана ойлайды.

«Он сегізінші ғасырдың ортасында Ресей мемлекетінің жоғары оқу орындарында тек неміс, француз тілдері ғана қолданыста болды. Сол уақытта бір қайсар ғалым «орыс тілі де ғылым тілі бола алады, орыс тілі де жоғары оқу орындарының тілі бола алады» деген болатын. Оған ақымақ деген ат та берілді. Бірақ ол адам жиырма жылдың ішінде орыс тілін ғылым тіліне айналдырды. Оның тегі Ломоносов болатын»

Ж.Әкім «Біздің тіліміз интеллектуалды ұлттың тіліне айналады. Бұл ел стратегиясының негізі. Мысалы географиялық жағдайы, ашық мұхитқа шығу мүмкіндігі, халықтарының саны бірдей, бір буддизм дініндегі және тарихтары да ұқсас ҚХР мен Үндістанның айырмашылығы тілдерінде және оның негізіндегі менталитеттерінде. ҚХР да халықтың бес пайызы ғана ағылшын тілін білсе, Үндістанда бұрынғы отарлаушы ағылшын тілін мемлекеттік деңгейде тоқсан бес пайыздай қолданады. Қытайдың жалпы ішкі өнімі Үндістаннан екі есе көп, даму әлдеқайда жоғары. Неге? Үндістанда оқыған инженер - мамандар жеткілікті. Олардан ел мен ұлтына пайда шамалы. Ұлттық сана мен патриотизм жоқтың қасы. Ал ана тілінде сөйлейтін қытайлықтарда ұлттық рух бірінші орында. Сондықтан қытай алда.

Қоғам қайраткері Аманжол Тшанов: «Қазақ тіліне еніп жатқан терминдік сөздердің сапасы сын көтермейді, ешбірі лингвистикалық сүзгіден өтпеген. Оның залалы жас ұрпаққа тиіп жатыр. Бірінші сыныптың оқулығында бала тұрмақ үлкен адамдар түсінбейтін сөздер жүр. Мұнымен қазақ тілін дамытып жатырмыз десек қателесеміз. Әр қазақ өз ана тілінде таза сөйлеп, өз тіліне құрметпен қарауды үйренсін. Ғылыми терминді қазақ тіліне аударғаннан ештеңе ұспаймыз. Тағыда қайталап айтамын, ғылыми тілге аудармас бұрын, өз тіліміздің кереметін сезініп, қазақ тілін қоғамда салауатты пайдаланып, өмірлік құралға айналдыруымыз керек. Қазақ тілінің тарихы әр түрлі тарихи кезеңдерді бастан кешсе де, сол сұрапылдардың бәрінен аман өтіп еді. Қайта тәуелсіздік алғалы қазақ тілінің күні қараң болды» деп көрсетеді.

Бейнелеу өнерінің терминдерін қазақ тіліне аудару мәселелерін шешуде қазіргі белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің пікірлерін сараптау мен талдаудың маңызы ерекше. Бұл бағытта Ә.Нышанбаев, Т.Кәкішев, А.Жұмаділдаев, Ж.Әкім, Д.Көшім, Р. Жұмалы, А.Тышанов пікірлерін назарға алу орынды. Бұл пікірлер бейнелеу өнері терминдерін аударма жасау мәселесін зерттеуде дұрыс тоқтам жасауға жәрдемдеседі.

Термин сөздерді аудару үдерісінде мынадай жағдайларды ескеру қажет. 1. Терминді тура мағынасында аудару; 2. Мазмұнына қарай аудару; 3. Шет тілінен алынған сөздерді сол күйінде пайдалану; 4. Шет тілінен алынған сөздерді мүмкіндігі болса аударма жасау. Қазақ тіліндегі әдебиеттерде, баспасөз беттерінде «натура», «рисование с натуры», «изображение» деген сөздер әртүрлі аударылып жүр. «Натура» - бейнелейтін

нысанды білдіреді. Бұл сөзді зат, нәрсе, нұсқа деп қатар қолданып жүрміз. Ол жеке айтылған болса бұл сөздің әрқайсысының айтылатын ойға байланысты әртүрлі мағынасы бар. Негізінде оны «нұсқа» деп аудару орынды сияқты.

Бейнелеу өнері сабақтарының бірі «рисование с натуры» деп аталады. Оны нәрсеге қарап сурет салу, натураға қарап сурет салу, нұсқаға қарап сурет салу деген сөз жансыз объектілерге қатысты. Біз сабақта жансыз заттар мен қатар жанды заттарды да бейнелейміз. Сондықтан жанды заттардың бәрін «зат» немесе «нәрсе» деп атай беруге болмайды. Осы әртүрлі аудармалардың ішінен жанды затқа да, жансыз затқа да қолдануға болатын нұсқаға қарап сурет салу дегенді пайдаланған дұрыс. «Изображение» - бейне, нұсқаның қағаз бетіндегі көрінісі. Әдетте қағаз бетіндегі көріністің бәрін «сурет» деп атаймыз. Шын мәнінде орындалу техникасын, орындалу мүмкіндіктеріне байланысты кескіндеме, графика, мүсін, сәндік өнер деп бірнеше түрге бөлінеді. Осы өнер түрлерінің жиынтығы «бейнелеу өнері» деп аталады. Ал «рисунок» деген терминнің баламасы «сурет» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан «искусстваны» — көркем өнер деп, кескіндеме, графика, мүсін, сәндік өнерінің шығармаларын бейнелеу өнер шығармалары деп аталған жөн.

Оқыту үдерісінде «компоновка», «композиция» деген сөздер жиі қолданылады. Компоновка - көріністің бейнесін қағаз бетіне дұрыс орналастыру. Яғни бейнені қағаз өте үлкен немесе өте кішкене болмайтындай, қағаз өлшеміне сәйкес етіп орналастыру қажет. Композиция латын сөзі үйлестіру, құрастыру деген мағынаны білдіреді. Яғни белгілі бір ойды көрініс бейнелері арқылы білдіру немесе құрастыру. Кейбір сөздер өте кең мағынаны қамтиды, оқушыларға түсіндіруге аса қиындық туғызады. «Колорит» деп аталатын термин. Колорит - картинадағы бояулар түстерінің үндестігі. Шығармадағы бояулар түстері идеялық ойды ашып көрсетуде үлкен роль атқарады. Колорит бірнеше түрлерге, типтерге бөлінеді. Сондықтан сабақ барысында мұндай сөздерді түсіндіру үшін неғұрлым оқушыларға түсінікті, қысқа мазмұнды болу жағын ойластырған жөн. Бейнелеу өнері әдебиеттерінде живопись (кескіндеме) шығармаларына байланысты «письма» жазу деген сөз қолданылады. Мысалы: в формирование колорита существенную роль играет техника живописного письма. Осы «письма» деп аталатын сөзді қазақ тілінде «салу» деген сөз «тіршілік және жазу», тіршіліктегідей етіп жазу деген мағынаны білдіреді. Живопись қазақ тілінде «кескіндеме» деп аударылған. Бұл кескіндеме жұмысын орындағанда шығармашылық және логикалық ойлауымыз қажет. Сондықтан «салу» дегенге қарағанда живопись жұмыстарын «жазу» деп атау орынды.

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТЕРМИНДЕРІН ЖАСАУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясын ретке келтіру және талдау жасау барысында қазақ тілінің спецификалық ерекшеліктерін және бейнелеу өнерінің терминологиясының жалпы принциптерінен туындайтын мынадай принциптерді басшылыққа алу қажет:

1. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінен терминдерін жасауға қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалану. Кейбір жағдайда термин жасауда қазақ тілінің мүмкіндігі ақырына дейін пайдаланылмайды. Орыс тіліндегі бір сөзді қазақ тіліндегі бір сөзбен жеткізу қиын. Сондықтан екі сөзді сызықша арқылы қосып жазу қажет. Мысалы мольберт - мосы ағаш, бюст-кеуде, мүсін, светотень-жарық пен көлеңке, блик-жылтырақ, дақ т.б.

2. Орыс тіліне аударма жасалмай алынған интернационалдық терминдерді қазақ тіліне де орыс орфографиясына сәйкес аудармасыз алу қажет. Мысалы: акварель, ассиметрия, витраж, галерея, гармония, гравюра, декоратор, декорация, колорит, марина, мозайка, офорт, панно, пастель, пейзаж, симметрия, статуя, фактура, фон, эстамп, экстерьер, этюд.

3. Кейде орыс тіліндегі терминдеріне лайықты балама табылмаған жағдайда, жасандылық пен құрама сияқты қазақ тіліне қарсы элементті жасамай-ақ сол терминді аудармасыз алу қажет. Мысалы: автопортрет, жанр, картина, ксилография, линогравюра, литография, натурщик, обелиск, плакат, транспортант, эмблема.

4. Терминдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударуда мүмкіндігіне қарай, терминнің орыс тіліндегі ішкі формасын сақтау қажет. Мысалы: «орнамент» деген орыс тіліндегі термин тек қана ою деген ұғымды білдіреді. Ал бұл ұғым қазақ тіліне ою-өрнек деп аударылып жүр. Шын мәнінде бұл «орнамент» деген терминді қазақ тіліне ою деп аударма жасау қажет. «Өрнек» деген ұғымның мағынасы орыс тілінде «узор» деп аталып жүр. Сондықтан ою деген мен өрнек дегеннің мағыналарын шатастырмау орынды.

5. Терминдермен шығарманың аттарын тура мағынасында ғана емес, мазмұнына сәйкес аударма жасау қажет. Мысалы: рельеф-бедер, горельеф-биік бедер, барельеф-аласа бедер, компановка-орналастыру.

6. Қолдану принципі. Бейнелеу өнерінің терминологиясын ретке келтіру барысында қолдану дәрежесіне байланысты, кейбір терминдерді сол қолданып жүрген қалпында қалдыру қажет. Қолдану барысында түбірі бекіген кең көлемде таралған терминді белгілі дәрежеде кемшіліктері болса да ауыстыруға болмайды, оны бұрынғы қалпында қалдыру қажет. Себебі мұндай жағдай бір мағынада екі терминнің болуына әкеп соғады. Бейнелеу өнерінің белгілі түсінігі үшін тек қана бір термин болу қажет. Сондықтан терминологиялық талдаулар жасау үдерісінде терминдердің қолдану дәрежесіне дұрыс көңіл бөлу керек. Мысалы: «Живопись» деген термин қазақ энциклопедиясында «кескіндеме» деп аударылған. Бірақ тәжірибеде кескіндеме дегенге қарағанда «живопись» деген термин өте жиі қолданылады. Бұрыннан түбірі бекіп, кең көлемде қолданылып келген

термин десек «живопись» терминін қолдану қажет. Егер терминнің кең көлемде қолданысқа түскен аудармасын алу керек десек «кескіндеме» терминін алу қажет. Біз «кескіндеме» деген терминнің мағынасы «тіршілік» және «жазу» деген ұғымды білдіреді. Шын мәнінде «тірі жазу» дегенмен «кескіндеме» дегенге қарағанда кең түрде қолданылып жүрген «живопись» терминін алу керек деп ойлаймыз. Бұл принциптерді біз орысша - қазақша бейнелеу өнерінің терминдерінің түсіндірме сөздігі жасау барысында қолдандық.

Бейнелеу өнер терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігін жасау барысында мысалдар келтіру немесе салыстырулар арқылы түсінік беру мәселесін шешуге ұмтылдық. Терминдердің жүйелі түрде баяндалуын, бір ұғымның екі рет қайталанбауын ескердік және бір ұғымда бірнеше терминнің болуына жол берілген жоқ. Сөздік жиі қолданылатын термин сөздерден құралған. Негізінен бұл терминдер мектеп бағдарламасына лайықтап алынды. Жиі қолданылатын термин сөздерді табу үшін 2, 3, 4, 5, 6 сыныптардың бейнелеу өнері пәнінің оқулықтарына, оқу, бағдарламасына және қазақ тіліндегі кейбір әдістемелік нұсқаулар мен жеке мақалаларға лингвистикалық талдаулар жасалды.

Бейнелеу өнері пәнін оқыту басқа пәндермен де байланысты. Сондықтан бейнелеу өнері терминдерінің басқа сабақтарда қолданылу жайын білу мақсатында, бастауыш сыныптардың барлық оқулықтарына (әліппе, математика, орыс тілі, дүниетану), балалар әдебиеттерінде лингвистикалық талдаулар жасалды. Бұл талдаулар бейнелеу өнерінің жиі қолданылатын терминдерін табуға мүмкіндік туғызады. Онымен бейнелеу өнерінің терминдерінің қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігін жасауға, бейнелеу өнерін терминдерін аудару, терминдерді жасау принциптерімен қатар, лингвистикалық талдаулар жақсы нәтиже берді.

Археологиялық материалдарға қарағанда ою-өрнек түрлерінің жалпы қолөнердің атаулары өте ерте кездерден басталған. Себебі зат болған соң оның атауы болады. Қазақстан территориясын мекендеген тайпалардың өзіне тән қолөнері болған. Бұлардан кейінгі сақтар заманында бұл өнер мұралары онан әрі дамытылды. Олар тұрмыста қолданылатын заттарды әшекейлеп, сәндеп, безендірумен қатар өздерінің өмір тұрмысына байланысты суреттер андармен жануарларды суретін түрлі тұтыну заттарының немесе тау жұрттарының беттеріне бейнелеген. Бұл суреттерден сақтардың діни түсініктерін, табиғат күштерін құдірет тұтқандығын байқауға болады. Сақтардың мәдениетін үйсін, қаңлы, албан т.б. тайпалары жалғастырды. Бұлардан алтыннан, мыстан жасалған бұйымдарда өрнектермен қатар жануарлардың, құстардың суреттері кездеседі. Осы кезден бастап қолөнердің бірнеше түрлері пайда болуымен қатар олардың атаулары да пайда болды.

Онан бері қарайғы уақытта XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақ халқының қолөнері ішінде «киіз үйдің сүйегін жасау», «өрмек тоқу», «ағаш төсек жасау», «ағаш өрнектеу», «кесте тігу», «киіз басу» сияқты қолөнердің түрлері дами түсті. Осы істердің атаулары шыға бастады. Бұл

кезенде жастарға арнап «ер тұрман мен белдік», қыз-келіншектерге арнап «сәукеле», «шашбау», «білезік», «сырға» жасап оларды түрлі-түсті әшекейлермен өрнектеу аса қарқынмен дами түсті.

Қазақ халқының қолөнері халық тұрмысында жиі қолданатын «өру», «тілу», «тоқу», «мүсіндеу», «құрастыру», «бейнелеу» сияқты түрлерге бөлінеді. Бұл өнердің түрлерін зерттеу XIX ғасырдың алғашқы жылдарынан басталады. Өткен ғасырдың 80 жылдарынан бастап кеңес ғалымдары В.В. Стасовтың, Ф.К.Давидовтың орыс қолөнері туралы зерттеулері, 1906-1948 жылдар аралығында А.А.Боголюбовтың, В.Чепелевтің, А.Н. Берштайнның Орта Азия халықтары туралы зерттеулері жарық көрді. XX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап қазірге дейін қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, К.Ақышев, Т.Бәсенов, С.Касиманов, Е.Тәжімұратов, Ө.Жәнібеков, М.Мұқановтар зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Бұл еңбектерде терминология мәселелері арнайы қаралмағанмен қолөнерге байланысты кейбір терминдерге талдау жасамасада, ою-өрнектердің сәулет өнерінде қолдануы, үй тұрмысында қолданатын қолөнер бұйымдарын жасау ерекшеліктеріне талдаулар жасалған. Ою-өрнектер халықтың тұрмысымен өте тығыз байланысты дамығандығын көрсетеді. Ою-өрнек деген ұғым өте ерте кезде пайда болды. Ол әсіресе халықтың қолөнеріне байланысты қалыптасып дамыды. Халықтық ою-өрнектің бірнеше түрлері болған. Бұл жөнінде қолөнер зерттеушілерінің бірі Е.Тәжімұратовтың еңбектерінде бірқатар мәліметтер берілген. Ол сонау жазу сызу шыға қоймаған ерте заманда адам өз ойын тасқа, сүйекке, ағашқа қашап түсіріп отырған. Қазіргі қолөнер саласындағы «сүйек ою өнері», «ағаш ою өнері» деген сөздер сол ерте заманда қалыптасқан ұғымдар деген ойы өте құптарлық. Демек қазақ халқының ою-өрнек өнеріне байланысты терминдерді осы тұста басталды деп айтуға болады. Халық ою-өрнектер арқылы белгілі түсініктерді символдық түрде бейнелеп оларды қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланады. Мысалы: ежелгі жартастардағы бейнелерде аң аулау деген ұғымды садақ атып тұрған адамның көрінісін схема түрінде ою өрнектерге жақын етіп бейнелеу арқылы білдіреді. Қазақ қолөнерінде мүйіз тектес ою-өрнектер жиі кездеседі. Біріншіден, мұндай өрнектер бірнеше дәуірден бері халық қолөнеріне қолданылып қазірге дейін жеткен. Екіншіден, бұл өрнектер мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі халықтардың өмірінде кездеседі. Үшіншіден, олардың атаулары түркі тілдес халықтардың тілінде ұқсас болып келеді. Мұндай өрнектерге «қошқар мүйіз», «түйе табан», «итмұрын», «балдақ» ою-өрнектерінің элементтері жатады.

Белгілі археолог К.Ақышев «қошқар мүйіз» өрнегінің сарынын ертедегі андроновтықтардың өрнегінен көреміз, андроновтықтардың бұл өрнекпен ыдыс аяқ беттерін өрнектесе, қазақтар әр түрлі бұйымдарды безендірген. Әшекей өрнек осындай бір мәндерінің өзі де арадағы мыңдаған жылдар болып тұрған халықтардың мәдениетін байланыстырып, ортақ белгілерін айқын көрсетеді. Андроновтықтардың, қазақтардың нәсілдік сыр-сипаты андроновтықтардың негізінде қалыптасты деген тұжырымдарға да осыны айтуға болады», деп қорытындылайды. Андронов мәдениетіне

қатысты қыш ыдыстарда «ит құйрық», «балдақ» сияқты өрнектер матаға материал беттеріне салынған болуы мүмкін, бірақ мұндай материал бетіне салынған өрнекті арадағы мыңдаған жылдар біздің дәуірге жеткізген жоқ. Бұл жөнінде зерттеушісі М.Мұқанов бағалы пікірлер айтқан. Ол «өрнектер көптеген ғасырлық халықтар тарихымен бірге дамып, құрылысы жағынан өзгерумен қатар оның атауы да өзгерді, ескі терминнің орнына жаңа термин пайда болды» деп қорытындылайды. Бұрынғы тасқа, ағашқа, сүйекке салынған өрнектер келе-келе киізге, кілемге, тағы басқа тоқыма бұйымдарына, шыға салына бастады. Ою-өрнектер өмір қажетіне байланысты пайда болды. Егер андроновтықтар өрнекпен ыдыс-аяқ безендірсе, қазақтар әр түрлі бұйымдар беттерін безендірген. Яғни, «қошқар-мүйіз» өрнегімен кілем түскііз текеметтер, сандықтар мен ағаш төсектер өрнектелген.

Қазақ халқының ою-өрнектерінің формасы мен атауының көптеген халықтардың өрнектерімен ұқсастығы көп. Бұрат халқының ою-өрнектерін зерттеу нәтижесінде Б.Петри Қазақстан мен Алтайдан табылған «қошқар мүйіз» өрнегі бір бірімен ұқсас, деген қорытындыға келеді. Башқұрттың этнограф зерттеушісі Р.Г.Кузеев «қошқар мүйіз» өрнегінің атауы Оңтүстік Сибирь, Қазақстан мен Орта Азия халықтары үшін бірдей мағынаны білдіреді. Ол қазақша — «қошқар мүйіз», башқұртша – «кускар», қырғызша – «кочкар мүйіз», өзбекше – «кучарок» деп аталады. Осындай түркімен, қарақалпақ, азербайжан халықтарында ою-өрнектердің формасымен қатар атаулары ұқсас болып келеді. Әрбір тілі басқа топтар мен халықтың этикалық құрылым үдерісі, белгілі өрнектің шығуы мен мазмұнына, жаңа терминнің шығуына себеп болды.

Өнер терминологиясының дамуы өнердің дамуына тікелей байланысты. Бұл кезеңде халық ортасынан шыққан шеберлер бұрыннан келе жатқан қолөнер мұраларын жанартып отырды. Мысалы: шырақ қондырғаларының тұтқасына, құмыраның бетіне түлкінің бейнесін өрнектеп, шебердің өз ойын бұйым бетіне салып әшекейлегенін жиі кездестіреміз. Сондай-ақ зергерлік өнерінде қыз-келіншектердің тағар бұйымдарына да тірі жәндік бейнелерін құйма қалып, соқпа аспаптар арқылы бейнелеп, асқан шеберлікпен өрнектегіні айқын көрінеді. Бұлардың барлығы халық қиялындағы ертеден келе жатқан ертегілердегі бейнелер екені сөзсіз. Мұнан шығатын қорытынды ежелгі кездің өзінде халық тұрмысында бейнелеу өнері болған және ол қолөнермен өте тығыз байланысты дамып отыр. Өз таланты арқылы көркем мәдениет тарихында есімдері қалмаған шеберлер көп болған. Олардың ішінде өсімдіктерді, жануарларды және жеке көріністерді бейнелеп, мазарлардың қабырғаларына суреттер салғандары да көп. Бұл туралы А.Тережониннің еңбектерінде бірқатар мағлұматтар берілген.

Бейнелеу өнері туралы сөз қозғағанда қазақ халқының ағартушысы - Шокан Уәлиханов есіміне тоқтамауға болмайды. XIX ғасырдағы қазақ даласында Шокан Уәлиханов географ саяхатшы, этнограф, тарихшы, ағартушы болумен қатар бейнелеу өнерімен айналысқан. Ол салған суреттерін ғылыми жазбаларына қосымша материал ретінде қолданған. Ол

бейнелеу өнерін, портрет, пейзаж, тұрмыстық, анималистік жанрлары бойынша суреттер салған. Томсктегі кадет корпусында оқып жүргенде ежелгі өнер, қайта өрлеу, дәуірдің өнер тарихы мен теориясынан білім алған. Бұл оның бейнелеу өнеріне деген ынтасын арттыруға ықпал еткен. Ол көптеген суреттерін 1847-1862 жылдар аралығында салған.

Қазақ Ұлттық академиясының академигі Ә.Марғұлан, «Ш.Уәлиханов шығармалар жинағының» алғы сөзінде, «XIX ғасырдың 60 жылдарында қазақ халқының тұрмысы мен өнерін бейнелейтін Шоқан суреттері «Искра», «Русский художественный лист», «Воскресный досуг», «Всемирная иллюстрация» журналының беттерінде жиі жариялана бастады. Ама! нешік біз бұл журналдың беттерін ашып, Шоқан авторлығын дәлелдей алмай келеміз деген болатын. Бұл туралы журналист Т.Байтасов «патшалық Ресей кезінде Шоқан мұраларын назарынан қағыстау қалдырған, елі оны қазір қайта тапты. Эскиздермен қоса есептегенде біраз аяқталған шығармаларын қосып есептегенде, бізге Шоқан Уәлиханов жүзге тарта шығармалары жетіпті», дейді. Бұл сөздерді Ш.Уәлихановтың «Құлжа қаласындағы қытай чиновниктерінің қабылдауында» атты 1856 жылы салған суреттер толық дәлел болды. 1856 жылы Қытай мен Россия үкіметтері арасында сауда саттық, достық қарым-қатынас орнату мақсатында Құлжа келісіміне жіберілген орыс өкілдерінің құрамында Батыс Сібір генерал губернаторының адъютанты, поручик Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановта болған еді. Бұл суретте келісім жүріп жатқан кез бейнелеген. Топтық портреттерде Шоқан өзін де бейнелеген. Саяхатшы өзінің осы сапарындағы күнделігінде бейнеленген бұл суретте кімдер көрініс тапқанын толық жазған. Мұнымен қатар Шоқан әр түрлі жанрлар бойынша салған "Жатақ", "Қос жайран", "Ақшақар қызы" т.б. суреттері бар. Осы кезде Қазақстанда болған Украинаның ұлы ақыны Т.Г.Шевченко қазақ халқының өмірі мен тұрмысын кескіндеп жазды, графикалық суреттер салды.

Бұлардың барлығы терминдер дамуына өз әсерін тигізді. Бейнелеу өнері терминдерінің оқушыларға эстетикалық тәрбие беру ісінде, таным қабілетін дамытуда теориялық білімдерді меңгеру мен бейнелеу дағдыларын қалыптастыруда аса маңызды роль атқарады. Мектептегі бейнелеу өнерінің сабағын өткізуге байланысты қазақ тіліндегі әдебиеттер терминдерін орыс тілінен аударма жасалған әдебиеттерден, әдістемелік журналдар мен газеттерден, алып қолданылады. Енді соңғы жылдардағы баспадан шыққан әдістемелік нұсқаулар мен оқу бағдарламаларында, журналдар мен «Ежелгі дүние өнері» атты кітапта, қолданылған бейнелеу өнерінің терминдеріне талдау жасадық. Талдау барысында, бейнелеу өнері терминдерінің қолдануындағы әртүрлілік кездесетіндігі жиі байқалды. Тольғырақ айтсақ орыс тіліндегі бір терминнің орнына қазақ тіліндегі бірнеше терминдердің қолданылатындығы анықталады. Бұл жағдай бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясында бірізділік пен тұрақтылық жоқ екендігін көрсетеді. Бұл жағдай термин мағынасын жаңсақ түсінуге әкеліп соғады, оқыту үдерісіне белгілі дәрежеде қиындық туғызады. Осы орайда тіл маманы, түріктанушы, академик С.Кенесбаев «Тілдің сөз

байлығынан гөрі, дәл сөйлеу сөз тұрпатымен барабар тіл семантикасына келіп ойысады» - деген. Міне осылардың баршасы мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің ғана емес, барлық пән мұғалімдерінің алдына ерекше талап қояды.

Сондықтан бейнелеу өнерінің оқыту барысында терминдерінің, мағынасын оқушыларға жеке түсіндіру бейнелеу өнері пәнін оқытудағы жауапкершілікті арттыра түседі. Терминдерді қолданудағы әр түрлілікті жою, болдырмау жолдарын қарастыруды көздейді. Бұл әртүрлілік тек қана бейнелеу өнері төңірегінде емес, жалпы өнер тарихы саласында бар екенін байқауға болады. Бұл туралы академик жазушы Ғ.Мүсірепов «Біраздан бері жалпы мағынасында искусство дегенді өнер» деп атап келеміз. «Ана тілінде сақина білезік соғуды да өнер дейміз. Туындысы өнерші искусствоны басқа өнерлерден айырып көркемөнерге кіретін болсын, көркем әдебиет деген сияқты көркем өнердің де өзін асыл тегін білдіретін, көрсетіп тұратын атауы болған дұрыс шығар» дейді. Шын мәнінде бұл өте орынды айтылған ой. Сақина білезік соғуы, арба мен шана істеу өнері дегендердің орнына «қолөнер» деп айтқан орынды болар еді.

Осындай терминдердің мағынасының өзгеруі бейнелеу өнері саласында көптеп кездеседі. Біз күнделікті тәжірибеде қолданатын «бейнелеу өнер» деген сөздің орнына терминологиялық комитет (рисунок деген сөздің ғана) сурет деп қолдануды бекіткен. Осыған қарамастан «репродукция», «графика», «картина» терминдерінің ішкі мағынасына көңіл бөлмейді де оларды сурет деп атай береді. Сондай-ақ белгілі жазықтық бетіндегі нұсқаның көрінісінің бәрін сурет деп атаймыз.

Шын мәнінде бейнелеу өнері орындалу мүмкіндіктеріне байланысты, графика, кескіндеме, мүсін, сәндік өнер болып бірнеше түрлерге бөлінеді. Осы түрлерінің жиынтығы «бейнелеу өнері» деп кескіндеме, графика, мүсін сәндік өнер туындыларын бейнелеу өнері түрлері деп атаған жөн. Қазақ тіліндегі баспасөз беттеріндегі бейнелеу өнері пәнінің кейбір терминдерінің қолданылуында бірізділік жоқ. Мәселен бейнелеу өнерінің сабақтарының бір түрінің атауы «рисование с натуры» деп аталады. Бұл сөз тіркесі «затқа қарап отырып сурет салу» болып, «натурасына қарап сурет салу» болып, нәрсенің өзіне қарап (натура бойынша) сурет салу және «нұсқаға қарап сурет салу» болып әр түрлі айтылып жүр. Осы термин сөздер бір кітапша ішінде «натура бойынша сурет салғанда» және «нәрсенің өзіне қарап отырып салу» болып екі түрлі қолданылады. Бұл сөйлем бастауыш мектеп бағдарламасында «затқа қарап сурет салу» болып аударылған. Ал кейде тәжірибеде «тұлғаға қарап сурет салу» деп қолданылады.

Сабақ барысында «натура» деген термин бейнеленетін нысанды білдіреді. Ал «изображение» - бейне яғни, нұсқаның қағаз бетіндегі көрінісі. Негізінде натураны нұсқа деп аудару орынды сияқты. Затқа, нәрсеге қарап сурет салу деген сөз жансыз объектіге қатысты айтылады да, тұлға жанды объектіге қатысты айтылады. Біз сабақта жанды заттармен қатар жансыз заттарды да бейнелейміз. Сондықтан осы аудармалардың ішінен «нұсқа» деген сөзді жанды объектіні бейнелеуге байланысты да, жансыз бейнелеуге

байланысты да қолдануға болады. Сондықтан бейнелеу сабақтарының ішінде мұндай сабақты «нұсқаға қарап сурет салу» деп атау орынды.

Көркем үйірмелер өткізу жөніндегі мектептен тыс мекемелерге жалпы білім беретін мектептерге арналған бағдарламалар жинағында «длительный рисунок» деген сөз тіркесі әр түрлі аударылған. Мысалы: «суретке ұзақ салу», «созылыңқы сурет», «созылмалы», «ұзақ отырып сурет салу» деп әртүрлі қолданылған. Бұл аудармалардың мағынасы «длительный рисунок» деген сөздің мағынасымен сәйкес келмейді. Сондықтан бұл сөзге «ұзақ салынатын сурет» деп мағынасына сәйкес аударма жасау қажет.

Сондай-ақ «декоративно-прикладное искусство» деген терминнің баламасы «сәндік қолданбалы өнер» деп аталады. «Декоративный» деген терминге «сәндік» деп қазақ тілінде орынды балама жасалған. Бірақ осыған қарамастан кейде «қолтаңбалы өнер» деп те қолданылады. Сондықтан мұндай әртүрліліктерді болдырмау қажеттігі туындайды. «Изображение» мен «образ» деген терминдердің қазақ тіліндегі қолданылуында бір бірімен көп шатастырады. Мысалы: Абай бейнесі т.б. Шын мәніндегі «изображение» дегеніміз нұсқаның қағаз бетіндегі бейнелеу мүмкіндіктері арқылы салынған көрінісі. Ал образ дегеніміз белгілі кейіпкердің жан дүниесін, көркем бейнесі, Жалпы бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясы бойынша мұндай мысалдарды көптен келтіруге болады.

Жалпы термин дегеніміз белгілі бір ұғым білдіретін сөз. Қазіргі кезге дейін бейнелеу өнері бойынша белгілі бір ұғымды білдіретін бірақ терминологиялық жүйеге кірмеген іс жүзінде қолданылып жүрген терминдер көп. Қазақтың әдеби тілі өте бай, сөз қоры көп бір сөздің бірнеше баламалары болуы мүмкін. Бірақ бұл баламалардың бәрі белгілі бір ұғымда білдіретін термин бола алмайды. Сондықтан осылардың ішінен біреуін ғана алу қажет. Яғни бір сөзбен балама табу керек. Мысалы: «компоновка» терминінің мағынасы, нұсқа көрінісін қағаз бетіне дұрыс орналастыру деген сөз. Бұл мағынаны қысқаша «орналастыру» деп термин ретінде алу қажет.

Көптеген термин сөздері мағынасына қарай өнер шығармаларының композициялық құрылысын талдап түсіндіруде қолданады. Кейбір әдебиеттерде «передний план», «средний план», «дальний план» деген сөздер орыс тіліндегі әдебиеттерден әр түрлі аударылған. «Ірі планда», «бірінші планда», «алдыңғы планда» деп әр түрлі аударма жасалған. Сөз тіркестерінің бұлайша аударылуы сөздерді мағынасын толық ашпайды. Сондықтан бұл сөздерді мағынасы жанынан сәйкес келетін «алдыңғы көрініс», «орталық көрініс», «ұзақтағы көрініс» деп алу орынды болар еді.

Бейнелеу өнерінің орыс тіліндегі әдебиеттерінде живопись шығармаларына байланысты «письма» деген сөз қолданылады. Осы письмо (жазу) деп аталатын сөзді қазақ тілінде «салу» деген мағынада қолданамыз. Кейбір жағдайда бұл сөз «бояу» деген мағынада аударылған. Мысалы: «Сурет салуға, сызуға үйрету» деген кітапта «акварельмен жазу» деп аударудың орнына, «акварельмен жаққан бояу», «акварельмен бояу» деп қолданылған. Шын мәнінде живопись деген сөз «тіршілік және жазу» деген ұғымды береді. Біз живопись жұмысын орындағанда шығармашылық және

логикалық ойлануымыз қажет. Сондықтан «салу» дегенге қарағанда живопистік жұмыстарды «жазу» деп атау орынды. Мысалы: Живопись жұмыстарын жазу үшін, живопистік сауат керек т.б. Сондықтан да «Салу деген» сөзді тек қана графикалық жұмыстарды орындауға байланысты қолдану қажет. Ал кескіндемеге байланысты жазу деген сөзді қолдану орынды.

«Античное искусство» термині қазақ тіліне «Көне өнер», «Ежелгі дүние өнері» болып аударылып, кейде тәжірибеде «Антикалық өнер» деп қолданылып жүр. Бұлардың ішінде «Ежелгі дүние өнері» деген аудармасы орынды. Себебі ежелгі дүние тарихи деген ұғым бізге бұрыннан яғни тарих сабағынан да таныс. Осы сияқты «Построение» деген сөз тәжірибеде термин ретінде жиі қолданылады, бірақ мұны аударуға мүмкіндік болса да аудармай сол күйінде алып жүрміз. Шын мәнінде бұл нұсқа көрінісінің қағаз бетіндегі бейнесін құрастыру деген ұғымды білдіреді. Сондықтан мұны «Құрастыру» деп алған орынды.

Қазақ тіліндегі бейнелеу өнері әдебиеттеріне ішінде белгілі терминнің екі тілдегі бірдей атауы қатар қолданылады. Бірінші қазақ тіліндегі атауы онан соң жақша ішіндегі орысша атауы немесе осыған керісінше бірінші орыс тілінде атауы, мұнан соң жақша ішінде қазақша атауы беріледі. Мысалы: кескіндеме (живопись), немесе живопись (кескіндеме) скульптура (мүсін) немесе мүсін (скульптура), сәулет өнері (архитектура), немесе архитектура (сәулет өнері) т.б. Мұнан терминдердің қазірге дейін тұрақтылығы жоқ деп қорытынды шығаруға болады.

Көптеген терминдердің қазақ тіліндегі анықтамалары жасалған жоқ. Бұл сәндік өнер терминдеріне қатысы бар. Көптеген терминдердің қазақ тіліне аударып қолдануға мүмкіндік болса да бұл мүмкіндік іске аспай жүр. Мысалы: «Горельеф», «Барельеф», «Рельеф» деген терминдер. Бұларды жана терминдермен толық ауыстырауға болады. Кейбір бейнелеу өнерінің шығармалары атауы тура сөзбе-сөз аударылып жүр. Дұрысында мұны мағынасына сай аударма жасау қажет. Мысалы: «Блужник оружие пролетариата», «Қара тас пролетариат қаруы», «Мамаев курган» - «Мамаев қорғаны», «Родина - мать зовет» - «Отан ана шақырады» т.б.

Көптеген қиындық жағдайлар бейнелеу өнерін оқыту барысында көп кездеседі. Оларды төмендегідей бағыттарға бөлуге болады. Қазіргі кезде бейнелеу өнерін оқытуға арналған әдістемелік құралдар аз. Бұл оқу үдерісінде елеулі кемшіліктер әкеліп, кедергі жасайды. Бейнелеу өнерін оқыту үдерісінде терминдерді оқытудың белгілі анықталған жүйесі жоқ. Оқыту бағдарламасында негізінен тақырыптар оқытудың мақсаты мен міндеттері берілген. Қай терминді алдымен қайсысын кейін үйрету анықталмаған, оқушылар жиі қолданылатын терминдердің өзін толық мағынасын білмейді, терминнің қандай ұғымды білдіретіндігін айтып жеткізуге қиналады. Осы кезге дейін бейнелеу өнерін оқыту мен үйрету жайында әдістемелік нұсқаулар мен талдаулар өте аз. Жалпы терминдерді ретке келтіру мектеп көлемінде де шешілген жоқ. Педагогикалық жоғарғы

оқу, орындарындағы көркем сурет факультеттерінде, педагогикалық үдерісінде орыс тіліндегі термин сөздерді пайдаланады. Студенттердің сөздік қоры орыс тіліндегі терминдермен толығады. Сондықтан қазақ мектептерінде сабақ беруге келен жас мамандардың оқушыларға термин сөздерді түсіндіру үшін өзінше аударып қолдануға тура келеді. Осыдан келіп әр мұғалімнің аудармасы әр түрлі болып шығады. Осы сияқты жоғарғы оқу орнында оқытушысы да студентке әрқайсысы өз терминдерін қолдануы арқылы олардың ретсіздігін көбейтеді, әр түрлілігін арттырады.

Бұл деректерден мынадай қортынды шығаруға болады: сурет маманы емес аудармашыларының жасаған аудармаларында терминнің ішкі формасын сақтау принципі бұзылады; белгілі бір ұғымда бірнеше атаулар қолданылады; бейнелеу өнері терминдерінің қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігі жоқ болу себепті қолдануда әртүрлілік пайда болады; синонимдік терминдері оқыту тәжірибеде көп жансақтық туғызады; қазақ тіліндегі бейнелеу өнері терминдері әлі де болса бірізділік жоқ; бейнелеу өнерін оқыту сферасындағы адамдардың саны өскен сайын бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдердің әртүрлілігі көбейіп келеді. Сондықтан қазіргі кездегі бейнелеу өнерін қазақ тіліндегі терминологиясының ең көкейкесті мәселелері мыналар: бейнелеу өнері терминдерін орыс тілінен қазақ тіліне аудару принциптерін жасау; бейнелеу өнері терминдерін жасалу принциптерінің шығару; бейнелеу өнерін қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігін жасау; бейнелеу өнері терминдерін оқытудың әдістерін жасау болып табылады.

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ШЕТ ТІЛІНІҢ ОРНЫ

Бейнелеу өнерін қазақ тіліндегі терминологиясы орыс тілінің бейнелеу өнері терминологиясының тікелей игі әсерімен қалыптасып дамыды. Даму ерекшелігіне байланысты бейнелеу өнерін қазақ тіліндегі терминологиясы революцияға дейінгі және революциядан кейінгі болып бөлінеді. Қазан революциясынан кейін қазақ бейнелеу өнерін дамуына еркін жол ашылды. Бейнелеу өнерін түрлері мен әрбір жанры бойынша маман суретшілер, өнер зерттеушілері, суретші - педагогтар өсіп жетілді. Газет, журналдармен, кітаптар орыс тілінде шығарылады. Қазіргі кезде газет журналдар мен қоғамдық-саяси, оқу педагогикалық және көркем әдебиеттер, ғылым-техника өнердің әрбір салалары бойынша әдебиеттер ана тілінде оқытылды. Мұндай мүмкіндіктер саяси-қоғамдық, ғылыми -техникалық терминдердің дамуымен қатар бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының дамуына жол ашты. Бұл үдерісте орыс тілі ерекше роль атқарады. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясын құрайтын терминдер орыс тілінің негізінде жасалады. «Живопись», «картина», «тон» сияқты бірқатар терминдер орыс тілінен аудармасыз алынды, көптеген терминдер орыс тілінен қазақ тіліне

аударма жасау арқылы өтті. Мысалы: рисунок-сурет, изображения-бейне, скульптура-мүсін, орнамент-ою-өрнек т.б. Ғасырлар бойы орыс тілінде қолданылып келген халықаралық терминдер «колорит», «этюд», «композиция», «гармония» терминдері аудармасыз сол күйінде орыс тілінен алынды.

Бейнелеу өнерінің орыс тіліндегі терминологиясы негізінен XVII және XX ғасырларда тұрақтандырылып, жүйеге келтірілді. Бірінші рет сурет жалпы білім беретін пән ретінде — 1715 жылы Теңіз академиясының оқу пәні ретінде қосылды. 1834 жылы орыс суретшісі А.П.Сапожниковтың «Курс рисования» деп аталатын оқулығы алғаш рет жалпы білім беретін оқу орындарына арнап шығарылды.

1844 жылы атақты педагог Песталоцкийдің шәкірті Г.А.Гиппиус «Очерки теория рисования как общего учебного предмета» деген бейнелеу негіздері және тәжірибе білімдерінен тұратын кітабын жазды. Ол кітапты негізге ала отырып 1804 жылдан сурет барлық уездік училищелермен гимназияларға енгізілді. 1925 жылы құрылған техникалық сурет салу училищесінен сурет мұғалімдерін даярлайтын бөлім ашылған. Бейнелеу өнері терминдерінің қалыптасуында он тоғызыншы ғасырдағы Көркем сурет академиясының алдыңғы қатарлы суретшілері Н.Н.Ге, И.Н.Крамский, П.П.Чистяковтардың үлесі зор болған. Бұл кезде оқулық суреттерді зерттеуге сурет мұғалімімен қатар, суретшілер, өнер зерттеушілер, психологтар, педагогтар, социологтар, тарихшылар қатыса бастады.

Шын мәнінде сурет жайлы ғылыми таңдаулар кеңес өкіметі кезеңінде жүзеге асты. Кеңес сурет әдістемесі саласындағы суретші - педагогтардың ішінде Д.Н.Кардовский (1866-1943) және К.Ф. Юонды (1875-1958) ерекше атау қажет. Олар реалдық сурет салу жолдарын жақтады. Нұсқаға қарап сурет салудың негізін салды. Көркем - сурет факультетін ашу жөніндегі инициаторлардың бірі болды. 1942 жылы Москва педагогикалық институтынан көркем — сурет және графика факультеті ашылды. Бейнелеу терминдерінің дамуына суретші К.Ф.Юон елеулі үлес қосты. Ол сурет мектебінде бейнелеу әдістемесіне ерекше көңіл бөлді. Өнер туралы бірнеше кітаптар жазды.

Бейнелеу өнерінің орыс тіліндегі терминологиясының қалыптасуына 1947 жылы қайтадан ұйымдастырылған КСРО Көркем - сурет академиясының, 1943 жылы құрылған РСФСР Педагогика ғылымдары академиясы көп ықпал етті. 1950-1960 жылдары жүргізілген бір қатар ғылыми - зерттеу жұмыстары жалпы білім беретін мектептердегі бейнелеу өнері терминдерінің мәселелерін шешуге көп көмегін тигізді. Мектептегі әдістемелік жұмыстарды ретке келтіру мақсатында сурет бойынша арнаулы оқулықтар жасау идеясы туды. Бұған дейін Россия болсын шет елдерде болсын мұндай оқулықтар болған жоқ. Педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор Н.Н.Ростовцевтің бірінші және екінші сыныптарға арналған байқау оқулығы 1957 жылы, ал үшінші, төртінші сыныптарға арналған оқулығы 1961 жылы жарыққа шықты. Сонымен қатар

оларға қосымша әдістемелік нұсқаулар шығарылды. Бұл оқулықтар бейнелеу өнері терминдерінің дамуына ерксше ықпал етті.

1963-1970 жылдары арасында В.В.Колоколниковтың, Е.Е. Рожкова мен В.И. Херсонскаяның екінші сынып оқушыларына арналған оқулықтары, 1967 жылдардан бастап С.А.Федров пен М.Н.Семенованың бесінші сыныпқа арналған, Е.Е.Рожкова мен Л.Л.Моноедтің алтыншы сыныпқа, С.А.Федоров пен М.Н.Семенованың төртінші сыныпқа арналған оқулықтары жарыққа шықты. Бұл оқулықтардың бұдан бұрынғы оқулықтардан айырмашылығы балаларды өмірдегі шындық пен реалдық формаларды бейнелеуге негізделді.

Бейнелеу өнерінің терминдерінің қалыптасып дамуында эстетикалық тәрбие беру ісін зерттеудің ғылыми - әдістемелік орталығы болып табылатын Көркемдік тәрбиенің ғылыми зерттеу институтының, РСФСР Оқу министрлігі жанындағы бейнелеу өнерінің лабораториясының, көркем-сурет факультетінің оқытушыларының қызметтерін ерекше атауға болады. Эстетикалық тәрбие берудің міндеттерінің ұлғаюына байланысты бұрынғы сурет пәні жаңадан «бейнелеу өнері» пәні деп өзгертілді.

Бейнелеу өнері терминологиясын жасауда алдыңғы қатарлы кеңес сурет мектебінің белгілі педагогтары Н.Н.Ростовцев, В.С.Кузин, Е.В.Шорохов, Т.Я.Шпикалова, Г.Беда, В.Смирнов, А.Серовтардың еңбектері әлемдік масштабта алдыңғы қатарлы орын алады. Бейнелеу өнерінің орыс тіліндегі терминологиясының жүйесі кеңестік ұлттық республикалардағы көркемдік білім беру орындарының жұмысына, оның ішінде қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының дамуына игі әсерін тигізді. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиялық жүйенің қалыптасуында 1964 жылы орыс тілінде шыққан «Бейнелеу өнерінің терминдерінің қысқаша сөздігінің» ролі зор болады. Бұл сөздік біріншіден кең қолданысқа түсуімен ерекшеленсе, екіншіден бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдерінің пайда болуына ықпал етті. Жалпы қазақ тілінің бөлігінің бірі болып табылатын қазақ тіліндегі терминологиясының қалыптасуымен дамуында Қазақстанға тұрақты жұмысқа келген орыс ғалымдары мен мамандарының тікелей жәрдемі болды. Бейнелеу өнерінің терминологиясын республикада тарату мен дамыту ісінде Қазақстан өнеріне еңбек сіңірген қайраткерлер Н.Г.Хлудовтың, А.С.Пономаревтің, А.М.Черкасскийдің үлесі зор. Көптеген жылдар бойы Абай атындағы Қазақ педагогика институты, Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесі ғылыми — педагогикалық жұмыстар жүргізуі ғылыми - педагогикалық кадрлар мен сурет пен сызу пәннің мұғалімдерін даярлауда негізгі орталық болып табылады.

Қорыта айтқанда қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының негізінен мынандай жолдармен жасалады:

1. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының кейбір терминдері орыс тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының үлгісіне сәйкес аударма арқылы алынды.

2. Орыс тілінің базасында жасалған бірқатар бейнелеу өнерінің терминдері қазақ тіліне аудармасыз өтті.

3. Қазіргі кездегі қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің кейбір терминдері толығымен орыс тілі арқылы өтті.

4. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясы орыс тіліндегі бейнелеу өнерінің бағыт беруші әсерімен дамыды және бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясы халықаралық масштабтағы терминологиялық жүйенің міндеттерінен туындайтын талаптарын қанағаттандырады.

5. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының көлөнерге байланысты терминдері ана-тілінің негізінде жасалады.

Сонымен қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының қалыптасуы мен дамуында орыс тілі жетекші роль атқарды.

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясы Қазақстандағы басқа терминологиялар сияқты, өзінің дамуында негізінен үш кезеңнен өтті. Бірінші кезең 1920-1933 жылдары аралығы. Бұл кезең Қазақстанның Россия федерациясындағы Қазақ автономиялық республика болып құрылу кезеңі. Алғашқы бұл кезеңде Қазақстанда сурет мамандығына үйрететін ешбір оқу орны болған жоқ. 1920 жылдардан кейін Николай Гаврилович Хлудовтың (1850-1935) жеке шеберханасы болды. Ол сурет салумен қатар балаларды бейнелеу өнеріне баулыды. 1920 жылы көркемсурет шеберханасы ұйымдастырылды. Бұл шеберхана алғашқы суретші кадрларын даярлауда үлкен роль атқарды. Суретшілерді даярлауда Қазақстан өнеріне еңбек сіңірген қайраткер А.С.Пономаревте көп еңбек сіңірді.

Екінші кезең 1935-1945 жылдар аралығындағы социализмнің құрылысы кезеңі. Қазақстанның одақтық республика болып құрылуы және Ұлы Отан соғысы жылдары болып табылады. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының қалыптасуында 1935 ұйымдастырыла бастап, 1937 жылы ашылған Т.Г.Шевченко атындағы қазақтың мемлекеттік көркемсурет галериясының игі әсерімен ерекшеленді. Бұл сол кездегі бейнелеу өнері білімдерін таратудағы маңызды орталықтың бірі болды. Осы галерия туралы, суретшілер шығармашылығы туралы, өнер туралы алғашқы рет «Казахстанская правда» газетінің беттерінде мақалалар жариялана бастады. (Казахстанская правда от 24 от 5 июля 1934 г.) 1938 жылы Қазақстанда театралдың көркем сурет училищесі ашылды. Училищеде көптеген жылдар бойы профессор А.М.Черкасский, Л.П.Леонтьев, В.В.Голубович сияқты тәжірибелі бейнелеу өнері шеберлері еңбек етті. Бұлардың бәрі Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңдегі бейнелеу өнерінің терминологиясының дамуына зор үлес қосты.

Үшінші кезең - 1946 жылдан 1991 жылға дейінгі кезең. Өнер терминологиясының дамуы өнердің дамуына тікелей байланысты. Бейнелеу өнерінің шеберлігі мен олардың шығармашылығы туралы Е.Виндаровская, Е.Г.Микульская, Д.Чебатовтар өнертанымдық зерттеу жұмыстарын жүргізе

бастады. Осы кезеңде республикалық «Казахстанская правда» газетінің беттерінде өнерді насихаттайтын бір қатар мақалалар жариялана бастады. 1957 жылы Москва қаласында Қазақстан әдебиеті мен өнерінің онкүндігі болды. Осыған байланысты өнер туралы А.Членовтің, Н.Черкасов, И.Кучистердің зерттеулері кеңес одағы және республика көлеміндегі баспасөздер беттерінде жарық көрді. Осы кезде халықтың колөнерін, ою-өрнектің сәулеттік құрылыстармен байланысты мәселелер қарастырылған Т.К.Бәсеновтың кітабында колөнерге қатысты терминологиялық мәселелер қаралған. А.Канапин мен Л.Варшавскийдің еңбектерінде Қазақстан көркем өнері және оның ішіндегі бейнелеу өнерінің қалыптасуы, даму бағыттарын қалыптастырған. Бұл жұмыстардағы талдаулардан қазақ бейнелеу өнерінің осы кезеңде қандай дәрежеде болғандығына және ол кезеңдегі терминдердің қолданысында орыс тіліндегі сөз қолданыстарының мол болғандығына көз жеткізуге болады. Бұл кезеңдердегі Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі А.Х.Маргулан мен М.М.Мендікуловтардың сәулет өнері мен колөнерге байланысты еңбектері көркемдік кәсіби шығармашылық мәселелеріне қатысты терминдер қолданыста болғандығын көруге болады. Бұл кезде қазақ халқының ою-өрнектерін зерттеумен Е.Г.Микульская, К.Ходжиковтар айналыса бастады.

1970 жылдардан бастап алғашқы рет қазақ тілінде Е.Вандаровскаяның, К.Ақышевтың, С.Қасимановтың бейнелеу өнері мен сәндік қолданбалы өнерге қатысты кітаптары жарық көрді. Б.Матюшенко, И.Шедров, Н.Правдиндердің сурет салуды оқыту әдістемесіне байланысты мәселелерді қамтитын еңбек баспадан шықты. Бұлардың бәріне де бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі сурет, кескіндеме, композиция, сәндік қолданбалы өнер, мүсін сияқты бірқатар жиі қолданыстағы терминдерін кездестіруге болады. Бұл еңбектерде термин сөздер сөз арасында белгілі ойды білдіру мақсатында қолданылған, бірақ жеке түсіндірмесі немесе орысша-қазақша сөздігі беріліп олардың толық түсініктемесін анықтау мақсат етілмеген.

1980 жылдардан бастап, көптеген ғылыми-педагогикалық кітаптармен қатар, альбомдар, сурет әдістемесіне байланысты әдебиеттер жеке суретшілер туралы монографиялар қазақ тілінде жарық көре бастады. Осыған орай қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминдері де көбейіп дами түсті. Осы кезде шығарылған "Қазақ халқының сәндік ою-өрнектері" деген альбомдар бірқатар ою-өрнекке байланысты қазақша атаулар дұрыс берілгендігін айту орынды. 1972 жылы орыс тіліндегі Г.Сарыкулова, И.Рыбакова, М.Габитовалардың еңбектерінде қазақ суретшілерінің шығармашылық еңбектері туралы материалдардан дұрыс қолданыс тапқан бірқатар терминдерді кездестіруге болады.

1973 жылы Е.Вандаровскаяның «К.Тельжанов» атты монографиясы жарық көрді. 1974 жылы «Қазақ ССР-інің бейнелеу өнері» атты альбом қазақ орыс, ағылшын тіліндегі алғысөзбен "Советский художник" баспасынан шықты. Суретшілер Н.Нұрмахамбетов, А.Ғылымбаевалардың өмірі мен шығармашылық қызметі туралы жеке кітаптар қазақ бейнелеу өнерін зерттеуге қосылған қомақты үлес болумен қатар бейнелеу өнерінің

терминдерін мағынасына сай қолданған жазбалар түрінде танылды. Осыған орай қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминдері де көбейіп дами түсті. Осы кезде жарыққа шығарылған «Қазақ халқының сәндік ою-өрнектері» деген альбомда бірқатар ою-өрнекке байланысты қазақша атаулар жүйесі берілген. 1972 жылы орыс тіліндегі Г.Сарыкулова, И.Рыбакова, М.Габитовалардың авторлық бірлестігінде жазылған еңбектерінде суретшілер, графиктер мен мүсіншілер шығармашылықтары туралы материалдардан бірқатар терминдердің дұрыс қолданыс тапқанын айту орынды. Мұнан соң республика көлемінде шыққан еңбектерді зерттеу барысында көптеген термин сөздерді кездестірдік, жасау жолдарын байқадық. «Қазақстан» баспасында жарық көрген Ә.Тәжімұратовтың «Шебердің қолы ортақ» атты еңбегінде колөнерге байланысты көптеген қазақша терминдер негізінен ана тілде жасалған. Бейнелеу өнерінің шығуына байланысты көптеген терминдерге түсіндірмесін «Мектеп» баспасынан шыққан оқу бағдарламалары мен әдістемелік көмекші құралдардан кездестіруге болады. Қазақстанның халық суретшісі, өнертану ғылымының кандидаты Н.Нұрмұхамедовтың «Қазақ ССР графикасы» атты еңбегі, қазақстандағы графика саласының дамуы мен өнер шеберлерінің жұмыстарына талдау жасалып, жүзге жуық шығармалардың репродукциялары мен суретші — графиктердің қысқаша өмірбаяны туралы мәліметтер берілген. Л.Любимовтың «Ежелгі дүние өнері» атты оқу кітабын қазақ тіліне Б.Мусин, П.Бейсенов, К.Қасымбековтер аударды. Бір қатар суретшілердің өмірі мен шығармашылығы жеке атаулар мен түсініктер жайындағы мәліметтер Қазақ ССР Энциклопедиясында берілген. Кейбір бейнелеу өнерінің терминдерін орысша-қазақша сөздіктерден көруге болады.

1980 жылдарда бейнелеу өнерін халық арасында насихаттауға, тәрбие беруге көп көңіл бөлінді, бейнелеу өнерін қазақ тілінде оқыту туралы бір қатар нұсқаулар мен талдаулар жарық көрді. Бұлардың бәрі бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының қалыптасуына игі ықпал тигізеді. Анықтамасы берілмесе де көптеген терминдерді республикалық журналдарда жарияланған материалдарды зерттеу барында терминдердің дұрыс аудармасы жасалғаны анықталды. Мысалы «апликация» - «құрау», «гобелен» - «тоқыма - сурет» т.б. өте орынды аударылған. 1971 жылдардан бастап баспасөз беттерінде бейнелеу өнерінің әдістемелік мәселелерін қарастыратын көптеген мақалалар жарияланып тұрды. Бұл істер оқу үдерісіне игі әсерін тигізді. Сол кездегі Абай атындағы педагогика институтының аға оқытушысы Х.И.Кан бір қатар бейнелеу өнері сабақтарының талдауларын жасау арқылы, тақырыптық сурет салу, түйетабан өрнегін сурет сабағында пайдалану, іс жүзінде қолданылатын өнер мен бейнелеу өнері бойынша әңгіме сабақ өткізу жолдарын көрсететін мақалалар жариялады. Сол кездегі осы институттың аға оқытушысы болған Ж.Балкенов ою-өрнектерді оқыту барысында эстетикалық тәрбие беру, бейнелеу өнері сабақтарының эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктерін қарастырған, бастауыш сыныптарда, мектепке дейінгі топтардағы бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің мәселелерін қарастырған

мақалаларында термин сөздер орынды қолданылды. Осы жылдарда Ұлттық университеттің аға оқытушысы Б.Мекішев өнерді халыққа таныстыру, өнердің пайда болуы, өнердің түрлері, ерте дүние өнері мен қайта өрлеу мәдениеті жайындағы мақалаларында қазақ тілінде бейнелеу өнері терминдерін қолданудың үлгісін көрсетті.

Осы кезде Театралдық көркем сурет институтының профессоры Б.Өмірбеков өнерді үйрету, станоктық өнер, монументтік өнер, сәндік колонер, техникалық эстетика туралы қазақ тілінде бірнеше мақалалар жариялады. Бұл аталған еңбектерде көптеген қазақ тілінің базасында жасалған терминдердің ұтымды қолданылғанын атап өту қажет. Біз осы жылдарда бейнелеу өнері шығармаларын әңгіме — сабақта пайдалану, бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдерін сабақта қолдану, терминдерді реттеу мәселесімен айналысып бірақатар нәтижелерге қол жеткіздік. Қазақ бейнелеу өнерін таныстыруға оқу бағдарламасында арнайы сағат берілмеген. Сондықтан қазақ бейнелеу өнері бойынша сыныптан тыс әңгіме сабақтар ұйымдастыру, нұсқаға қарап сурет салу, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларын оқыту және өнер шығармаларын оқушыларға таныстыру барысында терминдерді меңгеру жолдарын қарастырдық, терминдердің қолданылуына лингвистикалық талдау жасау және сыныптан тыс жұмыстарда эстетикалық тәрбие берудің әдістемелік ерекшеліктерін қарастырдық. Жалпы бұл жұмыстарда өнері сабақтарында терминдерді оқыту, терминдерді реттеу, терминдерге анықтама беру мәселелері де қарастырылды. Бірақ осы кездің өзінде бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминалогиясындағы кейбір терминдерінің қолданылуында әртүрлілік болғанан айту орынды. Бұл терминдерді қолданудағы қазірдің өзінде кезек күттірмейтін міндеттердің бірі болып табылады.

### БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҰҒЫМДАРЫН ОҚЫТУ

Оқушылардың бейнелеу өнері сауаттылығын меңгеру барысында бейнелеу өнері терминдеріне көп көңіл бөлу қажет. Терминдерді меңгерту белгілі өнер саласы бойынша жүйелі білім алуға жол ашады. Басқа пәндер сияқты бейнелеу өнерін сабақтарында оқытудың принциптеріне сүйенеміз. Оқытудың ғылымилық принципіне сәйкес бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту үшін терминдердің жіктелімін жасау қажет: кескіндемеге графикаға мүсінге сәндік — қолданбалы өнерге сәндік — қолданбалы өнерге композицияға өнер тарихына құралдарға байланысты жарық көлеңке, түске байланысты жарық көлеңке, түске байланысты бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрына суретшілерге байланысты техникалық эстетикаға халықтық қол өнерге байланысты бөліп қарастыруға болады:

а) кескіндемеге қатысты терминдер: акварель, ахроматизм, гармония, картина, марина, натура, рефлекс, панно, палитра, пейзаж, жарық пен көлеңке, рен, темпера, фактура, колорит, түс, эскиз, этюд, кенеп, майлы бояу, монументальдық кескіндеме, мозайка, витраж.

б) графикаға қатысты терминдер: автогравюра, гравюра, кітап графикасы, титульдық бет, фронтиспис, заставка, концовка, контур, штрих, шарж, ксилография, линогравюра, сграфито, оттиск, сурет, эмблема, экслибрис.

в) мүсінге қатысты терминдер: анималист, барельеф, бюст, горельеф, керамика, монументальдық мүсін, статуя, статуетка, сфинкс, фактура, экстерьер.

г) сәндік — қолданбалы өнерге қатысты терминдер: ассиметрия, афиша, ахроматизм, глазури, гобелен, сәндік өнер, безендіру, декорация, ою, өрнек, символ, фактура, эскиз, экстерьер, транспорант, трафарет, сценография, симметрия, керамика, фаянс, шыны, кесте.

д) композицияға қатысты терминдер: гармония, контраст, композиция, контур, наброска, натура, размер, формат, пропорция, символ, симметрия, компоновка, ритм, перспектива, линия, горизонт, композиционный центр пятно, контраст по цвету, линейная композиция, контраст форм, динамиклық композиция, статикалық композиция.

ж) өнер тарихына байланысты: античное искусство, аркада, вандализм, возрождение (ренессанс) готика, история искусства, искусство, капитель, калассик, реставрация, статуя, сфинкс, фреска.

з) жарық көлеңке, түске байланысты терминдер: ахроматизм, свет, рефлекс, тон, блик, собственная тень, падающая тень, тональное отношение, контраст, хроматизм, колорит, локальный цвет, белый, черный, красный, голубой, желтый, зеленый, контраст цветов, доминирующий цвет, цвет пятно, окцент

и) құралдарға байланысты терминдер: подрамник, трафарет, кисть, тюбик, шитинная кисть, колоновая кисть, акварельная краска, масляная краска, темпера, мастехин, мольберт, палитра, этюдник, натуральный стол, станок, холост, плакатный перо, тушь, гуашь, пастель, формат, ватман, стики.

к) оқытуға байланысты терминдер: рисование с натуры, рисование на темы, декоративное рисование, беседа об искусстве.

е) бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрына байланысты терминдер: живопись, графика, скульптура, декоративно-прикладное искусство, анималистический жанр, портрет, пейзаж, натюрморт, бытовой жанр, исторический жанр.

м) суретшілерге байланысты терминдер: анималист, акварелист, баталист, график, живописец, декоратор, маринист, монументалист, реставратор, портретист, скульптор, иллюстратор, сценограф, искусствовед, дизайнер, художник - керамист, художник по стеклу, художник по металлу, художник по текстилю.

и) техникалық эстетикаға байланысты терминдер: дизайн, дизайнер, художественное конструирование, пластика т.б.

о) халықтық қол өнерге байланысты терминдер: ою-өрнек, икер, иттіс, шарбак ою, шынығұл, ронд, канат, сынық мүйіз, сыңар мүйіз, оюшы, алақан, алақұрт, бағана өрнек, кошқар мүйіз, арқар мүйіз, космүйіз, сыңар мүйіз,

төртқұлақ, түйе мойын, түйетабан, таңба. Мұндай етіп терминдерді топтастыру оқушылардың түсінуіне жеңілдік туғызады. Кейбір термин белгілі бір салаға байланысты қолданылса, кейбір терминдер бейнелеу өнерінің барлық салалары бойынша қолданылады. Мысалы «композиция», «компоновка», «построение рисунка», «ритм» терминдері өте көп қолданылатын терминдер. Сондай-ақ жарық, көлеңке, түстерге байланысты терминдерде жиі қолданылады. Сондықтан мұндай терминдерді оқытуда ол терминнің шығуы мен атауы, анықтамасын оқушыларға талдап түсіндіру қажеттігі туындайды.

Терминдерді оқыту барысында басшылыққа алатын оқытудың көрнекілік принципі. Қандайда терминді түсіндіру барысында көрнекі құралдарды пайдалану қажет. Мысалы «кітап графикасы» терминін түсіндіру кітаптың өзін оқушыларға көрсетіп, титульдық бет, фронтиспис, заставка, концовка деп аталатын терминдерін түсіндіру қажет. Сондай-ақ «эскибрис» терминін ауызекі айтсақ оқушылардың түсінуі қиын. Сондықтан нағыз «эскибристің» өзін көрсетіп қалай жасалу жолын түсіндіру орынды.

Бірізділік және жүйелілік принципі, бейнелеу өнерін оқыту барысындағы басты қағиданың бірі. Жоғарыда айқандай терминдердің бірқатары яғни композиция мен жарық көлеңке, тұстануға байланысты терминдер өте жиі қолданылады. Бірақ мектеп бағдарламасында нақтылы бір терминге мына сыныпта түсінік беру қажет деп айтылмаған. Сондықтан бейнелеудің түрлері мен жанрларына байланысты терминдерге алғашқы сабақтардан, бастауыш сыныптан бастап түсінік және анықтама беру орынды. Мұнан соңғы кезеңдерде ол түсініктер тереңдетіліп көрсетіледі. Егер мұндай етпесек оқушы бір терминді екінші терминмен шатастырып алады. Жаңсауытқ туындайды. Ойы тұрақсыз болады. Жиі қолданылатын терминдерге оқу үдерісінде түсініктер беру, баланың көркемдік білімді меңгеруіне белгілі дәрежеде көмегі тигізеді. Шын мәнінде оқушы белгілі бір тақырып бойынша түсінігін айту үшін сол салаладағы терминдерді білмесе өз ойын толық жеткізе алмайды. Немесе қате түсінік пайда болады. Сөйтіп, бұл жағдай оқушының сабақтағы белсенділігіне кедергі жасайды. Сондықтан оқыту барысында терминдерге талдау жасап, анықтамасын дәптерге жазғызу қажет. Бұл жағдай оқушылардың терминдерді саналы меңгеруіне жол ашады. Белгілі тақырыпты оқу барысында сол тақырыпқа қатысты терминдерге түсінік беру орынды. Қандай зат бейнелесекте кеңістіктегі қалпын, орнын, кеңістік қатынастарын көрсету қажет. Осыған байланысты нұсқаға қарап сурет салу барысында орта, жоғары, төмен, оң, сол, алыс, жақын т.б. кеңістік қатынастарын білдіретін нақты сөздерден басқа «форма», «өлшем», «бояу», «түс», «орналасу» сияқты бейнелеу үдерісінің негізгі ұғымдары беріледі.

Бейнелейтін нысанды жан-жақты зерттеу, негізгі геометриялық формамен танысу, бұл формаларды сөзбен бейнелеуді тез де сапалы меңгеруіне жәрдемдеседі. Көптеген зерттеушілердің өздері баланың бейнелеу ісінде сөздің игі ықпалының орынды екендігі атап көрсетеді.

Бейнелеу қызметінің психологиялық мәселелерін зерттеу нәтижесінде Е.И.Игнатъев «Бала өзінің салған суретін талдайды, нені жақсы орындады, міндетті түрде енді жұмысты қалай жалғастыру керектігіне сөздің араласуымен бейнелеу ісінің, ағымын өзгертеді. Сурет салу барысында бала ойлану арқылы бейнелейтін нәрсенің қасиеттерін ашады. Сөз бейнелеу үдерісінде ойланып жұмыс істеуге жәрдемдеседі» дейді.

Мектеп оқушыларының сөз белсенділігін арттыру үшін бейнелеу барысында әртүрлі әдістерді қолдануға болады бұлардың қатарына мұғалімнің мынадай іс-әрекеттері қамтылады: сурет салуға деген эмоциялық қатынас туғызу мақсатында баланың жұмбақ пен тақпақтарды жатқа айтуға талпынуы; композициялық сипаттағы тапсырмалар беру; тапсырманы орындау үдерісінде бейне элементтерін және нұсқа мен суретті бір-бірімен салыстыру жолдарын көрсету; әрбір сабақтың соңында бейнелеу нәтижесінде таңдау жасау; мектептің немесе сыныптың көрмесіне суреттерді таңдап алу және оларға талдау жасау.

Бейнелеу қызметінің барысында балалардың сөз қорын дамыту бірнеше бағыттар бойынша жүргізіледі. Олар, біріншіден, оқушылардың сөз қорын бейнелеу өнері терминдермен толықтыру, екіншіден, қарым-қатынас құралы ретінде бейнелеуге байланысты сөздер қорын дамыту, үшіншіден, белгілі мақсатқа бағытталған оқушының іс-әрекетіне түзетулер енгізу мақсатындағы сөзді ретке келтіру функциясын арттыру.

Сабақ барысында оқушылардың сөз қоры терминдерімен толығыады. Мұғалім сабақты түсіндіру барысында бейнелеу өнерінің терминдеріне оқушылардың жас ерекшеліктеріне лайық түсініктер береді. Терминге түсінік беру барысында сол ұғымға мысалдар келтіре отырып терминнің мағынасын айқындай түседі. Сурет салу жолдарын түсіндіру барысында қолданылған терминдердің анықтамасын, қажет болған жағдайда салу жолдарын тақтаға көрсетеді. Мұғалім терминдердің мағынасына түсінік беру барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескереді. Түсіндіру барысында қарапайым мысалдар келтіруден бастап, күрделі мағынаны білдіретін терминдердің мазмұнын ашуға ауысу орынды. Терминдер жөнінде сөз қозғағанда оның мазмұнын ашу үшін техникалық құралдарды, таблицаларды, бейнелеу техникаларын көрсетуге арнап қағаз керілетін планшеттерді пайдаланудың ұтымдылығы мол.

Бейнелеу өнеріне байланысты терминдердің мазмұнын ашу барысында сол бейнелеу өнерінің қайсы түріне жататындығына немесе түрлерінің қайсысының орындалу техникасына байланысты екендігі жөнінде қысқаша мағлұматтар беріледі. Мұғалімнің сабақ барысындағы түсіндіру мен техникалық құралдар мен суреттерді көрсету негізінде оқушылардың шығармашылық белсенділігі, қызығушылығы артады, ой белсенділігінің дамуына қолайлы жағдай туады.

Оқушылардың таным қабілетінің дамуы үшін мұғалім зат құрылымын талдауының маңызы зор. Мұғалім сабақты түсіндіру барысында өмірдегі құбылыстар мен көріністердің пайымды болуы мен дамуына түсінік береді. Табиғаттағы бейнеленетін заттардың құрылысы, формасы, түстерінің

байланысы мен айырмашылықтарына сипаттама береді. Осының негізінде оқушылардың табиғаттағы заттар мен құбылыстардың белгілі формасы, кеңістіктегі орны, түр-түсі болатындығын танып біледі. Тақырып бойынша сурет салу сабақтарында пән мұғалімі оқушыларға салуға берілген тапсырманы бастамас алдында өнер шығармаларын көрсетіп, бейнелеудің композициялық құрастыру әдістеріне тоқталады. Тақырып бойынша композициялық сурет құрастыру, картинадағы композиция элементтерінің негізгі бірлігі, түстер мен олардың қатынастары жайында мағлұматтар береді.

Бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақтар барысындағы мұғалімнің сөзімен оқушылар бейнелеу өнерінің графика, живопись, мүсін, сәндік қолданбалы өнер сияқты түрлерге бөлінетіндігін, бұл түрлердің тарихы, тұрмыстық, портрет, пейзаж жанрларынан тұратындығын түсіндіреді. Осындай істердің нәтижесінде оқушы өмірдегі құбылыстар, оларды бейнелеу және өнер шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін танып біледі.

Нұсқаға қарап отырып, тақырып бойынша немесе сәндік суреттер салу сабақтарында мұғалім оқушылардың суреттеріндегі қателерді өзі табуға жәрдем көрсетіп дұрыс бағыт береді. Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың сөз белсенділігін арттыру барысында сондай-ақ мұғалімнің іс-әрекеті маңызды роль атқарады. Оқушылардың сөз қорларының дамуына әсер ететін жағдайлардың бірі, оқушылардың бейнелеу еңбектерінің көркемдік ерекшеліктеріне берген мұғалімнің жан-жақты талдауы. Талдау оқушылардың өз бетінше жұмысты орындау барысында немесе үй жұмысын тексерудің нәтижесінде жасалуы қажет. Мұғалім мектеп оқушыларының графикалық, жұмыстарын тандап алып мектеп көлемінде көрме ұйымдастырады. Жұмыстарды көрмеге әрбір сыныптан тандап алып барысында мұғалім әрбір жұмыстың көркемдік ерекшеліктерін сынып оқушыларына айтып түсіндіреді. Мұндай істерге оқушылардың өздерін де араластыру өнерге деген қызығушылықтарын арттыру мен қатар сөз белсенділігін де дамытады.

Жалпы, бейнелеу өнерінің теориялық және практикалық негіздеріне қатысты сөз қорының дамуы оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыра түседі. Бейнелеу өнерінің бірнеше түрге бөлінуі суретшінің техникалық әдістерді құрастыру заңдылықтарын, түрлі материалдарды өз еңбегінде қолдану ерекшеліктеріне байланысты. Соның бірі- символдық тіл. Символдық көріністер қоғам өмірдегі, адамдар арасындағы қарым-қатынас қызметін атқарады. Белгілі бір іс-әрекет немесе көріністер туралы мәлімет беретін символдық белгілер бейнелеу өнерінің ерекше көрінісі деп қарауға болады. Символ арқылы берілген мәліметке қандай ұлттың адамдары болмасын түсінуге, ұғынуға жеңіл.

Бейнелеу өнерінде белгілі түстер символдық белгі ретінде де алынады. Мысалы, қызыл түс-қоғамдағы революциялық жеңісті, жасыл көк жастықтың, ақ көгершін бейбітшіліктің символы ретінде белгілі. Сондай-ақ, сары түс қазақ даласын мензесе, көк түс аспан мен судың түсін білдіреді.

Символдық белгілердің жасалуының өзіндік ерекшеліктері бар. Символдық сурет салу үшін суретшілер зат көріністеріндегі үлкен бөліктерді қалдырып, ұсақ бөлшектерді алып тастап ықшамдау әдісімен белгілі көрініс арқылы көрушіге мәлімет пен түсініктер береді. Мысалы: Жол ережесін білдіретін белгі арқылы автомобиль жүргізушілері белгілі мәліметтерді қабылдап отырады.

Символдық белгілер жасалуының ою-өрнектерге ұқсастығы бар. Ою-өрнектер әртүрлі табиғат формаларын ықшамдау әдістерімен орындалады. Табиғат нысандарының көрінісі ықшамдап беріледі. Символдық белгілер біріншіден бейнелеу өнерінің туындысы қатарына кіретін болса, екіншіден белгілі түсініктерді беретін бейнелеу өнерінің ерекше тілі деп атауға болады. Себебі суретшілер көріністер белгілерін өзара байланыстыру негізінде символдық ойды береді. Идеялық мазмұнына берілетін мәліметтің сипатына пайдалану қолдану мақсатына байланысты символдық белгілердің мынадай түрлерге бөлуге болады: қоғамдағы құбылыстарды (революция фестивалі, бейбітшілік, олимпиада) бейнелейтін белгілер; ғылым, өнер және түрлі мамандықтар белгісі; жол- көлік ережелеріне байланысты белгілер; тұрмыстағы кеңістік бағыттары мен орындарын көрсетуге арналған белгілер; сауда орындарында азық-түлік, киім-кешек жөнінде мәлімет белгілері; спорттың түрлерін белгілейтін белгілер.

Символдық тілдің терминге ұқсастығы бар. Ғылым мен өнердің белгілі бір термині, белгілі бір ұғымды білдірсе символдық белгілер де ғылым мен өнердің түсініктерін білдіреді. Архитектура түсінігін білдіру үшін архитектурадағы коллоннаның жоғары бөлігі копители бейнелесе, бейнелеу өнері қылқалам, қарандаш, палитра сияқты көріністер мен сипатталады. Өзіндік мазмұны, көркемдік танымдық маңызы бар, көркем белгілері мен түрлері, пән кабинеттері, мұражай бөлмесі, ағаш, темір шеберханасы, спорт залы және кітапхананың сыртқы есіктері безендіріледі. Мектептегі бейнелеу өнер сабақтарында символдық, белгілерді оқушыларға таныстырудың танымдық және тәрбиелік маңызы бар. Оқушылар танысу барысында ғылым мен өнер туралы түсініктерді толықтырады. Олардың жеке бөліктерін түсінеді, оларды жіктелеуге болатындығын біледі. Мұғалім оқушыларға өмірдегі көріністерді символдық белгілерге айналдыру жолдарын көрсетеді. Қоғамдағы өзгерістер мен әсемдіктің мазмұнына түсінуге жәрдемдеседі. Мектеп оқушыларының әсемдік сезімін, талғамын, көзқарасын, қызығушылықтарын дамытады.

Бейнелеу өнері сабақтарында оқушыларға өз ойынан белгілі тақырып бойынша символдық суреттерді салдыруға болады. Бұл суреттердің мазмұнына математика, физика, тарих, әдебиет, музыка, бейнелеу өнері деген ұғымдарды білдіретін болуы қажет. Оқушылар өз бетінше суреттер салуда мұғалім мынадай ұстанымдарды басшылыққа алады: өмірдегі-реалдық заттардың формасын ықшамдап алу; символдық белгінің өлшемін қоршаған ортаға пайдалану қажеттілігіне, мазмұнына байланысты бере білу;

символдық белгілердің әрбір формасының көрінісіне нақты ұқсас болуы. Символдық белгінің әсіресе тақырып бойынша сәндік сурет салу сабағында орындау ұтымды.

Себебі бұл сабақтарда композиция заңдылықтары мен оны орындау талап етіледі. Ал символдық суреттер салу үшін композиция ерекшеліктері мен заңдылықтарын білу өте қажет. Сондықтан символдық белгі танымдық мүмкіндігі бар бейнелеу өнерінің ерекше түрі болып табылады.

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨНЕРТАНУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫ

Оқушылардың өнертану мәдениетін бейнелеу өнерінен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу арқылы іс жүзіне асыруға болатын мүмкіндіктер бар. Сыныптан тыс жұмыстар өткізу барысында оқушылардың өнертану түсініктері мен сөз қорын жетілдіру үшін көзделген жұмыстың алдын ала жоспары дайындалады, тақырыбы айқындалады. Сыныптан тыс жұмыстарға мектептің жастар ұйымы, тәрбие жұмысының жетекшісі қатыстырылады. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу барысында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріледі. Оқушылардың өнер туралы түсініктерінің дамуына ерекше мүмкіндік беретін жұмыс бейнелеу өнері үйірмесі, көркем сурет, живопись, мүсін, сәндік қолданбалы өнер, мектепті көркемдеу жұмысы, линогравюра, жас өнертанушы, мозайка, т.б. бейнелеу өнерінің түрлері бойынша жүргізіледі.

Үйірме сабақтарында оқушылар сәндік және натураға карап сурет салу саласына байланысты өнертану түсініктерін толық меңгеруге қолайлы жағдай туады. Бейнелеу өнерінің сыныптан тыс іс-әрекеттің бір формасы-сыныптан тыс әңгіме сабақ. Бұл сабақ оқушылардың сұранысы немесе мұғалімнің ұсынысы бойынша өткізіледі.

Сыныптан тыс мезгілде мұғалім оқушыларға қазақ бейнелеу өнері және жергілікті суретшілер шығармаларымен таныстыруға болады. Өнертану мәдениетін жетілдіру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың бірі оқушыларды белгілі тақырыптарға баяндама дайындау, өнертану негіздерін меңгеруге жәрдемдеседі. Баяндама Ә.Қастеев, Қ.Телжанов, А.Ғалымбаева сынды қазақ бейнелеу өнерінің көрнекті шеберлерінің шығармаларын оқушыларға толық таныстыру мақсатын көздейді. Баяндамада суретшінің картиналарын талқылау арқылы суретшінің кейіпкер образын ашудағы шеберлігі айқындалады. Бейнелеу өнері пәні мұғалімінің мұндай жұмыс формасы түрінде қолдану бірқатар нәтижелерді көздейді. Солардың бірі көркем сурет галериясын мектепте ұйымдастыру.

Біріншіден, көркем сурет галериясын ұйымдастыру арқылы, оқушыларға тақырыбы мен мазмұны өмірден таныс қазақ бейнелеу өнері шеберлерінің шығармаларымен таныстыруға болады.

Екіншіден, мектеп галериясы, облыс орталықтарындағы, астаналардағы көркем сурет музейін көруге мүмкіндігі жоқ алыс аудан мектептері үшін қолайлы.

Үшіншіден - оқушылардың өздерін көркем сурет галериясының жұмысына экскурсовод, лектор ретінде тарта отырып, бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын туғызса көркем-өнер шығармаларынш/ ерекшелігін дұрыс қабылдау, көркемдік талғамын дамытуға ықпалы бар.

Төртіншіден - галерияға оқушылардың шығармашылық және оқулық суреттерін, үлгілі сызу жұмыстарын қойып көрсету арқылы өнерге деген ынтасын, шығармашылықтық белсенділігін арттыру көзделеді.

Оқушылардың өнертану түсініктерін арттырып, тіл мәдениетін жетілдірудің бір жолы - өнер шеберлері шығармаларының көрмесіне экскурсия жасау. Мұндай бейнелеу өнерінің көрмелері облыс, аудан орталықтарында жиі ұйымдастырылады. Көркем сурет шеберханасында жұмыс істейтін суретшілердің шығармашылық көрмесі жылына екі мезгіл көктем және күз айларында өтілді. Мұғалімі өз шәкірттерін үнемі көркем өнер көрмесіне апарып көрсетіп, шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін әңгімелеп береді. Бейнелеу өнері көрмесіне экскурсия жасаудың ұтымдылығы оқушылар живопись, графика, мүсін, сәндік қолданбалы өнер шығармаларын көркемдік ерекшеліктерінің түп нұсқасын өз көзімен көруге мүмкіндік алады. Көрме залында шығармаларға өнертану тұрғысынан түсінік беретін экскурсоводтың, пән мұғалімінің берген мәліметтері негізінде оқушылардың бейнелеу өнерінің түрлері, жазылуы, жанрлары өмір шынығын көркем бейнелеу жолдары туралы түсініктері молая түседі.

Оқушылар көрмеден көрген шығармадан алған әсері туралы бір-бірімен пікір алысады. Оқушылардың өз сөзінде бейнелеу өнері терминдерін қолдану сөз қорының дамуына ықпалын тигізу сөзсіз. Мектеп оқушыларының өнертану түсініктері мен тілін дамытудың ұтымды жолының бірі-бейнелеу өнерінен викториналар мен ойындар өткізу. Бейнелеу өнерінен викторина ұйымдастыруда әдістемелік тәжірибе жинақтаған бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі орны ерекше. Ол өз сыныбының оқушылары арасында «Қазақстан суретшілерінің шығармашылығы туралы не білесің?», «Ою-өрнектердің аттарын ата?», «Символдық белгілердің аттарын ата?», «Ою-өрнектерменен қандай көріністер бейнеленген?» деген сияқты тақырыптарға өткізілген викторина ойындарын қызықты, тартымды өткізеді. Викторина ойынының барысында оқушылар өз ойларын жеткізу үшін кескіндеме, графика, мүсін, қолданбалы өнер, ою-өрнектердің аттары, символдары туралы терминдерді орынды қолданады. Жүйелі түрде өткізілген викторина сияқты сыныптан тыс оқушылардың өнертану тілін дамытудың ұтымды жолы.

Сабақта немесе мектептен тыс уақытта оқушыларға бейнелеу өнері кинофильмдерді көрсетудің өнертану тілін дамыту, өнертану түсініктерін беруге жәрдемін тигізеді. Қазіргі кезде мектептерде қазақ суретшілері туралы видеофильмдерді көрсетуге толық жағдай бар. Соңғы кездерде оқу-әдістемелік фильмдерді жасауға қолға алынуда. Бейнелеу өнері пәнінің мұғаліміне көмекші құрал ретінде кинофильмдер жасап шығарады. Солардың ішінде «Кубтың перспективалық көрінісін салудың әдістері» атты фильмінде кубтың көрінісін салуда оқушылардың бейнелеу өнеріне деген

қызығушылығын туғызды, мұғалімнің сабақты түсіндіруге, тақтаға сурет салуға кететін уақытын үнемдеумен қатар сурет салу саласындағы өнертану түсініктерін дамытты.

Мектеп көркем - сурет галериясын ұйымдастыру мен өткізу бейнелеу өнері пәнінің мұғалімінің міндеті. Галереяға қойылған мұрағат ретінде бейнелеу өнері туындыларының репродукциясы (яғни газеттер мен журналдарын, кітапқа басылып шыққан, ашық хат түріндегі түрлі түсті көшірмесі) жинақталады. Репродукцияларды жинақтауға мектеп оқушылары белсенді қатыстырылды. Оқушылар өнер шығармаларының репродукцияларын жинап оларды бейнелеу салалары мен тақырыптарына, өнер дамуының кезеңдеріне сай топтастыру жұмысын жүргізді. Бейнелеу өнері шығармаларының репродукцияларын жинақтау барысында оқушыларға репродукцияны ұқыпты түрде жинап алуын, көркем өнер туындысының авторы, аты, жасалған, жылы қандай материалдан жасалғандығы, орындалу техникасы туралы мәліметтерді көрсету алдын-ала ескертілді. Бұл іске бейнелеу өнері мұғалімімен қатар мектептің тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы тартылуы қажет. Өнер туындыларының репродукцияларын оқулық немесе басқа да оқу әдістемелік, кітаптардан алу қажет болған жағдайда, оны фотоға түсіріп алып экспонат ретінде қойылады.

Қазіргі кезде қазақ бейнелеу өнерінің туындылары республикалық баспасөз бетінде көптеп жарияланады. Республикалық журналдар беттерінде қазақ бейнелеу өнерінің, тың жерді игеру, Ұлы Отан соғысы, космосты игеру, бейбітшілікті қорғау тақырыптары сәндік қолданбалы өнер туындыларын таныстыратын өнер шығармаларының репродукциялары үнемі жарияланып тұрады. Сонымен қатар жас суретшілер шығармашылықсының жаңа қадамын айқындайтын көне өнер түрлері мен архитектуралық ескеркіштердің түрлерін көрсететін материалдар көп басылады. Баспасөз беттерінде жарияланатын осы мәліметтерді жүйелі түрде жинастыру білімдік және тәрбиелік мәні зор.

Мектептің бейнелеу өнер галериясын ұйымдастыру, барысында жиналған материалдарды мынандай топтарға бөлу қажет: *Ежелгі* дүние өнері; Ертедегі Греция өнері; Ерте ғасыр өнері; Ертедегі Египет өнері; Ертедегі қазақ бейнелеу өнері; Орта ғасырдағы Шығыс өнері; Орта ғасырдағы қазақ бейнелеу өнері; Қайта өрлеу дәуірінің өнері, Орыс бейнелеу өнері шығармалары; Кеңес бейнелеу өнері бойынша репродукциялау толық жинаған жағдайда, оларды кескіндеме, графика, мүсін, сәндік қолданбалы өнер салаларына қажет. Бейнелеу өнері архитектурамен өте тығыз байланысты болғандықтан бұларға архитектуралық ескеркіштерді де қосқан орынды. Егер қазақ бейнелеу өнері жөнінде толық материал жиналған жағдайда оларды «Революцияға дейінгі қазақ бейнелеу өнері» және «Қазақ бейнелеу өнері» деген екі бөлімге бөлу қажет. Революцияға дейінгі қазақ бейнелеу өнері тақырыбы бойынша көрмеде халықтың сәндік қолданбалы өнер туындыларының репродукциялары, Ш. Уалихановтың графикалық суреттері, Т.Шевченконың, В.В.Верещагиннің туындылары көрсетіледі.

Сонымен қатар Қожа-Ахмет Яссауи, Айша-биді, Арыстанбаб сияқты архитектуралық мемориалдық құрылыстардың түрлі-түсті фотолары, фоторепродукциялары қолайлы. Қазақ бейнелеу өнері туындылары кескіндеме, графика, мүсін, сәндік қолданбалы өнер салаларына бөлінеді. Материалдардың жиналу мүмкіндіктеріне қарай бейнелеу өнерінің көрсетілген әрбір саласын натюрморт, пейзаж, портрет, анималистік, тарихи, баталдық, тұрмыстық жанрларға жіктеп көрсетудің танымдық маңызы зор.

## КӨРКЕМӨНЕР ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Мектеп көркем сурет галериясын ұйымдастыру жұмысы бейнелеу үйірмесінің жұмыстарымен тығыз байланысты. Үйірме мүшелері көркем сурет галериясын безендіруге белсене қатысады. Галерея бөлімдерінің тақырыптарын көрнекті етіп, лайықты шрифттермен жазып, шығарма жөніндегі басқа мәліметтерді көрсетеді. Қажетті жағдайда галереямен таныстыру экскурсовод міндеттерін айқындайды. Мұғалім үйірме мүшелеріне бейнелеу негіздерін үйретумен қатар, ерте өнер, орыс өнері, ертедегі қазақ өнері, қазақ өнері шығармаларының көркемдік ерекшеліктерімен таныстырады. Өнер шеберлерінің өмірі мен шығармашылықсы жайлы әңгімелер айтып береді. Галереяға келушілерді шығармалармен таныстыру үшін, үйірме мүшелерінің ішінде өнертану ғылымына деген білімділігі мен қабілеті бар жоғарғы сынып оқушысы алынады. Галереяға бейнелеу өнері үйірмесінің мүшелерінің шығармашылық жұмыстары, оқулық, суреттері қойылады. Галереядағы бұл бөлімге тақырып бойынша және натураға қарап салынған суреттермен қатар ермексаздан жасалған мүсіндер, сәндік қолданбалы бұйымдар көрсетіледі. Оқушылардың шығармашылық жұмысын тандап алу, іріктеу барысында мынадай жағдайларды ескеру қажет: 1. Идеялық мазмұны, композициялық құрылысы, түстердің қатынасы, орындау техникасының сапасының жоғары болуы. 2. Жалпы жұмыстар тақырыбының жанрларының бейнелеу техникасының әр түрлілігі. 3. Тандап алынатын жұмыстардың толық аяқталуы.

Бейнелеу өнері пәнінен ұйымдастырған мұндай галереяға оқушылардың шығармашылық суреттерімен қатар графикалық жұмыстар да қосылады. Графикалық жұмыстарының мазмұны, техникалық суреттер, символдық белгілер мен эмблемалардың сызба-суреттері болып табылады. Галереяға қойылатын сызба жұмыстарын "Жас суретші" үйірмесі мен бейнелеуден ұйымдастырылған факультативтік сабаққа қатысушылардың жұмыстарының арасынан тандап алынады. Шығармашылық жұмыстардан құралған мұндай экспонаттар оқушылардың көркемдік білім деңгейін көтеріп, түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Графикалық жұмыстарға талдау жасау барысында оқушылардың тіл мәдениетінің дамуы теориялық материалдарды саналы меңгеруге жәрдемдеседі.

Мектеп оқушыларына көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру барысында, сыныптағы сабақты өткізумен қатар сыныптан тыс жүргізілетін

жұмыстардың ұтымдылығын пайдалану білім мен тәрбиенің сапасын арттыра түседі. Мектептің сурет галериясын ұйымдастырудың алғашқы кезінде бейнелеу өнерінің оқу кабинетінде көрсетіледі. Егер материалдың көлемі ұлғая түссе көлемді бір белмеде орналастырылады. Галерияны безендіруде мынадай жағдайды ескеру қажет: бейнелеу өнері репродукцияларын белгілі стенді-планшет бетіне орналастыру; өнер туындысының аты, авторы, жасалған жылы, орындалу техникасы туралы толық мәліметтер болуы; мүмкіндіктеріне қарай шығарманың қысқаша мазмұнына түсінік беру; әрбір репродукцияның жиегін ақ-қағазбен көркемдеу.

Мектептің көркем-сурет галериясында мерзімдік бөлім болады. Бұл бөлім түрлі даталарға арнап көрсетіледі. Мерзімдік көрсетуге арналған шығармалар «Қазак бейнелеу өнеріндегі космос тақырыбы», «Бейнелеу өнеріндегі Жамбыл образы», «Ұлы Отан соғысы» т.б. тақырыптары бойынша жинақталады. Мектептің көркем-сурет галериясында ұйымдастырылған жұмыстар мынандай соңғы нәтижелерге жеткізуге ықпалы болады: шығарманың мазмұнын оқушылардың саяси идеялық көзқарасының эстетикалық сезімдері, талғамының қалыптасуына ықпал етеді; өмірдегі әсемдіктің, өнер тіліндегі бейнелеу жолдарын көріп біледі; бейнелеу өнері мен сәндік қолданбалы өнер туындыларын көркемдік ерекшеліктерімен танысады; бейнелеу өнерінің түрлері, жанрлары, орындау техникасы мен колорит, композиция, перспектива туралы түсініктерін дамытады; бейнелеу өнеріне қатысты терминдерді үйреніп, сөз мәдениеті дамиды.

## ТЕРМИНДЕРДІ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ

Бейнелеу өнерін оқыту барысында басқа ұлт тілдерінен енген терминдерді оқушыларға меңгерудің көркемдік білім берудегі орны ерекше. Бейнелеу өнерінде көптеген терминдер шет ел тілдерінің негізінде жасалған. Мұндай терминдердің мағынасына оқушылардың өз бетінше түсінуі қиындық туғызады. Сондықтан сабақ барысында терминдердің мағынасына талдау жасау қажет. Тәжірибе көрсеткендей көптеген мектеп оқушыларының терминді меңгеруі әліде төмен дәрежеде болуының көпжөн себептері бар. Олардың қатарына мұғалімнің дер кезінде мағынасына талдау жасамауы, терминдерді сабақта пайдалану әдістерін көрсететін көмекші құралдардың жоқтығы жатады.

Оқушылар терминдерді қай тілден, шыққанын нршенжалыш мазмұнын жақсы меңгерсе, өнер шығармаларын өз бетінше талдап, өз түсініктерін екінші біреуге жеткізу қиындыққа соқпайды, сондықтан бұл істі ұтымды шешу жолы—бейнелеу өнері терминдерінің шығу себептерін ашып көрсету. Белгілі бір термин, белгілі бір ұғымды айқындайды. Терминнің этимологиялық негізіне талдау жасау өнертану ұғымдарын меңгеруге жәрдемдеседі.

Этимология сөзі гректің этимол — шын, сөздің негізгі мағынасы және логос—ілім деген екі сөздің бірігуінен жасалған. Сөздің шын мағынасы туралы ілім деген ойды білдіреді. Терминдерге этимологиялық талдау жасау барысында бейнелеу өнері пәнінің мұғалімінің сөзі мына бағыттарды қамтиды: а) терминнің айтылуы мен жазылуына сипаттама беру, ә) сөздің шығу тәркіні мен пайда болуын әңгімелеу; б) терминнің шет тіліндегі және ана тіліндегі мағынасын ашып көрсету. Бейнелеу өнер терминдерінің талдау әдістері төмендегі үлгіде болғаны жөн. Мұндай талдауды мұғалім өнер шеберлері, бейнелеу құралдары, бейнелеу әдістері туралы мәліметтермен сабақ барысында толықтырады.

"Акварель"— латынның "аква" (су) деген сөзінен шыққан. Суға езіп жазатын бояуды және осы бояумен жазылған шығармаларын "акварель" деп атайды.

"Анималист"— андар мен құхтардың суретін салумен шұғылданатын адам (суретші). Ол латынның "анимал" (хайуанат) деген сөзінен шыққан.

"Витраж" түрлі - түсті әйнектермен терезелерге салынған сурет. Француздың "Витре" — терезе әйнегі деген сөзінен шыққан.

"Гравюра"— француздың "гравер" деген сөзі. Ол затты ою, нақыштау деген түсінікті білдіреді.

"Графика" карандашпен, тушпен немесе бір нәрсенің бетіне сызып түсірген сурет. Графика "графо"— жазамын, суретке саламын деген грек сөзінен шыққан.

"Композиция" деген картинада бейнелейтін көріністер бейнесін бір ретпен орналастыру, үйлестіру, құрастыру деген ойды білдіреді. Композиция деген "Крмпоситио"— ойлап шығару, құрастыру деген мағынаны білдіретін латын сөзі.

"Натюрморт"— тұрмыстағы заттарды, жемістерді гүлдерді, өлі жануарларды бейнелейтін картиналар. Натюрморт француздың өлі табиғат деген ұғымын білдіреді.

"Орнамент"— симметрия немесе ритм ережесіне сәйкес суреттер мен сызықтардың белгілі бір тәртіппен орналасуы. Ол латын сөзінен шыққан. "Орнамент"- әшекей деген ойды білдіреді.

"Офорт"— лак жаққан металдың бетіне ойылып онан қағаз бетіне түсірілген сурет. "Офорт"- "ау-форте" деген мағынаны білдіретін француз сөзі.

"Перспектива" табиғаттағы заттар өлшемдерінің алыстаған сайын кішірейіп, бояу түрінің бұлыңғыр болып көріну құбылысын және оны бейнелеу әдісі. Перспектива латынның "Перспигерс"-1[асадағыны көре білу деген сөзінен шыққан.

"Пропорция" зат өлшемдерінің сәйкестігін білдіреді. Ол латынның "пропортино"-үйлесім, сәйкестік деген ұғымын білдіреді.

"Силуэт" жарық көзіне жақын тұрған адамның, заттың алыстан қарағандағы көлеңке түріндегі көріністердің суреті. Бұл француз Әтьен—де Силуэт деген адамның есімімен аталған.

"Фреска" жана ғана әктелген саз қабырғаға езілген бояумен салынатын сурет. Ол италия халқының "фреско"- шикі, жаңа жасалынған деген сөзінің мағынасын білдіреді.

Терминдерге этимологиялық талдаулар жасау сабақта немесе сабақтан тыс, мектептен тыс бейнелеу өнері жұмыстарында жүзеге асады. Нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу сабақтарымен қатар бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақтарда терминдердің шығу негізінде талдаулар жасау ұтымды. Басқа сабақтарға қарағанда әңгіме сабақтарда бейнелеу өнерінің шығармасына талдау ерекше көп жасалады. Мұғалім сабақ барысында қолданылатын терминнің мән-мағынасын көрнекті етіп жазып, тақтаға іліп қояды. Түсіндіру қиын соғатын «перспектива» сияқты ұғымдар туралы анықтамаға қосымша сурет салынады.

Терминге талдау жасау кезінде өнер туралы әңгімелер айтып беру ұтымды. Мысалы, «импрессионистер» терминін қолдану барысында XIX ғасырдың екінші жартысында Францияда өзіндік бейнелеу әдістері бар суретшілер тобы шықты. Олар әдеттепден суретті шеберханада емес табиғат ортасында салды. Олар алған әсерін тез бейнелеуге тырысты. Бұл суретшілердің шығармалары алғаш рет Париж қаласында көрмеге қойылған соң, оларды «импрессионистер» деп атады. Әңгіме сабағы барысында силуэт сөзді қолданады. Силуэт термині адамның атына байланысты шыққан. Этъен де Силуэт деген адам XVIII ғасырда Француздың министрі болған. Сол кездегі бір суретші министрдің суретін салады. Суретте адам бейнесі әдеттегідей емес көлеңке тәрізді бір түсті бояумен сыртқы сызықтарының өте дәл келуіне ден қойып салынған. Осы кезден бастап сурет салудың осы әдісі министрдің атымен Силуэт деп аталып кеткен. Осындай терминдерді талдау барысында деректі әңгімелер оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды өнерге ынталандыра түседі.

Өнертану тілінің бір бөлігі болып табылатын терминдерге этимологиялық талдау жасау өнертану ұғымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылардың көркемдік білімін көтеріп, өнертану әдебиеттерін өз бетінше оқу жол алады. Сөйлеу мәдениетін арттырады.

Бейнелеу өнерінің ерекшеліктерінің бірі- ол өмірді көрнекті түрде қабылдауға мүмкіндік туғызады. Қайта өрлеу дәуірінің атакты суретшісі Леонардо да Винчи «Кескіндеме көруге болатын поэзия» деп орынды айтқан болатын. Кескіндеме шығармалары адамның эстетикалық сезімін дамытып, таным қабілетін арттырады. Картинада бейнеленген көрініспен құбылысты оқушы өз ойымен, сезімімен идеясымен байланысты қарауы арқылы қабылдауы нәтижелі бола түседі. Сондықтан оқушылардың қазақ бейнелеу өнері шығармалармен таныстырудың қолданбалы мәні болумен қатар эстетикалық маңызы бар. Қазақ бейнелеу өнері шығармаларын оқу мен тәрбие жұмыстарында қолдану мынадай міндеттерді шешеді: біріншіден — балаға тақырыбы мен мазмұны жағынан, әрі түсінікті қазақ бейнелеу өнері шығармаларын таныстыру үдерісінде реалдық - өмір шындығына деген эстетикалық қатынасы қалыптасады. Халық тұрмысының, табиғатының таным және бала жағынан жарқын көріністері

бейнеленген суретшілердің шығармалары баға жетпес мүмкіндіктері. Жас жағынан қоршаған табиғат, халық өмірі, көркем образдар мен бейнеленген шығармалар мазмұны баланың түсінуіне лайықты, қабылдауына жеңіл болады. Таныс көріністер бейнеленген шығармаларды таныстыру— оқушыларды өнерге тартудың ұтымды жолы.

Мектептерінде жүргізілген байқау нәтижесі көрсеткендей, оқушыларды өнер шығармаларымен таныстырудың алғашқы сатысында қабылдауға лайық образдарды, онан соң біртіндеп өнердегі бейнеленген күрделі құбылыстарды түсіндіріп өту қажет екені айқындалды.

Екіншіден, оқушыларды қазақ бейнелеу өнері шығармаларымен таныстыру, өлкетану материалдарын терең де, көлемде оқып үйренуге жәрдемдеседі. Әдебиет, тарих, география, музыка сабақтарындағы жеке тақырыптарды оқып үйрену барысында бейнелеу өнерінің шығармаларын демонстрация жасап көрсету, осы тақырыпты оқып үйренуге деген оқушылардың қызығушылығын туғызып, оқу үлгерімінің артуына, таным белсенділігінің қалыптасуына көркемдік мәдениетінің көтерілуіне ықпал етеді. Әдебиет сабақтарында «Абай жолы» романын өту барысында суретші Е.Сидоркиннің иллюстрациясын қолдану шығарма мазмұнын аша түседі. Қазақстан тарихи курсы бойынша суретші А.Қастеевтің «Амангелді Иманов» портретін, суретші М.Кенбаевтің «Ә.Жангелдин отряды», суретші Н.Нұрмухамметовтың «Т.Бокин отряды» атты туындыларын сабақта демонстрациялық материал ретінде қолданудың әдістемелік тиімділігі мол. Сонымен қатар Орта ғасыр тарихына көмекші материал ретінде «сулет ескеркіштерінің репродукцияларын көрсету орынды. География сабақтарында суретші А.Черкасскийдың «Қарағаштар», Ш.Уәлихановтың «Алатау мен теріскей алатаудың шыңдары», «Іле бойындағы отрядтың түнеуі», суретші Ә. Исмаиловтың «Бетбас даладағы тоған» шығармаларын қолдану, оқу материалдарын түсінуге жеңілдік туғызады.

Үшіншіден — мектеп оқушылардың қазақ бейнелеу өнерімен таныстыру, баланың сәндік суретін салу шығармашылығын арттыруға жәрдемдеседі. Оқушылар халықтық ұлттық өнердің түрлерінен көркемдік білім алады. Халқымыздың өткен дәуіріндегі сәндік өнерінің көркемдік ерекшелігі мен бүгінгі өнердің ара байланысын көріп, бұрынғы халық шеберлері мен қазіргі оның жалғастырушы ізбасарларының шығармаларымен танысады. Мұғалімнің жәрдемімен қазіргі сәндік қолданбалы өнер саласындағы кәсіби суретшілердің еңбектерінің мазмұнын ерекшеліктерін ұғады. Сәндік қолданбалы өнердің түрлері мен олардың атауларын біледі. Мұғалімнің түсіндіруі мен көрсету негізінде оқушылардың сөз қорына сәндік қолданбалы өнерге байланысты терминдер жүйесі жинақталады.

Төртіншіден — бейнелеу өнерінің салалары, жанрлары, орындау техникасы, суретшілер, жарық пен көлеңке, перспектива, колорит құбылыстары жайлы өнертану түсініктерін алады, сөз байлығы дамиды. Қазақ бейнелеу өнері шығармаларын мұғалім оқушыларға әңгіме сабақта түсіндіру ұтымды. Бұл сабақ бейнелеу өнеру шығармаларын талдау

мақсатында болуына байланысты жеті немесе сегіз туындының көркемдік ерекшелігі талдау барысында ашылып көрсетіледі.

Қазақстан бейнелеу өнері шеберлерінің еңбектері нұсқаға қарап тақырып бойынша және сәндік сурет салу сабақтарында өнертану түсініктерін беру үшін пайдаланылады. Оқушылардың өнертану мәдениетін дамытудың мүмкіндіктерінің бірі мұғалімнің сабақ барысындағы натура формасы мен кеңістік сипатын айқындау болып табылады. Бейнелеу өнер пәнінің әдістері мен тәсілдерін меңгергендігі, тәжірибесі, іскерлік пен дағдысының деңгейлері мұғалімнің сөз байлығы арқылы қарым қатынас құралы ретінде көрініс береді.

Мұғалімнің сөз қорын құрайтын сөздердің жүйесі сияқты бейнелеу өнері сабақтарының да кәсіптік, оқыту әдістеріне байланысты сөздердің жүйесі бар. Оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту мен көркемдік білім беру үдерісінде мұғалімнің пәнге байланысты сөз жүйесінің бай болуы маңызды іс. Ал оқушылардың сөз қорының дамуы таным қабілетінің дамуына, бейнелеу қызметінің сапасының артуына және жалпы жан-жақты дамуына игі ықпал етеді. Мұғалімнің сөзі оқушының ой белсенділігін арттырып, қабылданған материалдардың өзара құрылымдық байланысын табуға жәрдемдеседі, келесі істелетін әрекеттің сипатын анықтайды. Педагогтың сөзі оқушылардың бейнелеу әрекеті барысындағы стереотивтік, шаблондық қозғалысты дағдыларды жоюдың ерекше мүмкіндіктерінің бірі.

Сөз — оқушылардың бейнелеуге байланысты білімдерін арттырып, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Ұтымды ұйымдастырылған бейнелеу өнері сабақтары оқушының сөз қорының дамуына әсер етеді. Оқушының сөз қорының даму дәрежесін өз жолдастарының жұмыстарының көркемдік сипатын тану, өнер шығармаларына талдау жасау, салынатын заттың құрылысы, кеңістіктегі орны, түрі, түсі сияқты ерекшеліктеріне талдауынан анық байқауға болады. Бейнелеу үдерісіне қатысты оқушылардың түсініктерінің қалыптасу барысында сөз елеулі роль атқарады. Сәндік сурет сабағында мұғалімнің жүйелі берген мәліметтерінің негізінде оқушы «өрнек», «жолақ», «сызық», «сыртқы сызық», «ритм», «симметрия» т.б. түсініктерді меңгереді. Зат пен оның бөліктерінің жеке белгілерін сипаттау барысында үлкен, кіші, ұзын, төртбұрыш, үшбұрыш, қызыл, көк, сияқты сөз қоры белсенді түрде жинақталады. Зат көрінісін қағаз бетінде бейнелеу үдерісінде салу, жалғастыру, бояу және т.б. кимылдарға байланысты сөздердің мазмұны ашылады.

## ТЕРМИН ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

Оқушылардың сөз белсенділігін арттыру танымдық белсенділікті арттыруға ықпал етеді. Ол үшін бейнелеу барысында әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Бұлардың қатарына мұғалімнің мынадай іс-әрекеттері қамтылады: олар, бейнелеу объектісін талдауға үйрету; композициялық

құрылымдау сипатындағы тапсырмалар беру; тапсырманы орындау үдерісінде бейне әлеметтерін және нұсқа мен суретті бір-бірімен салыстыру жолдарын көрсету; әрбір сабақтың соңында бейнелеу нәтижесінде талдау жасау; университет көрмесіне шығармашылық суреттерді тандап алып және оларды талдау.

Бейнелеу қызметінің барысындағы оқушылардың сөз қорын дамыту бірнеше бағыттар бойынша жүргізіледі. Олар, біріншіден, оқушылардың сөз қорын бейнелеу өнері терминдерімен толықтыру, екіншіден, шығармашылық қарым-қатынас құралы ретінде бейнелеуге байланысты сөздер қорын дамыту, үшіншіден, белгілі мақсатқа бағытталған оқушының мысалдар келтіру әрекетін арттыру көзделеді. Сабақ барысындағы осындай жұмыстар оқушылардың сөз қоры терминдермен толықтырады. Мұғалім сабақты түсіндіру барысында бейнелеу өнерінің терминдеріне оқушылардың оқу курстарына лайық түсініктер береді. Терминге түсінік беру барысында сол ұғымға мысалдар келтіре отырып терминнің мағынасын айқындай түседі. Сурет салу жолдарын түсіндіру барысында қолданылған терминдердің анықтамасын мұғалім оқушылардың дәптерлеріне жаздырып, қажет болған жағдайда сурет салу жолдарын тактаға көрсетеді. Мұғалім терминдердің мағынасына түсінік беру барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп отырады. Түсіндіру барысында қарапайым мысалдар келтіруден бастап, күрделі мағынаны білдіретін терминдердің мазмұнын ашуға ауысады. Терминдер жөнінде сөз қозғағанда оның мазмұнын ашу үшін техникалық құралдарды, таблицаларды, бейнелеу техникаларын көрсетуге арнап қағаз керілген планшеттерді пайдалану орынды. Бейнелеу өнеріне байланысты терминдердің мазмұнын ашу барысында сол сурет шығарма бейнелеу өнерінің қайсы түріне жататындығына немесе түрлерінің қайсысының орындалу техникасына байланысты екендігі жөнінде қысқаша мағлұматтар беріледі. Мұғалімнің сабақ барысындағы түсіндіру мен техникалық құралдар, суреттерді көрсетуі негізінде оқушылардың шығармашылық белсенділігі артады, ой белсенділігінің дамиды. Мұғалім сабақты түсіндіру барысында өмірдегі құбылыстар мен көріністердің пайымды болуы мен дамуын шынайы өмір байланыстары тұрғысынан түсіндіреді. Табиғаттағы бейнеленетін заттардың құрылысы, формасы, түстерінің байланысы мен айырмашылықтарына сипаттама береді. Осының негізінде оқушылардың табиғаттағы заттар мен құбылыстардың белгілі формасы, кеңістіктегі орны, түр-түсі болатындығын танып біледі. Тақырып бойынша сурет салу сабақтарында пән мұғалімі оқушыларға салуға берілген тапсырманы бастамас алдында өнер шығармаларын көрсетіп, бейнелеудің композициялық әдістеріне тоқталады. Тақырып бойынша композициялық сурет құрастыру, картинадағы композиция элементтерінің негізгі құрылымдық бірлігі, түстер мен олардың арасындағы қатынастары жайында мағлұматтар береді.

Оқушылардың сөз қорларының дамуына әсер ететін жағдайлардың бірі - оқушылардың бейнелеу еңбектерінің көркемдік ерекшеліктеріне берген мұғалімнің жан-жақты талдауы. Талдау сыныптағы оқушылардың өз

бетінше жұмысты орындау барысында немесе үй жұмысын тексерудің нәтижесінде жасалуы мүмкін. Мұғалім оқушылардың графикалық жұмыстарын тандап алып мектеп көрмесіне қатыстырады. Мұндай істерге оқушылардың өздерін де араластыру өнерге деген олардың қызығушылықтарын арттырумен қатар сөз белсенділігін де дамытады. Жалпы, бейнелеу өнерінің теориясына және тәжірибесіне қатысты сөз қорының дамуы оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырады.

Оқушылардың тіл мәдениетін дамыту үшін оларды қазақ бейнелеу өнері шығармаларымен таныстырудың көптеген тиімді әдістері бар. Бейнелеу өнері де басқа ғылымдар мен олардың салалары сияқты терминдермен ұғымдардың жүйесінен тұрады. Оқушылардың терминдерді меңгеруі, бейнелеу өнері заңдылықтары мен бейнелеу ережелерін саналы түрде меңгеруге тікелей әсері бар. Бейнелеу өнеріндегі өлшемдер мен түстердің кеңістік пен көрушіге байланысты өзгеруі, жарық пен көлеңке, өлшемдер қатынастарының құбылыстары белгілі түсініктерді білдіреді. Тілдің, түсініктердің формасы бейнелеу өнерінде терминдер болып табылады. Белгілі түсініктерді оқып үйрену барысында оқушы терминдердің құрылысына мән береді. Оқыту үдерісінде оқушыларға терминнің мәніне, тарихи шығу негізіне көп көңіл бөлінеді. Бейнелеу өнері сабағында бейнелеу өнері түсініктерін қалыптастыру үшін дидактикалық әдістерді қолдану бірқатар жетістіктерге қол жеткізеді. Оқушылардың кеңістік туралы ойы мен сөз мәдениетін дамыту, бейнелеу өнерінен алған білімдерін өз ойымен жүйелеуге үйретумен тікелей байланысты.

Оқу әдістемелік әдебиеттердегі аударма жасалған терминдер белгілі бір ғылыми түсінікті білдіретіні айқын, оқу үдерісінде олар қолдануға лайықты болу керек. Мұғалім мен оқушының сөзі, әдістемелік әдебиеттердегі терминдердің сапасына қатысты. Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың образдық ойы мен сөз мәдениетінің тығыз байланыстылығын дамыту мен оқушылардың жалпы сөз мәдениетін жетілдіру, білімді берік және саналы меңгеруге алып келеді.

Бейнелеу өнерінің тілі басқа ғылымдардың тілінен бірқатар айырмашылықтары бар. Бейнелеу өнерінің тілі, ғылыми терминдерден, символдардан және табиғи тілдің элементтерінен құралады. Оқушылардың бейнелеу өнеріне байланысты тілі бейнелеу өнері оқулықтарын, оқу материалын меңгеру барысында терминдер мазмұнына терең мән беріле бермейді. Сонымен қатар, бұл жағдай оқу барысында нақты бір түсініктерді оқушыларға меңгерту жолдары мен әдістерінің анықталмауында болуы мүмкін. Бейнелеу өнері түсініктерін қалыптастыру мәселесі - белгілі терминнің ерекшелігін ашу, логикалық генетикалық, тарихы-генетикалық аспектілерін айқындауымен тығыз байланысты.

Түсінік тілдің көмегімен сөзге айналады. Өнерге қатысты түсінік тілдің мүмкіндігі арқылы бейнелеу өнері термині формасында көрініс табады. Сондықтан, бейнелеу өнері терминдерінің жүйесін меңгеру бейнелеу өнері білімдерінің барлық жиынтығын меңгеруге негіз болып табылады. Бейнелеу өнері білімдерін оқушылардың меңгеруіне ой

операциясының арқасында терминнің логикалық-генетикалық құрылысын ашып көрсету қажет. Бейнелеу өнері түсініктерін меңгеру мынадай үш кезеңнен тұрады: бірінші, қабылдау, елестету, түсіну, ойлау еске сақтау; екінші, жинақтау, жүйелеу; үшінші, іс жүзінде қолдану. Бұл үдеріс мұғалім мен оқушының белгілі әрекеті кезінде жүзеге асады. Бейнелеу өнері түсініктерін қалыптастыруда ғылыми жүйелік, бірізділік, беріктілік сияқты педагогикалық принциптерді ұтымды пайдалану орында. Сөздің бейнелеу өнері түсінігінің мәнімен сәйкестігінің бұзылуы, түсінік мазмұнының сөзден алшақтығы білім негіздерін меңгерудің сапасын төмендетеді. Терминдерді сапалы түрде қолдану оқушылардың білім деңгейін көтеруге үлкен жәрдемін тигізеді.

Терминдерді меңгерудің күрделілігі, терминдік сөздің ана тілінде немесе басқа тілден алынғандығымен байланысты. Қандай жағдай болмасын терминнің шығуына, жасалу негіздеріне, мәніне сабақ барысында талдау жасап отыру қажет. Оқушылардың бейнелеу өнері түсініктерінің қалыптасу деңгейін мынандай өлшемдерге қарап білуге болады: түсініктің белгілерін айқындауы; олардың өзара байланысын түсіну; әр түрлі ситуацияға байланысты түсінікті қалай қолданады; әр түрлі өнер саласы бойынша терминдерді қалай қолданады.

#### БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бейнелеу өнері түсініктерін қалыптастыру, оқушыларға жаңа түсініктің мәнін ашудан басталады. Оқушыларға жаңа түсініктің мәнін ашып көрсету жолдары мен бірізділігі, төмендегіше болуы мүмкін: 1. Жаңа түсінік туралы алғашқы елестер беру. Нақты мысалдар арқылы жаңа түсініктің белгілерін көрсету; 2. Түсінік туралы жинақты желесін беру. Түсініктің белгілі дәрежедегі айқын белгілерін көрсету. Түсініктің алғашқы анықтамасын тану; 3. Түсінікті құрау. Түсініктің нақты анықтамасын құрастыру; 4. Терминнің шығуы. Термин сөздің буын немесе әріп мәндерінің анықтамасы; 5. Түсініктің қолданбалық қызметін айқындау.

Оқушылардың бейнелеу өнері түсініктерін ұтымды меңгеруі, түсініктеріндің бір-бірімен қатынасын ашып көрсетумен байланысты. Қандай түсінік болмасын, оны екінші бір жақын түсінікпен салыстырмай қарастыруға болмайды. Сондықтан мұғалімнің түсініктерді меңгерту үшін атқаратын міндеттері мынадай формада болады: белгілі бір саладағы түсініктер жүйесін оқушыларға меңгерту, салыстыру, ортақ қасиеттерін табу, түсініктердің айырмашылық шегін, дағдыларын қалыптастыру, түсініктің анықтамасын айқындау. Түсініктің анықтамасын айқындау күрделі логикалық үдеріс болып табылады. Түсініктің анықтамасы дегеніміз - белгілі түсінік қамтыған нысанның жігін нақтылы, айқындау болып табылады.

Сөздің мәні мен түсінігінің бір-бірінен өзгешеліктері бар. Түсініктің өз табиғаты бойынша жеке, сөздің мәні - анықтама арқылы беріледі. Бейнелеу өнерінің негізгі оқу мәселелері форма, пропорция, кеңістік перспектива,

жарық пен көлеңке түстер болып табылады. Оқушылардың сабақта форманы бейнелеу, форманың пропорциялық қатынастарын табу, форманы кеңістіктегі перспективалық көрінісін бейнелеу, жарық пен көлеңкенің қатынастарын табу арқылы форманың көлемін шығару туралы көптеген ақпараттық мәліметтер алу қажет. Бейнелеудің негізі болып табылатын бұл мәселелер көптеген түсініктердің жүйесінен тұрады. Бейнелеу өнерінің негізін құрайтын түсініктерді қалыптастыру логика, психология, дидактика, лингвистика және бейнелеу өнерін оқыту мәселелерімен тығыз байланысты. Бейнелеу өнері түсініктерінің деңгейі оқушының сөйлеген сөзі мен бейнелеу әрекетінен көрінеді. Бейнелеу өнері түсініктері белгілі терминдер арқылы көрініс табады. Бейнелеу өнерінің әрбір термині белгілі бір өнертану түсінігін білдіреді. Бейнелеу өнерінің түрлеріне байланысты оның терминдері де осы салаларға байланысты топтастырылады. Терминдер жүйесін құрайтын бірқатар терминдер суретшілерге байланысты шыққан.

Бейнелеу өнері түсініктерін білдіретін терминдері нұсқаға қарап сурет салу, сәндік сурет салу және тақырып бойынша сурет салу сабақтарындағы оқушының сөз қорына жаңа терминдер қосылып отырады. Бейнелеу өнері өмірдегі құбылыстарды, заттар мен көріністер арқылы көрнекті көрсетеді. Бейнелеу әдістері, мүмкіндіктері, заттар мен кеңістік, перспектива, жарық пен көлеңке құбылыстары жайлы түсініктер сөз арқылы мұғалім мен оқушының қарым-қатынас құралына айналады. Сондықтан оқушылардың бейнелеу өнерінің түсініктері мен тілі табиғаты жағынан бір-бірімен өте тығыз байланысты. Бейнелеу өнерінің білімдері бейнелеу өнері түсініктерінің, ой қорытындыларының жиынтығынан тұрады. Бейнелеу өнерінің терминдері- бейнелеу өнері түсініктерін білдіретін мүмкіндік. Бейнелеу өнерінің мәдениеті, білімдері, терминдері бейнелеу өнерінің өзара жиынтығынан құралады. Бейнелеу өнерінің тілі бейнелеу өнерінің белгілі бір ойын білдіретін терминдер мен сөздер. Бейнелеу өнері оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие берудің, сонымен қатар өнертану мәдениетін дамытудың ұтымды мүмкіндіктерінің бірі.

Бейнелеу өнері шығармалары арқылы оқушыларға өнертану тілін дамыту үшін қазақ бейнелеу өнері шығармаларымен балаларды таныстырудың көптеген тиімді әдістері бар. Бейнелеу өнерінде басқа ғылымдар мен оның салалары сияқты терминдермен ұғымдардың жүйесінен тұрады. Оқушылардың терминдерді меңгеруі өнер заңдылықтары мен бейнелеу ережелерін саналы түрде меңгеруіне тікелей байланысты. Бейнелеу өнеріндегі өлшемдер мен түстердің кеңістік пен көрушіге байланысты өзгеруі, жарық пен көлеңке, өлшемдер қатынастарының құбылыстары белгілі түсініктерді білдіреді. Тілдің түсініктердің формасы бейнелеу өнерінде терминдер болып табылады. Белгілі түсініктерді оқып үйрену барысында оқушы терминдердің құрылысына мән береді. Оқыту үдерісінде оқушыларға терминнің мәніне, тарихи шығу негізіне көңіл бөледі.

Бейнелеу өнері сабағында өнертану түсініктерін қалыптастыру үшін ұтымды дидактикалық әдістерді қолдану бірқатар жетістіктерге қол жеткізеді. Оқушылардың кеңістік туралы ойымен сөз мәдениетін дамыту,

бейнелеу өнерінен алған білімдерінің өз ойымен жүйелеуге үйретумен тікелей байланысты. Оқу әдістемелік әдебиеттердегі аударма жасалған терминдер белгілі бір ғылыми түсінікті білдіретін, айқын, оқу үдерісінде қолдануға лайықты болу керек. Мұғалім мен оқушының сөзі, әдістемелік әдебиеттердегі терминдердің сапасына қатысты. Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың образдық ойы мен сөз мәдениетінің тығыз байланысты дамытумен, мектеп оқушыларының жалпы сөз мәдениетін жетілдіру, білімді берік және саналы меңгеруге алып келеді. Өнертану тілін басқа, ғылымдардың тілімен бірқатар айырмашылықтары бар. Бейнелеу өнерінің тілі, ғылыми терминдерден символдардан және табиғи тілдің (қазақ тілінің) элементтерімен құралады.

## ӨНЕРТАНУ ТІЛІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

Оқушылардың өнертану тілін меңгеру, өнертану түсініктері мен тілін меңгерудегі оқулықтар, оқу материалын меңгеруде терминдер мазмұнына терең мән берілмеуінде. Сонымен қатар бұл жағдай оқу барысында нақты бір түсініктерді оқушыларға меңгерту жолдарының анықталмауы да болуы мүмкін. Өнертану түсініктерін қалыптастыру мәселесі-белгілі терминнің ерекшелігін ашу, логикалық, генетикалық, тарихи-генетикалық аспектілерін айқындауына тығыз байланысты шешіледі. Түсінік тілдің көмегімен сөзге айналады. Өнерге қатысты түсінік тілдің мүмкіндігі арқылы өнертану термині формасында көрініс табады. Сондықтан өнертану терминдерінің жүйесін меңгеру, өнертану бөлімдерінің барлық жиынтығын меңгеруге негіз болып табылады. Өнертану білімдерін оқушылардың меңгеруі үшін ой операциясының арқасында терминнің логикалық-генетикалық құрылысын ашып көрсету қажет.

Өнертану түсініктерін меңгеру мынадай үш кезеңнен тұрады: 1. қабылдау, елестету, түсіну, ойлау, есте сақтау; 2. жинақтау, жүйелеу; 3. іс жүзінде қолдану. Бұл үдеріс оқушы мен мұғалімнің белгісіз әрекеті кезінде жүзеге асады. Өнертану түсініктерін қалыптастыруда ғылыми жүйелік, бір ізделік беріктілік сияқты педагогикалық принциптерді ұтымды пайдалану орынды. Сөздің өнертану түсінігінің мәнімен сәйкестігінің бұзылуы, түсінік мазмұнның сөзден алшақтығы білім негіздерін меңгерудің сапасын төмендетеді. Терминдерді сапалы түрде қолдану оқушылардың білім деңгейін көтеруге үлкен жәрдемін тигізеді. Терминдерді меңгерудің күрделілігі, терминдік сөздің ана тілінде немесе басқа тілден алынғандығында байланысты. Қандай жағдай болмасын терминнің шығуына, жасау негіздеріне, мәніне сабақ барысында талдау жасап отыру қажет. Оқушылардың өнертану түсініктерінің қалыптасу деңгейін мұндай өлшемдерге қарап беруге болады: түсініктің белгілерін айқындауы: олардың өзара байланысын түсінуі; әр түрлі ситуацияға байланысты түсінікті қалай қолданады: әр түрлі өнер саласы бойынша терминдерді қалай қолданады. Өнертану түсініктерін қалыптастыру мен

дамыту, оқушыларға жаңа түсінік ашудан басталады. Оқушыларға жаңа түсініктің мәнін ашып көрсету жолдары мен бірізділігі, төмендегіше болуы мүмкін: 1. Жаңа түсінік туралы алғашқы елестер беру. Нақты мысалдар арқылы жаңа түсініктің белгілерін көрсету. Түсінікті білдіретін атын хабарлау. 2. Түсінік туралы жинақы елесін беру. Түсініктің белгілі дәрежедегі айқын белгілерін көрсету. Түсініктің алғашқы анықтамасын тану. 3. Түсінікті құрау. Түсініктің нақты анықтамасын құрастыру. 4. Терминнің шығуы. Термин сөздің буын немесе әріп мәндерін анықтамасы. 5. Түсініктің қолданбалық функциясын айқындау. Оқушылардың өнертану түсініктерін ұмытымды меңгеру, түсініктердің бірі-бірімен қатынасын ашып көрсетумен байланысты. Қандай түсінік болмасын оны түсінікпен салыстырмай қарастыруға болмайды. Сондықтан мұғалімнің түсініктерді меңгеру үшін атқаратын міндеттері мынандай формада болады: түсініктер жүйесін оқушыларға меңгерту; салыстыру, орта қасиеттерін табу, түсініктердің айырмашылық шегін дағдыларын қалыптастыру; түсініктің анықтамасын айқындау.

Түсініктің анықтамасын айқындау күрделі логикалық үдеріс болып табылады. Түсініктің анықтамасы дегеніміз- белгілі түсінік қамтыған объектігін, жігін нақтылы айқындау болып табылады. Сөздің мәні мен түсінік бір-бірінен өзгешеліктері бар. Түсініктің өз табиғаты бойынша жеке. Сөздің мәні- анықтама арқылы беріледі. Бейнелеу өнерінің негізі оқу мәселелері форма, пропорция, кеңістік преспектива түсініктерін меңгертумен байланысты. Олардың ішінде ең бастылары жарық пен көлеңке және түстер болып табылады. Оқушылардың сабақта форманы бейнелеу, форманың пропорциялық қатынастарын табу, форманың кеңістіктегі көріну сипаты, форманы кеңістікке бейнелеу, форманың кеңістіктегі перспективалық көрінісін шығару, жарықпен көлеңкенің қатынастарын табу арқылы форманың көлемін елтіру туралы көптеген мәліметтер алу қажет. Бейнелеудің негізі болып табылатын бұл мәселелер көптеген түсініктердің жүйесінен тұрады. Бейнелеу өнерінің негізін құрайтын түсініктерді қалыптастыру логика, психология, дидактика, лингвистика және бейнелеу өнерін оқыту мәселелерімен байланысты. Оқушылардың бейнелеу өнеріне қатысты түсініктерінің жиынтығы өнертану туралы ойын құрайды. Өнертану түсініктерінің деңгейін баланың сөйлеген сөзі мен бейнелеу әрекетінен көруге болады. Өнертану түсініктерін белгілі терминдер арқылы көрініс табады. Бейнелеу өнерінің әрбір термині белгілі бір өнертану түсінігін білдіреді. Бейнелеу өнерінің кескіндеме, графика, мүсін, сәндік қолданбалы өнер, дизайн түрлеріне байланысты оның терминдері де осы салаларға байланысты топтастырылады.

Кескіндеме — станоктық және монументалдық болып бөлінеді. Графиканың линогравюра, ксилография офорт, эстамп, эксливрис сияқты түрлер бар. Мүсін - станоктық және монументальдық, кеуде мүсін, қалың бедер, жұқа бедер сияқты терминдердің жиынтығынан құрайды. Сәндік қолданбалы өнер- ою-өрнек, кермика, гобелен, ағаш өңдеу, темір өңдеу, тұрмыс заттарын безендіру, өндіріс заттарын безендіру түсініктерінен

тұрады. Дизайн- тұтыну заттарының құрылысы, машиналардың формасын, өндіріс құралдарының формасы және тағы басқа ойды білдіретін түсініктер жүйесінен құралады. Көптеген терминдер бейнелеу өнерінің жанрларына байланысты: тарихи, тұрмыстық, әскери-соғыс, пейзаж, портрет, натюморт болып жіктеледі. Терминдер жүйесін құрайтын бірқатар терминдер суретшілерге байланысты шыққан: портретист, анималист, баталист, пейзажист, маринист, монументалист, мүсінші, безендіруші, график, кескіндемеші, акварелші, өндіріс-суретшісі, әскери-суретші, суретші-археолог т.б. Гризайль, лиссировка, алла-прима сияқты терминдер орындау техникасына байланысты терминдер бейнелеу өнерінің әсіресе әңгіме сабақтарына жиі қолданылады.

Бейнелеу өнерінің басқа да өнертану түсініктерін білдіретін терминдері нұсқаға қарап сурет салу, сәндік сурет салу және тақырып бойынша сурет салу сабақтарындағы оқушының сөз қорына жаңа терминдер болып қосылып отырады. Бейнелеу өнері өміріндегі құбылыстары заттар мен көріністер арқылы көрнекті көрсетеді. Бейнелеу әдістері, мүмкіндіктері, заттар мен кеңістік, перспектива, жарық пен көлеңке құбылыстары жайлы түсініктер сөз арқылы мұғалім мен оқушының қарым-қатынас құралына айналады. Сондықтан оқушылардың өнертану түсініктері мен өнертану тілі табиғаты жағынан бір-біріне өте тығыз байланысты. Өнертану білімдері өнертану түсініктерінің, ой қортындыларының жиынтығынан тұрады. Өнертану терминдері- өнертану түсініктерін білдіретін мүмкіндік. Өнертану мәдениеті, өнертану білімдері, өнертану іскерліктері мен дағдылары өнертану терминдері, өнертанудың өзара жиынтығынан құралады. Өнертану тілі өнертану ойын білдіретін терминдер мен сөздер.

## ҰҒЫМДАРДЫ ОҚЫТУҒА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ

Мектептегі оқушыларға көркемдік білім беру мәселесі жоғары оқу орында болашақ мамандарды дайындау ісімен тығыз байланысты. Болашақ өнері бейнелеу өнері мамандарын дайындау ісінде студенттердің өнертану дайындығына аса көңіл бөлу орынды. Себебі, студенттердің өнертану дайындығын бір қыры олардың терминдер мен ұғымдары меңгеру дәрежесімен, оларды сөз қорының дамуы, оларды сабақ барысында қолдана білумен, сөз байлығының дамуымен, өнертану ойының дамуына тығыз байланысты. Сондықтан болашақ өнер педагог мамандарын дайындау барысында олардың мамандық тілінің дамуы мен қалыптасуына көңіл бөлу орынды. Осыған байланысты болашақ суретші педагогтармен өнер зерттеушілерді дайындау барысында арнаулы дайындық жүргізу қажет. Осы мақсатқа орай біз бейнелеу өнері мұғалімдерін дайындау барысында «Бейнелеу өнері ұғымдары» атты арнаулы курс ұйымдастырдық. Бейнелеу өнері ұғымдары деп аталатын бұл арнаулы курстың мақсаты: студенттердің

өнертану мәдениетін дамыту, көркемдік білімнің тілдік негіздерін меңгеру, өнер зерттеу жұмыстары мен мектептегі оқу тәрбие жұмыстарының барысында терминдер мен ұғымдарды қолдану дағдыларын студенттерге меңгеру мақсаты көзделеді. Ұсынылып отырған арнаулы курс жоғары курс студенттеріне өткізіледі. Ол 15 сағат лекция, 15 сағат тәжірибелік сабақ өткізуге мөлшерленген.

«Кіріспе. Терминдер мен түсініктер. Бейнелеу өнерінің терминологиясы» атты лекцияда термин мен түсініктердің айырмашылығы көрсетіліп, оларға анықтама беріледі. Оларды оқып үйренудің мақсат міндеттері көрсетіледі. Қазақстан бейнелеу өнері шеберлері шығармашылығымен оқушыларды таныстыру барысында терминдерді дұрыс қолдануға нұсқаулар беріледі. Оқушылардың өнертану мәдениетін дамытудағы терминдердің орны көрсетіледі. «Сәндік қолданбалы өнердің терминдері» атты лекциялық материалда, сәндік өнер мен оның терминологиясының дамуының өзара байланысы қарастырылады. Орта Азия мен Қазақстанның қол өнерінің даму жолдары сөз болады. Қошқар мүйіз, түйе, мойын, ырғақ, сегіз жапырақ т.б. ою-өрнектерінің бір-біріне ұқсастықтары мен қатар олардың атауларының ұқсастықтары анықталады. Этимологиялық талдаулар жасалып, әрбір атаудың шыққан тарихына, ішкі мағынасына көңіл бөлінеді. Қол өнердің шеберлеріне, қолөнер түрлеріне, олар жасаған көркем бұйымдардың атауларына, орындау техникасына анықтамалар беріледі.

Арнаулы курстағы маңызды тақырыптардың бірі «Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдерінің әртүрлілігін жою және ретке келтіру» деп аталады. Мұнда оқытушы ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік және өнертану әдебиеттеріндегі термин жүйесін қолдану деңгейі, күнделікті қолданылу тіліндегі терминдердің әртүрлілігі, айқындалады. Терминдердің түсіндірме сөздігінің оқушыларға қажеттілігі, қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігін жасау мен оны оқу ісінде қолдану мәселелері қарастырылады.

«Терминдерді көркемдік білім беру үдерісінде қолдану» атты лекцияда оқытушы студенттерге терминдердің бейнелеу өнерінің түрлеріне, техникасына, жанларына, бейнелеу заңдылықтарына, перспектива заңдылықтарына, түстерге, колоритке, графикаға, композицияға, кескіндемеге, сәндік қолданбалы өнерге, дизайнға, мүсінге, монументтік өнерге байланысты жіктеп көрсетіледі. Сонымен қатар интернационалдық терминдер, орыс тілінің базасында жасалған терминдер, қазақ тілінің негізінде жасалған терминдерді бір-бірімен айырмасы, бірлігі сипатталады.

«Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминдерінің дамуындағы орыс тілінің ролі» атты лекциялық сабақта мынандай мәселелерге көңіл бөлінеді: бейнелеу өнерінің орыс тіліндегі терминологиясының қалыптасуы, оның қазақ тіліндегі терминологияға тигізген әсері, терминдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударудың принциптері, шет тілінен орыс тіліне өткен терминдер, орыс тіліндегі сөздік қор негізінде жасалынған терминдер, шет тілінен тікелей қазақ тіліне өткен терминдер, орыс тілінің базасында жасалып, қазақ тіліне аударма арқылы өткен терминдер, қазақ тілінің

базасында жасалынған терминдер және сәндік қол өнер терминдері. Өнер тарихына қатысты терминдердің көркемдік білім беру жүйесінде қолдану ерекшеліктері анықталады.

«Бейнелеу өнері терминдеріне этимологиялық талдау жасау» атты лекцияда қазақтың сәндік қолданбалы өнері терминдері және олардың атауларының шығу ерекшеліктеріне, түсініктер беріледі. Этимологиялық талдау арқылы терминдерінің мазмұны айқындалады. Бейнелеу өнеріндегі «импрессионизм», «кубизм», «алла призма», «акварель», «силует» және тағы басқа терминдердің шығу тарихына түсініктер беріледі. Сабақ барысында терминдерге этимологиялық талдау жасау барысында көрнекті және аудио визуалды құралдарды пайдаланудың жолдары мен қажеттігі көрсетіледі.

«Бейнелеу өнері сабақтарында терминдер мен ұғымдарды оқыту» атты лекциялық сабақта нұсқаға қарап сурет салу, сәндік сурет салу, тақырыптық сурет салу, бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақтарды ұйымдастыру жолдары көрсетіліп, бұл сабақтарда жиі қолданатын терминдерге тоқталады. Сурет салу сабағында перспектива, жарық пен көлеңке, рендік қатынастар, терминдерін оқыту жолдары, сәндік сурет салу сабағында ритм, симметрия, ою-өрнек терминдеріне анықтама беру жолдары, тақырыптық сурет салу сабағында композиция ұғымына бірігетін терминдер жүйесіне талдаулар жасау жолдарын көрсетеді. Әңгіме сабақтарында өнер тарихына байланысты «қайта өрлеу», «реносанс», «барокко стилі» т.б. терминдерді қолданылуын әдіс тәсілдері айқындалып, оларға анықтама беру жолдары сипатталады.

«Символдық белгі символдық тіл» деп аталатын лекция сабағының мазмұны символдық белгілер мен терминдердің өзара байланысы алынады. Символ терминіне анықтама беріледі. Мектеп пен қоғамдық орындардағы, ғылымдағы символдық белгілердің қолданылуы, олардың белгілі бір ұғымды білдірудегі атқаратын функцияналдық қызметі сөз болады. Эмблемалар, ғылымдардың түрлерін білдіретін символдық белгілердің мазмұны ашып көрсетіліп, олардың жеке даралығына сипаттама беріледі.

«Бейнелеу өнері арқылы сыныптан тыс мектептен тыс оқу мен тәрбие беру мақсатында ұйымдастырылатын іс шараларда терминдер мен түсініктер беру» атты лекциялық сабақта педагог мынадай жағдайларға көңіл аударады: сыныптан тыс уақытта бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақ өткізу, суретшілермен өнер зерттеушілер көрмесімен танысу, өнер апталығын ұйымдастыру, викториналар ұйымдастыру т.б. жұмыстары барысында терминдерді дұрыс қолдану жолдары көрсетіледі.

Арнайы курстың сабақтарында болашақ мамандар алты тәжірибелік тапсырма орындайды. Практикалық сабақтағы тапсырмаларға негізінен бейнелеу өнерінің жеке салалары мен бейнелеу жанрларына арналған шағын терминдер сөздіктерін жасау мақсаты қойылады. Бұл сөздік болашақ қызметтің барысындағы педагогикалық іс-тәжірибеде қолдану талаптарын көздейді.

Бірінші тапсырма бойынша студенттер кескіндеме терминіне қатысты

түсіндірме сөздік жасайды. Бұл сөздікте акварель, анималистік жанр, ахроматизм, жылтыр дақ, гармония, картина, контрит, картина, рефлекс, панно, политра, багет, фон, фреска, цвет, светотень, этюд, эскиз, холст, станоктық кескіндеме, монументтік кескіндеме, портрет, пейзаж, натюрморт, жанр, тарихи жанр, баталдық жанр және тағы басқа кескіндемеге қатысты терминдеріне түсініктеме беріледі.

Студенттер екінші тапсырма бойынша графикаға байланысты терминдерге арналған шағын түсіндірме сөздік жасайды. Сөздікте автографюра, автопортрет, гравюра, ксилография, линография, книжная графика, титульный лист, фронтиспис, форзац, заставка, контур наброска, пропорция, компоновка, линия, точка, пятно, штрих, шарж, графитто, сграфитто, оттиск, рисунок, плакат, силуэт, эстамп, эмблема экслибрис терминдерінің орынды қолданылу жолдарын көрсетеді.

Үшінші тапсырма студенттердің тәжірибелік қызметтері мүсін өнері мен сәндік қолданбалы өнер терминдеріне арналады. Бұл дәрісте рельеф, барельеф, станковая скульптура, монументальная скульптура, бюст, памятник, скульптор, статуя, спинкс, афиша, гламур, гобелен, декоративное искусство, декоратор, орнамент символ, фактура, экстерьер, транспарант, декорация сцены, симметрия, асимметрия, фаянс, трафарет, художественная вышивка, резьба по дереву, обработка металла обработка кожи, обработка шерсти, ткачество, дизайн сияқты терминдердің аудармасы мен түсініктеме беріледі. Мысалдар келтіріп сол терминнің ішкі мағынасы ашып көрсетіледі.

Төртінші тапсырма бойынша студенттер қазақ халқының сәндік қол өнеріне байланысты терминдерден құралған шағын түсіндірме сөздік жасауы қажет. Бұл сөздікте ою-өрнектердің түрлеріне байланысты кошкар мүйіз, түйе табан, сыңар жак, ырғақ, ирек, бітпес, сегіз жапырақ, ақ отау, құрал саймандарға байланысты тез, көрік, өрмек, ұршық, шапашот, қашау, тағы басқа атауларға, халық шеберлеріне байланысты зергер, кілемші, қыш өңдеуші, ағаш шебері, ұста, кестеші, құрақшы, үйші, тоқымашы атауларына түсінік беріледі. Қолөнер шеберлері жасаған сандық, асадал, кебеже, күбі, текемет, бау басқұр, торсық, ожау, тостаған, сақина, білезік шашбау, ер тұрман заттарына сипаттама беріледі. Сонымен қатар кілемнің түрлеріне, кестеге, киіз үйдің құрылысына кіретін шаңырақ, кереге, уық, бау, жел, бау түндік, туырлық, ши, терминдерінен түсіндірме сөздік жасау мақсатын көздейді. Сабақта ауа перспективасы, перспектива, сызықтық перспектива, тональное отношение, локальный цвет контраст цветов, холодные цвета, теплые цвета, колорит, хроматические цвета терминдеріне түсініктер беріледі. Мұнан соң нұсқаға қарап сурет салудың сабағының жоспары жасалып ондағы терминдерді дұрыс қолдану жолдары көрсетіледі.

Практикалық сабақтардағы жетінші тапсырма суретшілердің қызметін көрсетуге байланысты терминдерден құралады. Бұл анималист, акваралист, баталист график, живописец, маринист, декоратор, монументалист, реставратор, портретист, пейзажист, скульптор, иллюстратор, дизайнер, керамист, художник по металлу, художник текстильного производства,

художник-модельер сонымен қатар орындау техникасына байланысты кисть, пастел, фломастер, формат, стек, терминдерінің мағынасына түсінік беріледі.

Бейнелеу өнер пәнінің әдістері мен тәсілдерін меңгергендігі іс-тәжірибесі, іскерлік пен дағдысының деңгейлері мұғалімнің сөз байлығы арқылы көрініс береді. Мұғалімнің сөз қорын құрайтын сөздердің жүйесі сияқты бейнелеу өнері сабақтарының да кәсіптік, оқыту әдістеріне байланысты сөздердің жүйесі бар. Мектеп оқушыларының эстетикалық талғамын дамыту мен көркемдік білім беру үдерісінде мұғалімнің пәнге байланысты сөз жүйесінің бай болуы маңызды іс. Ал баланың сөз қор дамуы таным қабілетінің дамуына, бейнелеу қызметінің дамуына, бейнелеу қызметін сапасының артуына және жалпы жан-жақты гармониялық дамуына игі ықпал етеді. Мұғалімнің сөзі оқушының ой белсенділігін арттырып, қабылданған материалдардың өзара байланысын табуға жәрдемдеседі, келесі істелетін әрекеттің сипатын анықтайды. Педагогтың сөзі оқушылардың бейнелеу әрекеті барысындағы стереотиптік қозғалысты дағдыларды жоюдың ерекше мүмкіндіктерінің бірі.

Сөз-болашақ ұстаздың бейнелеу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Жақсы ұйымдастырылған бейнелеу өнер сабағы студенттің сөз қорының ұтымды дамуына әсер етеді. Студенттің сөз қорының даму дәрежесін өз жолдастарының жұмыстарының көркемдік сипатын тану, өнер шығармаларына талдау жасау, салынатын заттың құрылысы, кеңістіктегі орны, түрі, түсі сияқты ерекшеліктеріне талдаудан анық байқауға болады. Бейнелеу үдерісіне қатысты болашақ мұғалімнің түсініктерінің қалыптасу барысында сөз елеулі роль атқарады. Сәндік сурет салу сабағында жүйелі берген мәліметтерінің негізінде өлшемдер мен формаға қатысты түсініктер қалыптасады. Зат пен оның бөліктерінің жеке белгілерін сипаттау барысында үлкен, кіші, ұзын, төртбұрыш, үшбұрыш, қызыл, көк сияқты қлшемдерге байланысты сөз қоры белсенді түрде жинақталады. Зат көрінісін қағаз бетінде бейнелеу үдерісінде салу, жалғастыру, бояу және т.б. қимылдарға байланысты сөздердің мазмұны ашылады.

Оқытушының жұмыс уақытында немесе жұмыстан тыс уақытында, студенттермен тілдік қарым-қатынаста болатынын байқаймыз. Ал, енді кескіндеме және оның жанрларына қатысты терминдерге қатысты студенттердің сабақ өткізуге арнап дайындаған материалдарға тоқталайық. Автопортрет - суретшінің өз қолымен орындаған өзінің бейнесі, портреттік жанрдың ерекше бір түрі. Автопортрет айнаның көмегімен орындалып, суретші өзінің жеке басын бағалауын, өмірдегі және қоғамдағы ролін және шығармашылық ұстанымдарын білдіреді.

Акварель - латынның aqua – «су» деген сөзінен шыққан. Акварель бояулардың негізгі ерекшелігі - аса мөлдірлігі. Бұл - ақ бояу мүлде қолданылмайтын бірден - бір кескідемелік орындау техникасы. Акварель бояулар қолдануға ыңғайлы да қарапайым, қағазға оңай жағылады және тез кебеді. Алайда, бұған қарамастан, акварель кескіндемеші техникасы - мейлінше күрделі техникалардың бірі. Майлы бояудан немесе темперадан

айырмашылығы сол, акварель қайта жасау мен түзетулерге іс жүзінде мүлдем дерлік жол бермейді - бұрын жағылған бояудың үстіне жаңадан бояу жағу арқылы тек қарайтуға ғана болады, ал қарайған жерлерді неғұрлым ағарта түсуге мүлдем болмайды.

Анималист - андар мен құстардың суретін салумен шұғылданатын суретші. Ол латынның «анимал» (хайуанат) деген сөзінен шыққан.

Асекко (итал. a secco - кептірме, құрғақ) - қабырғаға сурет салудың бір түрі. Бұл кепкен сылақтың үстінен сырмен немесе әкпен сырды араластырып салынатын суреттер.

Багет (франц. Baguette) - әшекейлі жиектемелік ағаш. Шығармаларды, фото суреттерді графиканың шығармашылықтарын безендіріп, картина жиектемесін безендіретін әшекейлейтін ағаш.

Блик (нем. блиск) - жылт, жарық сәуленің қатты затқа, аса көп түскен кезде шағылысынан пайда болады. Бұл көбінесе, металдан, шыныдан жасалған заттарда жиі кездеседі, оның аумағы онша үлкен болмайды. Ол қисық жазықтықта, заттың қырларында пайда болады.

Витраж (франц. vitre - әйнек) - қорғасын желілерімен біріктірілген түрлі-түсті шыны кесінділерімен әйнектелген, кейде орасан зор көлемдегі терезені немесе соған ұқсас картинаны білдіреді. Осы бір жалт-жұлт еткен түрлі-түсті мөлдір әйнектер қандай да бір ою-өрнекті, кейде тіпті сюжеттік туындыларды құрайды.

Гамма (грек. gamma - түсті, бояулы) - көркем шығарманың туындауында қолданылатын бейнелеу және сәндік өнердегі бір-бірімен байланысып, біртұтас үйлескен түстердің өзара бірлестіктегі қатарын айтады.

Гризайль (франц. gris-сұр) - бейне бір жартылай кескіндеме, жартылай сурет сияқты, біртүсті немесе әртүрлі түстің бірін ғана алып салынатын, «сұр» кескіндеме. Біртүсті бояманы да, қылқаламмен салынған біртүсті акварель суреттерді де, тіпті қайсыбір біртүсті станоктық шығарманы да гризайль деп атауға болады.

Гуашь - ең тығыз, күнгірт бояу. Онымен сәтсіз жерлерді - неғұрлым қара-қошқыл бояуларды неғұрлым ақшыл бояумен және т.б. толық жауып жіберуге болады.

Колорит (латын. color - бояу, түс) - шығарманың барлық бояулық үйлесімдері бірыңғай, тұтас, жарасымды реттілікке және өмірлік шынайылыққа ұмтылған кезде, оның мұндай жалпы түстік кейпін кескіндемеде колорит деп атайды.

Контраст (франц. contraste - ерекшелену, қарама-қайшы) - екі салыстырмалы сапаны өзара қарама-қарсы бағытта қойып күшейту. Фонның түсі және сұрғылт фонда пайда болатын хроматикалық реңктік түсі контрасты түстер деп аталады.

Мазок (ағыл. Stroke) - кескіндемеде орындаудың техникалық құралы, бояу қабатының бетіндегі қылқаламның ізі.

Марина (латын. marinus-теңіз) - теңіз көрінісі, теңізді бейнелейтін шығарма.

Мозайка - ежелгі және өте ерекше (монументтік) көлемді кескіндеме. Мозайкалық шығармалар қылқаламдар мен бояулармен жасалмай, жекелеген түрлі-түсті тас кесектерінен немесе смальта деп аталатын — оны күнгірт және түрлі түске боялған етіп көрсететін сан алуан қосымшалары бар әйнек құймасынан жиналады. Терең және таза түстер өзгеше жалт-жұлт еткен фактура - бейнелеу енері шығармаларының осы түріне тән сапалар.

Мольберт (нем. malbrett - кескіндемеге арналған сөре) - кенеп, қатырма қағаз, тақтай бекітілетін ағаштан немесе металдан жасалған құрылғы.

Монотопия - өзінше бір жартылай кескіндеме, жартылай гравюра. Атының өзі бұл жерде әңгіме оттисті туралы және оның өзінде бір оттисті туралы (гректің monos - бір және tipos - басылым деген сөзінен шыққан) болып отырғанын көрсетеді. Монотопия өзіндік фактурасымен және басу кезінде бояуды қағазға жаныштау салдарынан оттистіде пайда болатын бейненің сипатымен ерекшеленеді.

Набросок (нобай) - суретшінің кішігірім өлшемдегі суреттің, кескіндеменің, мүсіннің тез арада орындауын айтады.

Палитра - бұл сөздің екі түрлі мағынасы бар: біріншісі - суретші бояуларды салып, араластыратын тақта және екіншісі - қайсыбір суретшінің жұмыста пайдаланатын бояуларының белгілі бір жиынтығы, жүйесі.

Пастель (өз атауын pastelō деген итальян сөзінен алған) - кескіндеме мен сурет салуға арналған қалам тәріздес бояулар. Пастель - біраз үстемелер қосылып, ұсақ майдаланған пигменттен таяқшалар түрінде престеп жасалған түрлі-түсті борлар. Көптеген таяқшалардың құрамына таза пигментпен қатар, тағы қандай да бір ағартқыш және аздаған желім қосылады.

Пленэр – (plein air - ашық ауа) - деп қоршаған ортаны нұсқадан оқып үйрену арқылы ашық ауада кескіндеуді айтамыз. Ашық аспан астында, күн сәулесі мен ауаның әсерімен табиғаттың сұлу көрінісін нұсқа бойынша кескіндеп көрсету.

Сангина (латын. sanguis – қан) - бұл сурет салуға арналған жиексіз қалам-таяқша тәріздес материал. Сангинаны қызыл-қоңыр таяқшаларымен жұмыс істеу техникасы көмірге біршама жақын.

Уголь /көмір - бай, әдемі материал/ - оның мүмкіндіктері қаламға қарағанда кең: онымен кішкене нобай суреттер де, үлкен жайма жасауға, жіңішке сызық жүргізуге де, көзді ашып-жұмғанша дерлік уақытта көп жерді бір өңмен бояп шығып, содан кейін көмірді қылқаламның қылшығымен немесе шүберекпен сүрте отырып, қажетті жерлерін ағартуға болады.

Фреска (итал. fresco – жаңа) - бірнеше мыңдаған жылдарға есептелетін монументтік көлемді кескіндеме түрі. Олар сәулет өнерінде қазір де пайдаланылады. Ол әлі кеппеген избест сылақ бетіне избест ерітіндісіне ерітілген сулы бояулармен салынады.

Флористика — мозайканың бір ерекше, өзгеше түрі. Бұл - өсімдіктердің сан қилы жапырақшаларынан, гүл жапырақтарынан, сабақтарынан, бұтақтарынан жасалатын мозайка. Суретші - флорист қылқаламдар мен бояуларсыз-ақ пейзаждар, портреттер, натюрморттар, тіпті жанрлық

композициялар жасайды, оның жұмыстарында өсімдіктер өзінің екінші өмірін жалғастырады. Флористтің палитрасына орман мен далада, гүлзарда және тіпті қала ауласында табуға болатын кез-келген шөп, кез-келген гүл енуі мүмкін.

Этюдник - жорық жағдайында, табиғат аясында немесе пленэрде жұмыс істеуге арналған ерекше жәшік. Бұл шын мәнінде жұмыс істеуге қажетті барлық қажетті заттар: палитра, бояулар, кылқаламдар, қарындаш немесе көмір, еріткіш, шүберектер, кенеп немесе картон сыып кететін кішкене жорық шеберханасы.

Этюд (франц. Etude) сөзі зерттеу мағынасында аударылады. Заттың өзіне қарап салған этюд - қолға кылқалам ұстаған суретшінің белсенді пайымдауы мен ой толғауы деп айтуға болады. Заттың өзіне қарап этюд салу жұмысы үдерісінде ол табиғатты зерттейді, өмірден бақылап - байқағандарын жинақтайды әрі сонымен бірге кескіндемелік материалдарды зерттейді, техникалық дағдыларға ие болады.

Жалпы, кескіндеме қолданылатын терминдер алуан түрлі. Кескіндемеде қолданылатын негізгі термин-сөздердің талдаулары жоғарыдағыдай. Алайда, бұл терминдер осыменен шектеліп қоймайды.

Терминдерге этимологиялық талдаулар жасау сабақта немесе бейнелеу өнері жұмыстарында жүзеге асады. Нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу сабақтарымен қатар бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақтарда терминдердің шығу негізінде талдаулар жасау ұтымды. Біз енді күнделікті оқу үдерісінде қолданылатын терминдерге талдау жасадық. Бейнелеу өнерінің әңгіме сабағында қолданылатын терминдерінің бірқатары өнер тарихымен және сәулет өнерімен байланысты анықталады.

Бейнелеу өнерімен тығыз байланысты өнердің тағы да ерекше бір түрі - сәулет өнері. Сәулет өнері әрқашанда пластикалық өнерлердің ішінде ең бастысы болып келді. Ол дәуір идеясын мейлінше күшті білдірді және өз заманының басқа бейнелеу өнерлерінің - мүсін өнері мен кескіндеменің стилін анықтап отырады. Мұның өзі әрі ұзақ жасайтын өнер: египеттік пирамидалар немесе американдық үндістерінің ежелгі храмдары сан мыңдаған жылдар тұрып бізге дейін жетті. Сәулет өнерімен біз күн сайын және сағат сайын ұшырасамыз ғимараттарда өмір сүреміз, оқимыз және жұмыс істейміз. Сәулет өнері - бұл адам қызметінің ерекше түрі, мұнда техника мен өнер, пайдалану мен әсемдік бірге өрілген. Сәулет өнері тікелей ештеңені бейнелемегенімен және суреттемегенімен, ол, бәлкім, бейнелеу өнерінің барлық түрлерінің ішінде мейлінше әсерлі, біздің сезімімізге әсер етуге мейлінше қабілетті қолданыстағы өнер болып табылады. Сәулет өнерінің әрбір туындысы көркем құралдармен өз дәуірінің идеясын білдіреді, өз уақыты мен өз халқының рухын көрсетеді. Сәулет өнері сұсты және тіпті жабынқы, маңғаз да сабырлы, мазасыз да ширыққан, көтеріңкі де көңілді болуы мүмкін. Бұл өнер жан дүниемізде сан алуан сезімдер мен толғаныстар тұғыза алады.

Сәулет өнерінің негізгі үш түрі болады: 1. Көлемді құрылыс сәулет өнері. Бұл түріне тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар /мектептер, театрлар,

стадиондар, дүкендер, т.б./, өндірістік құрылыстары /зауыттар, фабрикалар, т.б./ жатады. 2. Ландшафты сәулет өнері. Бұған қалалық скверлер, бульварлар, саябақтар, фонтандар, т.б. кіреді. 3. Сәулет өнерінің бұл түрі - қала құрылысы /градостроительство/ деп аталады.

Сәулет өнерінде кездесетін терминдерге жеке тоқталып талдаулар жасайық:

Айван - Батыс, Оңтүстік Батыс, Орта Азия және Солтүстік Африка сәулет өнерінде: 1. колонналары мен бағаналарының үсті жазық балкалармен жабылған бастырма, террасы немесе галерея - колонналы айван. 2. алдыңғы дуалы жоқ, формасы нарға ұқсас, бір-біріне түйістес айван.

Аканф (грек. akanthos - аю табан өсімдігі) - антикалық дәуірде қалыптасқан кең тараған пластикалық өрнек; б.э.д. 5 ғасыр ортасында пайда болған. Нәзік, талдырмаш жапырақты өсімдік атауымен аталған. Аканф жапырақтарын коринфтік және композиттік ордерлердің капительдерін безендіруде қолданылады.

Акротерий (грек. akrotherion - жоғары, фронтон) - классикалық сәулет өнерінің пластикалық сәні. Акротерий бір-біреуден екі бұрыштың және фронтонның жоғары жағында орналасады. Акротерийдің бейнелік мотивтері пальметтер, грифондар, адам фигуралары бола алады.

Антаблемент - ордердің үш негізгі бөлігінің бірі, жоғарғы бөлігінің горизонтальді балкалар жүйесінің сәулеттік бейнесі. Ол тігінен үш бөліктен тұрады: 1. төменгі - бағаналар капительдерінде жатқан архитрав. 2. ортаңғы - фриз, оның беті архитрав бетімен бірдей жазықтықта орналасқан. 3. жоғарғы - жоғарғы жүйені аяқтайтын және алға шығып тұратын карниз.

Брутализм (ағыл. brutal - дөрекі) - Батыс Еуропа, АҚШ және Жапония сәулет өнеріндегі бағыт. Брутализм жақтаушылары құрылыстың конструктивтік жүйесін жалаңаштауға тырысты. Бруталистер сәндік әдістерден бас тартты. Брутализм Англияда қалыптасты.

Вимперг (нем. Wimperg) - готикалық сәулет өнеріндегі терезенің немесе есіктің маңдайындағы ойма-нақышты фронтон.

Волюта (латын. voluta - бұйраланған) - бұл сәулет өнерінде кездесетін бұйраланған формадағы әшекейлі ою-өрнек.

Гаргулья - готикалық сәулет өнерінде қиял-ғажайып бейненің тұлғасы түрінде жасалынған су шығатын жер.

Гопурам — ортағасырлық Индия сәулет өнеріндегі жоспары биік төртбұрышты, жоғары қарай тар болып келетін трапеция тәріздес индуистік храмға кірер жердегі ғимарат.

Гротески — (итал. grottesco - ғажайып) - қайта өрлеу дәуіріндегі көне римдік жерасты бөлмелерінде сақталған антикалық жазба қалдықтарына байланысты аталған ою-өрнек мотивтері.

Гульбище - ортағасырлар орыс сәулет өнеріндегі галерея, ғимаратты қоршаған сыртқы терраса.

Инкрустация (латын. incrusto - мрамормен қалау) - ағаштан, металдан, қыштан жасалынған бейне немесе өрнек; ғимараттың, не бұйымның әшекейі. Әшекейдің материалы құнды, фактура және түсі жағынан ерекшеленіп

тұрады. Ағашпен ағаш үстіндегі инкрустация интарсия деп аталады. Металмен ағаш үстіндегі инкрустация накыштау деп аталады.

Ионикалық ордер - гректік және римдік жүйелерге ортақ ордер.

Капитель (латын. capitellum – бас) - бағананың, пилястрдың жоғарғы бөлігі. Капительдің мынадай түрлері бар: дорикалық, ионикалық, коринфтік, тоскандық, композиттік.

Карниз (грек. koronis – аяқталу) - антаблементаның негізгі үш бөлігінің бірі. Антаблементаны аяқтап, сонымен бірге алға шығып тұратын бөлік. Ғимарат төбесінің сәулеттік бейнесі болып табылады. Карниз - ордер түрлерінің ішіндегі ордер құрылысын безендірудегі ең маңыздысы.

Кариатида (грек. Karyatis) - әйел бейнесін көрсететін тектоникалық тұлға. Сыныпикалық сәулет өнерінде бұл ұзын көйлек киген, басында себет қойған әр түрлі тұрыстағы қыздар; ионикалық және коринфтік ордерлерде бағаналардың орнын ауыстырған (Эрхтейон Храмы, Көне Греция, Афины).

Колоннада (франц. Colonnade) - өзінде антаблемент немесе арка тұратын бағаналар қатары. Колоннада ғимараттың сыртында портиктер мен галереяны құрайды, олар құрылыс бөліктерін бір-бірімен немесе айналадағы ортамен байланыстырады. Колоннада ірі залдарда да орналастырылады.

Консоль (франц. Console) - қабырғадан немесе бағанадан шығып тұрған тас, балканың ұшы. Карнизді, балконды, бағананы ұстау үшін немесе мүсінді, вазаны, т.с.с. орнату үшін қажет.

Люкарна (франц. Lucarne), есту терезесі - куполдағы немесе үй төбесінің терезе орны.

Мансарда (франц. mansarde, 17 ғ. Француз сәулетшісі Франсуа Мансара атыменен) - үй төбесінің жабу астындағы бөлме. Бұл бөлме қосымша тұрғын ауданын береді.

Маскарон (итал. mascherone - үлкен маска) - сәулеттік декордың бөлшегі: хайуанат басы мен адам келбетінің рельефтік бейнесі.

Нимфей (грек. Nymphaion) - нимфтерге арналған, антикалық сәулет өнеріндегі бөлме. Бұл бөлме бұлақ басында салынып, фонтаны мен бассейні бар ғимараттан құрылған. Нимфей б.э.д. I ғасырда тарайды.

Ордер (латын. ordo — құрылыс, қатар, жүйе) - сыныпикалық сәулет өнерінде қолданған, тектоникалық жүйеден жасалған тірек балкалы конструкцияның көркем — сәулеттік бейнесі.

Пирамида (грек. Pyramis) - геометриялық формасы пирамида тәріздес монументальды құрылғы (Гизедағы фараон Хеопс пирамидасы).

Розетка (франц. rosette, rose – роза) - жоғарыдан қарағандағы домалық тәріздес гүлдің сәнді мотиві.

Бұл терминдер сәулет өнерінде кеңінен қолданылады.

Мүсін өнері - бұл еш толқымастан бейнелеу өнері деп атауға болатын өнер: ол шынында да адамдарды, хайуанаттарды, түрлі заттарды бейнелейді. Оның сәулет өнерімен ортақ жайты бар: оның басты әсерлілік құралы - аумақты форма және ол да қатты әрі ұзақ сақталатын материалдардан - ағаштан, тастан, металдан жасалады. Бюст, статуя немесе бейнелер тобын жасау үшін көп уақыт және көп еңбек, әсіресе мүсінде тастан шапқан кезде,

дене күшінің өзі көп қажет. Оның есесіне ол, сәулет өнері сияқты, ұзақ сақталады, сондықтан көптеген мүсіндік туындылар ғасырды емес, мыңдаған жылдарды басып өтіп, мысалға, ежелгі мысырдың патша әйелі Нефертитидің басы сияқты, күні бүгінге дейін біздерді толғандырып, тамсандырып келеді.

Мүсіннің әсерлілік құралдары графикамен, әсіресе, кескіндемемен салыстырғанда өте шектеулі: мүсінші композицияға қоршаған ортаны кіргізе алмайды, кеңістік тереңдігін бере алмайды, бәрі де фигуралардың өзімен - олардың формаларының жинақталуымен немесе өңделуімен, кимылымен, материалмен, фактурамен білдіруге тиіс.

Анфас (франц. enface – бетке) - көрермендергі бетпе-бет қарап тұрғандығы бейнеленген бейне.

Барельеф (франц. bas-relief - төмен рельеф) - рельефтің бір түрі. Фигуралар фонның жазықтығынан өз көлемінің жартысынан аз шығып тұрса, ол барельеф деп аталады. Барельефтегі ғимараттардың дуалдарын безендіруде қолданады.

Бисквит (франц. Biscuit) - бетінде жылтыры жоқ ақ фарфор. Бисквитті мүсіндерді, сәндік медальдарды, вазалар мен ыдыстардағы рельефті жасау үшін қолданады.

Бучарда – (франц. Boucharde) - мүсіншінің құралы. Пирамида тәріздес ұштары бар, екі жақтама соғу бетті темір балға. Ірі мүсіндік шығармаларды қашауда және қатты тастарды өңдеуде қолданады.

Бюст (итал. busto — дене, торс) - дөңгелек мүсіндегі адамның кеудесінің бейнеленуі.

Герма (грек. herma - тіреу, бағана) - жоғарғы бөлігі бюст тәрізде өңделген төрт жақтама бағана.

Горельеф (франц. haut-relief - жоғары рельеф) - мүсіннің бір түрі. Фигуралар жартысынан көбірек шығып тұрса, ол горельеф деп аталады.

Контррельеф (латын. contra - қарсы және рельеф) - барельефтің негативі тәріздес терендетілген рельеф түрі.

Монолит (грек. monos — бір, gramma — тас) - тұтастай тастан жасалынған мүсіндік шығармашылық.

Муляж (франц. Moulage) - нұсқадан мүсінді жасау. Муляж жиырмасыншы ғасырдың II жартысындағы мүсінде маңызды роль атқарды.

Рельеф (франц. Relief) - мүсін өнерінің бір түрі. Рельеф - тек бір жағынан қарағанда жақсы көрінетін, жазықтықтың бетіндегі мүсіндік бейне. Мұнда фигуралар әлде бір бейнелеу фонында орналастырылуы мүмкін.

Скарпель (латын. scalpellum - шаппа, пышақ) - тасты тегістеп өңдеуде қолданатын мүсіншінің аспабы.

Стека - қышпен, балауызбен және басқа да жұмсақ материалдармен жұмыс істеуге арналған мүсіншінің аспабы.

Тондо (итал. Tondo) - дөңгелек формалы станоктық кескіндемелік шығармашылық немесе мүсіндік рельеф.

Торс (итал. Torso) басы, қолы және аяғы жоқ адам тұлғасының бөлігін бейнелейтін мүсін.

Шпунт (нем. Spund) - мүсіншінің тастың әр түрін алғашқы өңдеуде қолданатын құралы. Үлкен тастардан балғамен ұрып, керек емес бөліктерін алып тастау үшін қолданады.

Графика ұғымы суретшілер іс-әрекетінің өте кең және сан алуан шеңберін қамтиды. Кескіндемеден ерекшелігі сол, графикамен біз барлық жерде кездесеміз. Кітаптағы иллюстрациялар, газеттегі суреттемелер мен карикатуралар, түрлі товарлардың орауыштарын безендіру, көшедегі плакаттар - осының бәрі график-суретшілердің туындылары. Кескіндемемен салыстырғанда графика неғұрлым шартты, ол түстер мен формалардың бүкіл байлығын бере алмайды, графика оларды жеңілдеті отырып, ең негізгісін таңдап алады. Графика өнерінің кескіндемемен кейбір белгілері ортақ: онда да жазықтық үстіндегі бейнелеу орын алады. Графикада сызықтар, штрихтар, ашық және қара қоныр дақтардың ара қатынасы жетекші маңызға ие болады. Графикаға гравюралардың барлық түрлері де жатады, суреттерден айырмашылығы сол, оларды көп дана етіп көбейтуге болады. Гравюралар сондай-ақ ақ-қара және түрлі-түсті болады.

Графика үшін тұтас алғанда қолданылған түстің шарттылығы, образдың жалпылығы, әсірелеу мен символика тән. Графика өнерінде кескіндемемен және мүсінмен салыстырғанда сыртқы ұқастықтан едәуір ауытқуға жол беріледі. Графика өнерінде қолданылатын келесі терминдерге жеке-жеке тоқталып өтейік.

Автолитография /грек. autos - өзі, lithos — тас, grapho — жазу, сурет салу/ - суретшінің литографиялық таста тікелей жұмыс істеу әдістерінің бірі. Автолитографияны суретші бүтіндей (өңдеу және бастыру үдерісін қоса) немесе өңдеуге дейін орындайды. Бұл жағдайда тасты полиграфист - ұстасы өңдейді. Автолитографияны кейде тастың орнына қолданатын мырыш немесе алюмин пластиналарының бетінде орындайды.

Акватинта /латын. aqua - су, tinta - түс/ - металл бетінде орындалған тереңдетілген гравюраның бір түрі: таяқтың бетіне тозаңдырудың көмегімен қышқылға төзімді ерітілген смоладан ұсақ тор жасалады. Осы тордың тесігі арасынан металды түрлі тереңдікте өңдейді, мұның өзі өте ұсақ нүктелерден түзілген тональдық дақтар жасайды. Бұл тональдық дақтардың фактурасы өте алуан түрлі болуы мүмкін. Акватинта таза түрінде сирек қолданылады, көбіне - басқа мәнерлермен үйлесімді қолданылады.

Ксилография /грек. xylo — ағаш, grapho — жазамын/ - ағашқа жасалған гравирлеу мен гравюраны атайды. Ксилография - гравюраның ең көп тараған түрінің бірі. Ксилография қатты да серпімді ағаш кесіндісіне ойып жасалады. Металға жасалған гравюрадан өзгешелігі, болашақ ашық орындар таңдап алынады, ал оттискінің болашақ күнгірт орындары рельеф күйінде қалады.

Лавис /франц. lavis - қарайту, шаю/ - өте жұмсақ және алуан түрлі тональдық қатынастарды жасауға мүмкіндік беретін мәнер. Лависте акватинамен ұқастық көп, бірақ ерекшелігін белгілері де бар: олар - өңдегіш құраммен тікелей тастаға сурет салу мүмкіндігі және осының нәтижесінде - реңдік градациялардың ерекше бай болатындығы.

Линогравюра - линолеумге жасалатын гравюра. Гравюраның бұл түрінің көркемдік жетістіктері мен мүмкіндіктері кем емес. Орындалу жағынан ксилографияға жақын. Линогравюра ықшамды әрі өзіндік ерекшелігі бар, ол өзіндік, мүлдем ерекше әсерлік құралдарына ие.

Литография /грек. litos — тас және grapho — жазамын/ - бейне ерекше тегістелген тас бетіне жасалатын және содан кейін одан арнайы машинада немесе қол станогында басылатын графикалық өнер түрі. Литография тек тастан ғана емес, сонымен бірге мырыш немесе алюмин пластинкалардан да басылады.

Меццо - тинто /итал. mezzo - тinto - жартылай боялған/ металдағы тереңдетілген гравюра түрі. Суретші қанық түстен ашық түске өте отырып, тондық дақтармен жұмыс істейді.

Олеография /латын. oleum - май, грек. grapho - жазу, салу/ - 19 ғ. тараған, майлы кескіндеменің туындауына есептелінген түрлі-түсті литография.

Офорт /франц. eau-forte - "күшті су", яғни азот қышқылы/ - металл бетіндегі гравюраны қышқылмен өңдеуді айтады. Офортты гравирлеу кезінде қос ине де, тіпті кейде бір сапқа қағылған бір буда ине де пайдаланылады.

Резерваж /латын. reservare - жинау, сақтау/ - металл бетіне арнайы сиялармен гравирлеу. Бұл мәнерде алдымен желімнен, қанттан және қара пигменттен тұратын арнайы сиялармен металл бетіне сурет жасайды.

Резерважға арналған суретті не қаламұшпен немесе кәдімгі жұмсақ қышқаламмен жасауға болады.

Ремарки /франц. remarque - белгі/ - гравюраның сюжетімен байланыссыз металл бетіндегі кішірек бейнелер.

Фотография /грек. phos - түс и grapho - жазу/ - көркем полиграфияның бөлімі.

Хромофотография /грек. chroma - түс, lithos - тас, grapho - жазу, салу/ - бірнеше таста орындалатын түрлі-түсті литография.

Штихель - ағашқа жасалатын гравюраны кесу үшін арналған аспап. Олардың атқаратын қызметіне қарай түрліше кималары болады. Штихельдер түрлері: графштихельдер, тонштихельдер, болтштихельдер.

Шелкография - көркем трафаретті басылымның түрі. Шелкографияның көмегімен қағазға ғана емес, сонымен бірге теріде, шыныда, металда, матада, ағашта басуға болады. Шелкография майлы бояу қолданады.

Экслибрис /латын. exlibris - "кітапханаларынан"/ - шағын қағаз парақтарына басылған кітап белгілері.

Эстамп франц. estampe деген сөзінен шыққан. Оттискіні эстамп деп те атайды.

Бейнелеу өнерінің келесі түрі - қолданбалы өнер. Қолданбалы өнер деп эстетикалық сапаларға ие, өзінің әдемілігімен біздің көзімізді қуантатын тәжірибелік пайдалы заттар жасауды айтады. Бұл өнер өзінің табиғаты жағынан сәулет өнерімен туыстас: онда пайда мен әсемдік бірігіп жатады.

Қолданбалы өнер халық шығармасымен ерекше тығыз байланысты. Мұндай өнер туындыларына жиһаз, кілемдер, ыдыс аяқтар, үй-іші тұрмысында қолданылатын басқа да тұрмыстық заттар және ойыншықтар жатады. Қолданбалы өнер адамдардың тұрмысына ғана еніп қоймай, өнеркәсіп өндірісі саласында да батылырақ және берік орнығуда. Қолданбалы өнердің бұл саласы дизайн /ағыл. design — түпкі ой, жоба/ деп аталды. Бұл көркемдік жобалау, жай пайдалы машиналарды әрі пайдалы, әрі әдемі машиналарға айналдыру өнері. Осы өнердің осы бір ерекше түрлеріне қатысты терминдерді былайша сипаттауға болады:

Апликация /латын. applicatio - жапсарлау/ - матаға, қағазға және басқа материалдардың бетіне өрнектерді, бейнелерді тігу, жапсыру әдісі.

Батик - суретшінің түрлі-түсті матаға қолымен сурет салу әдісі.

Бисер /араб.бусра/ - түсті және түссіз мөлдір шыныдан жасалынған тесігі бар моншақтар жасау өнері.

Бутофория /итал. buttafuori - актерларды сахнаға жіберетін театр жұмысшысы/ - спектакльдерге әр түрлі бұйымдардың орнына қолданатын арнайы жасалған бұйымдар /жиһаз, мүсін, ыдыс, қару-жарақ, т.с.с./.

Гобелен /франц. gobelin/ - жоғары көркем сапалағы қолдан тоқылған кілем-туынды.

Икэбана /жапон. -гүлдер өмірі/ - дәстүрлі Жапон өнеріндегі маусымға, іс-шараға, көңіл-күйге сай символикалық гүл шоқтарын жасау өнері.

Коллаж /франц. collage - жапсыру, жапсармалау/ - жазықты немесе көлемді материалдардан, дайындалған 20 ғ. графикалық шығармалар туындыларын жасау техникасы.

Нэцке - ортағасырлық жапон елінің сәндік қолданбалы өнерінің ағаштан, тастан, сүйектен, мүйізден, металдан жасалған түймелердегі, т.б. бұйымдардағы салынған мүсіндік миниатюралар.

Пальметта — стильді, ирек жапырақтағы өрнекті мотив.

Папье - машье /франц. papier, mache - мыжылған қағаз/ - майдаланған және жібітілген қағаздан және басқа заттардан жасалынған маска.

Сюзане - қабырғаға арналған жібек, мулине жіптерімен орындалған макта, жібек, барқыттағы кесте.

Тамбур /франц. tambour/ - қолдан немесе тігін машинасында ілмекпен тоқу техникасында-орындалған кесте түрі.

Терминдерге этимологиялық талдаулар жасау сабақта немесе бейнелеу өнері жұмыстарында жүзеге асады. Нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу сабақтарымен қатар бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақтарда терминдердің шығу негізінде талдаулар жасау ұтымдылығын көрсетті. Қорыта айтқанда, терминдерге этимологиялық талдау жасау өнертану ұғымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Студенттердің көркемдік білімі деңгейін көтеріп, танымдық белсенділігін қалыптастырып, сөйлеу мәдениетін арттырады.

Бейнелеу өнерінің терминдерінің шет тіліндегі баламаларын зерттеу барысында терминдерді ұлттық ерекшеліктеріне қарай талдау әдістері және бейнелеу түрлеріне қарай талдау әдістері қолданылды. Бейнелеу өнерінің

шет тіліндегі терминдерін ұлттық ерекшеліктеріне қарай талдау әдістерінің құрамдаушылары, термин қай елдің, қайсы ұлттың тілінің базасында жасалынғаны, қолданылғаны, қандай мағынаны білдіретінін анықтау тәсілдерін біріктіреді. Бейнелеу өнерінің шет тіліндегі терминдерін бейнелеу өнерінің түрлеріне қарай талдау әдістерінің құрамдаушылары, сол терминнің бейнелеу өнерінің қандай түріне қатысы барлығын, қандай бейнелеу техникасына байланысты айтылатыны, бейнелеу шеберінің қандай іс әрекетіне қатысты қолданылатындығын талдау тәсілдерімен айқындалатынын көрсетеді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық бейнелеу өнерінің орнын, мәні мен мағынасын танып білуде шетел халықтарының тілінің базасында жасалған терминдер жүйесін анықтау қажеттігі арта түсуде. Бейнелеу өнерінің дамуын анықтауда, өнертанымдық негізін тануда, бейнелеу тілінің және оның шет тіліндегі терминологиясын жіктеу қажеттігі көрінуде. Оның ішінде бейнелеу өнерінің терминдерінің шет тіліндегі баламаларын танып білу қажеттігі туындауда.

Бейнелеу өнері терминдерінің шет тіліндегі баламаларын зерттеу барысында олардың негізгі ұғымдарының анықтамасын нақтылау орынды. Белгілі ғылыми пәндердің терминдеріне байланысты әдебиеттерді сараптау негізінде терминдердің ішкі мағынасы, ұғым мен термин мәселесі, терминнің ұлттық белгісі, терминнің пәндік белгісі мәселелеріне қатысты анықтамалар беруге мүмкіндіктер белгілі болды. Бейнелеу өнерінің термині дегеніміз - бейнелеу өнерінің негізгі бір ұғымын білдіретін сөз ретінде тануға болады. Терминнің ұлттық белгісі деген, белгілі бір ұғымды ұлттық тілдің мазмұны арқылы білдіретін терминнің сөздік формасы ретінде анықталады. Терминнің жиілігі дегеніміз - бейнелеу өнері мәтнінде белгілі бір терминнің қолданылуының қайталану ретінің өлшемімен көрініс табуы болып табылады. Терминнің пәндік түріне қатысты белгілері - дегеніміз шет тіліндегі терминнің бейнелеу өнерінің түрлерінің біріне немесе бірнешеуіне қатысты қолданылуын білдіреді. Бейнелеу өнерінің терминдерінің шет тіліндегі баламаларын зерттеу барысында терминдерді ұлттық ерекшеліктеріне қарай талдау әдістері және бейнелеу түрлеріне қарай талдау әдістерін анықтауды қажет етеді. Бейнелеу терминдерін ұлттық ерекшеліктеріне қарай талдау әдістерін және бейнелеу түрлеріне қарай талдау әдістерін анықтау бізге шет тіліндегі бейнелеу терминдерін жүйелеуге мүмкіндік береді. Бейнелеу өнерінің шет тіліндегі терминдерінің өнертанымдық әдебиеттерде қолданыс жиілігін зерттеу нәтижесі, бұл терминдерді біріншіден шет елдер халықтарының тіліне қарай, онан соң бейнелеу өнерінің түрлеріне қарай төмендегі формада жіктеуге болатыны анықталды.

Француз тілі базасында жасалған кескіндемеде кездесетін терминдер: багет, витраж, гризайль, контраст, этюд, этюдник; мүсінде кездесетін терминдер: рельеф, барельеф, бисквит бучарда, горельеф, муляж, лавис. Графикада кездесетін терминдер: офорт, ремарки, эстамп; сәулет өнерінде кездесетін терминдер: колоннада, консоль, люкарна, мансарда, розетка.

*Италиян тілі базасында жасалған* кескіндемеде кездесетін терминдер: асекко, пастель, пленэр, фреска; мүсінде кездесетін терминдер бюст, тондо, меццо – тинто; сәулет өнерінде кездесетін терминдер: гротески, маскарон.

*Ағылшын тілі базасында жасалған* кескіндемеде кездесетін терминдер: мазок, антаблемент – брутализм, акварель, анималист, колорит, марина, сангина; мүсінде кездесетін терминдер: контррельеф; графикада кездесетін терминдер скарпель, акватинта, олеография, резерваж, экслибрис; сәулет өнерінде кездесетін терминдер: волюта, инкрустация, капитель.

*Неміс тілі базасында жасалған* кескіндемеде кездесетін терминдер: блик, мольберт; мүсінде кездесетін терминдер: шпунт, штихель; сәулет өнерінде кездесетін терминдер: вимперг т.б.

*Грек тілі базасында жасалған* кескіндемеде кездесетін терминдер: гамма, монотопия; мүсінде кездесетін терминдер: анфас, герма, монолит; графикада кездесетін терминдер: автолитография, ксилография, литография, фотография, хромофотография; сәулет өнерінде кездесетін терминдер: аканф, капитель, колоннада, ионикалық ордер, карниз, кариатида, нимфей, пирамида.

*Орыс тілі базасында жасалған* кескіндемеде кездесетін терминдер: мозайка, набросок, палитра, флористика. графикада кездесетін терминдер: стека, линогравюра, шелкография; сәулет өнерінде кездесетін термин: гульбище.

Шет тіліндегі бейнелеу өнері терминдері, біріншілен бейнелеу түріне онан соң жеке белгілі бір халық тіліне қарай жіктелу формасы төмендегідей формада болды .

*Кескіндеме терминдерін* мынандай бағыттарға бөліп жіктеуге болады: Француз тілі базасында жасалған кескіндемеде кездесетін терминдер: багет, витраж, гризайль, контрас, этюд, этюдник. Италиян тілі базасында жасалған, кескіндемеде кездесетін терминдер: асекко, пастель. Ағылшын тілі базасында жасалған кескіндемеде кездесетін терминдер: мазок, антаблемент– брутализм, акварель, анималист, колорит, марина, сангина. Неміс тілі базасында жасалған кескіндемеде кездесетін терминдер: блик, мольберт. Грек тілі базасында жасалған кескіндемеде кездесетін терминдер: гамма, монотопия.

*Мүсін терминдерін* мынандай бағыттарға бөліп жіктеуге болады. Француз тілі базасында жасалған мүсінде кездесетін терминдер: рельеф, барельеф, бисквит бучарда, горельеф, муляж, лавис. Италиян тілі базасында жасалған мүсінде кездесетін терминдер бюст, тондо, меццо – тинто. Ағылшын тілі базасында жасалған мүсінде кездесетін терминдер: контррельеф. Неміс тілі базасында жасалған мүсінде кездесетін терминдер шпунт, штихель. Грек тілі базасында жасалған мүсінде кездесетін терминдер: анфас, герма, монолит.

*Графика терминдерін* мынандай бағыттарға бөліп жіктеуге болады. Француз тілі базасында жасалған графикада кездесетін терминдер: офорт, ремарки, эстамп. Ағылшын тілі базасында жасалған графикада кездесетін терминдер скарпель, акватинта, олеография, резерваж, экслибрис. Грек тілі

базасында жасалған графикада кездесетін терминдер автолитография, ксилография, литография, фотография, хромофотография.

*Сәулет терминдерін* мынандай бағыттарға бөліп жіктеуге болады. Француз тілі базасында жасалған сәулет өнерінде кездесетін терминдер: колоннада, консоль, люкарна, мансарда, розетка. Италиян тілі базасында жасалған сәулет өнерінде кездесетін терминдер: гротески, маскарон. Ағылшын тілі базасында жасалған сәулет өнерінде кездесетін терминдер: волюта, инкрустация, капитель. Неміс тілі базасында жасалған сәулет өнерінде кездесетін терминдер: вимперг. Грек тілі базасында жасалған сәулет өнерінде кездесетін терминдер аканф, капитель, колоннада, ионикалық ордер, карниз, кариатида, нимфей, пирамида.

Бейнелеу өнерінің шет тіліндегі терминдерін зерттеу нәтижесі, шет тілі базасында жасалған терминдердің ең көп қолданылатыны француз, италиян, ағылшын, тіліндегі терминдер болып анықталды. Орташа қолданыстағы, терминдер неміс тілдеріндегілер екендігі көрінді. Ал грек және орыс тілдері негізінде жасалғандарының аз көлемде қолданылатындығы айқындалды.

Қорытындылай айтқанда бейнелеу өнерінің шет тілі базасында жасалған терминдері негізінен қазақ тіліне, орыс тілі арқылы өткен. Көрсетілген бейнелеу өнері терминдерінің шет тіліндегі баламаларын сараптау нәтижелері қазіргі ақпараттық технологиялар жүйесінде бейнелеу өнерінің шет тілі базасында жасалған терминдерге ізденіс жұмыстарын жүргізуге оң әсері бар екені анықталды.

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН ТЕРМИНДЕРІН ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

I. лекция. Тақырыбы: Бейнелеу өнері терминдері. Бейнелеу өнері терминдерінің түрлері. Бейнелеу өнері терминдерін жіктеу. Бейнелеу өнері терминдерінің білімдік тәрбиелік мәні.

II. Оқу сағаты: 50 минут

III. Сабактың көрнекілігі: Дербес компьютер, плакат, интерактивті такта, суретшілер шығармаларының және колөнер бұйымдарының иллюстрациялары.

IV. Тақырыптың өзектілігі: Бейнелеу өнері терминдері - графика, кескіндеме, мүсін, сәндік өнер, дизайн түрлеріне бөлінеді. Қазақ бейнелеу өнерінің негізгі шығармалары тұрмыстық, тарихи, соғыс әскери, пейзаж, портрет жанрларына жазылған. Бейнелеу өнері терминдері оқушыларға көркемдік білім береді. Қазақ бейнелеу өнеріндегі табиғат көріністерін бейнелеген шығармалар оқушылардың әсемдік талғамын арттырумен қатар олардың ел жағрапиясынан түсініктерін арттырады, өнер мен адамдар қарым қатынастарынан хабар беріп олардың ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін арттырады, бейнелеу өнерінің білімдік және тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді, оларды өнертанымдық бағыттарға жіктеуге болады..

V. Дидактикалық мақсаттары: Бейнелеу өнері терминдерінің мазмұны мен мақсатын ашу. Бейнелеу өнері терминдері ретіндегі сипаттамасын беру. Бейнелеу өнері терминдерінің даму тарихын түсіндіріп, оның көркемдік тәсілдерімен танысу. Бейнелеу өнері терминдері талдаудың өлшем бірлігін пайдалана отырып болашақ мұғалімдерге оларды болашақ педагогикалық қызметіне қажетті педагогикалық сапа ретінде талдау әдістерін меңгерту.

VI.1. Студент білуі тиіс: Бейнелеу өнері терминдері бейнелеу өнері түрлеріне, жанрларға және тақырыптарға байланысты жіктеу, талдау және жинау білімін; бейнелеу өнері шеберлерінің шығармаларындағы бейнеленген перспектива, жарық пен көлеңке, түр мен түс ұғымдары мен терминдерін; бейнелеу өнері терминдерін жасау, салу, ою, т.б. технологиясын талдау тәсілдерінен терминдер мен білімі; бейнелеу өнері терминдерін талдау әдістерін білуі; графика терминдерін талдау білімі; кескіндеме терминдерін талдау білімі; мүсін терминдерін талдау білімі; қолөнер терминдерін талдау білімі.

VI.2. Студент орындай алуы тиіс: Бейнелеу өнері терминдерін бейнелеу түрлеріне, жанрларына және тақырыптарға жіктеу, талдау және жинау іс әрекетін; бейнелеу өнері шеберлерінің өмірі мен қызметін талдаудың педагогикалық іс әрекетін; бейнелеу өнерінің перспектива, жарық пен көлеңке, түр мен түс құбылыстарына байланысты терминдері мен ұғымдарын танытудың педагогикалық іс әрекетін; бейнелеу өнері терминдері талдаудың педагогикалық іс әрекетін; бейнелеу өнері шығармасын тақырыптарға талдаудың педагогикалық іс әрекетін; графика терминдері талдаудың педагогикалық іс әрекетін; кескіндеме терминдері талдаудың педагогикалық іс әрекетін; мүсін терминдері талдаудың педагогикалық іс әрекетін; қолөнер терминдері талдаудың педагогикалық іс әрекетін. бейнелеу өнері терминдері арқылы білім беру сабағын жоспарлаудың, ұйымдастырудың педагогикалық іс әрекетін.

VII. Бастапқы алдын-ала берілетін сұрақтар: 1. Бейнелеу өнері терминдерінің бейнелеу түрлері мен жанрларына қатынасы. 2. Бейнелеу өнері терминдерінің даму тарихы. 3. Бейнелеу өнері терминдері және оны сабақта қолдану мазмұны. 3. Бейнелеу өнері терминдері және оны сабақта қолдану әдістері.

VIII. Студенттердің өзіндік жұмыстары: №1. Бейнелеу өнері терминдерін жанрларға байланысты бөліп, оларға сипаттама беру; №2. Бейнелеу өнері терминдерін тақырыптарға бөліп, оларға сипаттама беру; №3. Бейнелеу өнері терминдерін бейнелеу мүмкіндіктеріне қарай бірнеше түрлерге бөліп, оларға сипаттама беру; №4. Бейнелеу өнері терминдерін дамуын жеке кезеңдерге бөліп, оларға сипаттама беру; №5. Бейнелеу өнері терминдерін бейнелеу өнері түріне қарай бөліп, олардың шығармашылықтарын біріктіретін сипаттама беру; №6. Графика терминдерін бөліп алып, оларға сипаттама беру; №7. Кескіндеме терминдерін бөліп алып, оларға сипаттама беру; №8. Мүсін терминдерін

бөліп алып, оларға сипаттама беру; №9. Қолөнер терминдерін бөліп алып, оларға сипаттама беру. №10. Портрет жанрының терминдерін бөліп, оларға сипаттама беріңіз.

IX. Ақпараттық-дидактикалық блок. Бейнелеу өнері графика, кескіндеме, мүсін, сәндік өнер, дизайн түрлеріне бөлінеді. Бейнелеу өнерінің негізгі шығармалары тұрмыстық, тарихи, соғыс әскери, пейзаж, портрет жанрларына жазылған. Бейнелеу өнерін өнертанушылар Г.Сарықұлова, Н.Нұрмұханбетов, Е.Вандаровская, К.Ли, М.Өмірбекова, Қ.Ыбраева, М.Ғабитова, сәндік қол өнерін Ә.Марғұлан, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, М.Мұханов, Т.Тәжімұратов, Ө.Жәнібеков өз зерттеулерінде бейнелеу өнері терминдерін орынды өолданған. Бейнелеу өнерінде ел тарихын, табиғатын, елдің тарихи кезеңдерін, тарихи тұлғаларын бейнелейтін шығармалар оқушыларға тарихи білім берумен қатар терминдер мен ұғымдар туралы түсініктер береді, ұлттық құндылықтар туралы білімін арттырады, бейнелеу өнерінің білімдік және тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді.

X. Оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысы: 1. Бейнелеу өнері терминдері бойынша С.Ө.Ж.-нің нәтижелерін талдау. 2. Бейнелеу өнері терминдері бойынша алдын-ала берілген сұрақтарға жауап беру. 3. Бейнелеу өнері терминдерін талдау тәсілдерін пайдаланып, бейнелеу өнері туындыларына сипаттама беру.

XI. Қорытынды бақылау сұрақтары: 1. Бейнелеу өнері терминдерінің мүмкіндіктері нелер болып табылады? 2. Бейнелеу өнері терминдері дегеніміз не? 3. Бейнелеу өнері терминдері басқа өнер (музыка, театр т.б.) терминдерінен айырмашылығы неде? 4. Кескіндеме терминдерінің бейнелеу өнерінің басқа түрлері (графика, мүсін т.б.) терминдерінен айырмашылығы неде? 5. Перспектива құбылысын білдіретін термин? 6. Жарық пен көлеңке заңдылықтарын біріктіретін термин? 7. Композиция жасау тәсілдері білдіретін термин қандай? 8. Кескіндеме шығармаларын білдіретін терминді талдаудың өлшем бірліктері қандай? 9. Графика шығармаларын білдіретін терминді талдаудың өлшем бірліктері қандай? 10. Мүсін шығармаларын білдіретін терминді талдаудың өлшем бірліктері қандай? 11. Қолөнер бұйымдарын білдіретін терминді талдаудың өлшем бірліктері қандай? 12. Дизайн туындыларын білдіретін термин талдаудың өлшем бірліктері қандай?

XII. Студенттерді бағалау: берілген тапсырманы орындауына, С.Ө.Ж.-нің нәтижелерін талдауына және іс әрекетіне қарап студенттердің білімі мен құзыреттіліктері байланысты бағаланады.

XIII. Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Ералин Қ.Е. Қазақстан бейнелеу өнері. Түркістан, Тұран, 2009; 2. Марғұлан Ә. Қазақ сәндік қолданбалы өнері. 1 том, Алматы, Өнер, 1987; 3. Өмірғазин Қ.Ж. Қазақ қолөнері. Алматы, 2002.

2 лекция

I. Тақырыбы: Бейнелеу өнері терминдеріндегі әртүрлілік және аударма. Бейнелеу өнері терминдерінің түрлері. Бейнелеу өнері терминдері.

Бейнелеу өнері терминдерін жіктеу. Бейнелеу өнері терминдерінің білімдік тәрбиелік мәні.

II. Оқу сағаты: 50 минут

III. Сабақтың көрнекілігі: Дербес компьютер, плакат, интерактивті такта, суретшілер шығармаларының және қолөнер бұйымдарының иллюстрациялары.

IV. Тақырыптың өзектілігі: Бейнелеу өнері терминдері қолдануда әртүрліліктер жиі кездеседі. Қолданыстағы әртүрліліктер бейнелеу өнерінің терминдерінің мәнін жаңсақ түсінуге алып келеді. Бейнелеу өнерінің бір түсінігін бір ғана термин анықтайды. Мұндай жағдай ғылым мен өнердегі нақтылықты қамтамасыз етеді. Практикада кескіндеме терминінің бірнеше баламалары қатар қолданылған кездер болды, бірақ қазір ол жағдай тұрақталды. Қоғам өмірі мен баспасөзде терминдердің қолданысындағы тұрақтылық болуы қажет және барлық терминдерді терминком бекіткеннен кейін қолданыстағы термин тұрақталады.

V. Дидактикалық мақсаттары: Бейнелеу өнері терминдерінің әртүрлілігі мен тұрақсыздығы ұғымының мазмұны мен мақсатын ашу. Бейнелеу өнері терминдері ретіндегі әртүрлілігі мен тұрақсыздығы туралы сипаттама беру. Бейнелеу өнері терминдерінің даму тарихындағы әртүрлілігі мен тұрақсыздығы мәнін түсіндіріп, оны талдау тәсілдерімен танысу. Бейнелеу өнері терминдері талдаудың өлшем бірлігін пайдалана отырып болашақ мұғалімдерге оларды болашақ педагогикалық қызметіне қажетті педагогикалық сапа ретінде талдау әдістерін менгерту.

VI.1. Студент білуі тиіс: Бейнелеу өнері терминдеріндегі әртүрлілігі мен тұрақсыздығына байланысты жіктеу, талдау және жинау білімін; бірнеше баламалары бар ұғымдары мен терминдерін; бейнелеу өнері терминдерінің әртүрлілігінің болу себептерін талдау білімін; бейнелеу өнері терминдерін жасау әдістерін білуі; терминдер мен ұғымдарды талдау білімі; белгілі саланың терминдерін талдау білімін.

VI.2. Студент орындай алуы тиіс: Бейнелеу өнері терминдерін бейнелеу түрлеріне, жанрларына және тақырыптарға жіктеу, талдау және жинау іс әрекетін; бейнелеу өнері шеберлерінің өмірі мен қызметін талдаудың педагогикалық іс әрекетін; бейнелеу өнерінің перспектива, жарық пен көлеңке, түр мен түс құбылыстарына байланысты терминдері мен ұғымдарын танытудың педагогикалық іс әрекетін; бейнелеу өнері шығармасын тақырыптарға талдаудың педагогикалық іс әрекетін; графика терминдері талдаудың педагогикалық іс әрекетін; бейнелеу өнері терминдері арқылы білім беру сабағын жоспарлаудың, ұйымдастырудың педагогикалық іс әрекетін.

VII. Бастапқы алдын-ала берілетін сұрақтар: 1. Бейнелеу өнері терминдерінің әртүрлілігінің қоғам дамуына қатынасы. 2. Бейнелеу өнері терминдерінің даму тарихы мен мамандардың даярлануы. 3. Бейнелеу өнері терминдеріндегі әртүрлілік пен тұрақсыздықты болдармау жолдары қандай. 4. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары қандай.

VIII. Студенттердің өзіндік жұмыстары: №1. Бейнелеу өнері терминдерін қолданысындағы әртүрліліктердің болуына байланысты бөліп, оларға сипаттама беру; №2. Бейнелеу өнері терминдерін жасауға байланысты бірнеше бағытқа бөліп, оларға сипаттама беру; №3. Бейнелеу өнері терминдерін бейнелеу мүмкіндіктеріне қарай бірнеше түрлерге бөліп, оларға сипаттама беру; №4. Бейнелеу өнері терминдерін дамуын жеке кезеңдерге бөліп, оларға сипаттама беру; №5. Бейнелеу өнері терминдерін бейнелеу өнері түріне қарай бөліп, олардың шығармашылықтарын біріктіретін сипаттама беру; №6. Бейнелеу өнері терминдерінің газет беттеріне жарияланғандарын бөліп алып, оларға сипаттама беру.

IX. Ақпараттық-дидактикалық блок. Бейнелеу өнері терминдері оқушыларға эстетикалық тәрбие беру ісінде, таным қабілетін дамытуда теориялық және практикалық білімді меңгеруде аса маңызды роль атқарады. Терминдер қарым қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Бейнелеу өнері сабағына байланысты қазақ тіліндегі әдебиеттермен қатар бейнелеу өнері туралы қазақ тіліндегі термин сөздер өте аз. Қазақ тіліндегі терминдердің көбісі орыстілі арқылы қазақ тіліне өткен терминдерден құралады. Бұл жағдай оқыту үдерісінде белгілі дәрежеде қиындықтар туғызады. Терминдердің ішкі мағынасын түсіну кейбір жағдайларда қиындық туғызады. Кейбір терминдер мағынасына сай аударылмайды; кейбірінің мазмұнына қарай аударуда кемшіліктер орын алады; Шет тілінен алынған сөздерді сол күйінде термин ретінде пайдалануға орын беріледі; Шет тілінен алынған сөздердің мағынасына сай аударуға мүмкіндігі болса аударма жасалмайды. Сондықтан көптеген термин сөздері қазақ тіліне мағынасына сай аударып сабақта қолдану қажеттігі туындауда.

Термин сөздерді аудару үдерісінде мынадай жағдарларды ескеру қажет. 1. Терминді тура мағынасында аудару; 2. Мазмұнына қарай аудару; 3. Шет тілінен алынған сөздерді сол күйінде пайдалану; 4. Шет тілінен алынған сөздерді мүмкіндігі болса аударма жасау. Қазақ тіліндегі әдебиеттерде, баспасөз беттерінде «натура», «рисование с натурь», «изображение» деген сөздер әртүрлі аударылып жүр. «Натура» - бейнелейтін нысанды білдіреді. Бұл сөзді зат, нәрсе, нұсқа деп қатар қолданып жүрміз. Ол жеке айтылған болса бұл сөздің әрқайсысының айтылатын ойға байланысты әртүрлі мағынасы бар. Негізінде оны «нұсқа» деп аудару орынды сияқты.

Бейнелеу өнері сабақтарының бірі «рисование с натурь» деп аталады. Оны нәрсеге қарап сурет салу, натураға қарап сурет салу, нұсқаға қарап сурет салу деген сөз жансыз объектілерге қатысты. Біз сабақта жансыз заттар мен қатар жанды заттарды да бейнелейміз. Сондықтан жанды заттардың бәрін «зат» немесе «нәрсе» деп атай беруге болмайды. Осы әртүрлі аудармалардың ішінен жанды затқа да, жансыз затқа да қолдануға болатын нұсқаға қарап сурет салу дегенді пайдаланған дұрыс. «Изображение» - бейне, нұсқаның қағаз бетіндегі көрінісі. Әдетте қағаз бетіндегі көріністің бәрін «сурет» деп атаймыз. Шын мәнінде орындалу

техникасын, орындалу мүмкіндіктеріне байланысты кескіндеме, графика, мүсін, сәндік өнер деп бірнеше түрге бөлінеді. Осы өнер түрлерінің жиынтығы «бейнелеу өнері» деп аталады. Ал «рисунок» деген терминнің баламасы «сурет» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан «искусстваны» — көркем өнер деп, кескіндеме, графика, мүсін, сәндік өнерінің шығармаларын бейнелеу өнер шығармалары деп аталған жөн.

Оқыту үдерісінде «компоновка», «композиция» деген сөздер жиі қолданылады. Компоновка - көріністің бейнесін қағаз бетіне дұрыс орналастыру. Яғни бейнені қағаз өте үлкен немесе өте кішкене болмайтындай, қағаз өлшеміне сәйкес етіп орналастыру қажет. Композиция латын сөзі үйлестіру, құрастыру деген мағынаны білдіреді. Яғни белгілі бір ойды көрініс бейнелері арқылы білдіру немесе құрастыру. Кейбір сөздер өте кең мағынаны қамтиды, оқушыларға түсіндіруге аса қиындық туғызады. «Колорит» деп аталатын термин. Колорит - картинадағы бояулар түстерінің үндестігі. Шығармадағы бояулар түстері идеялық ойды ашып көрсетуде үлкен роль атқарады. Колорит бірнеше түрлерге, типтерге бөлінеді. Сондықтан сабақ барысында мұндай сөздерді түсіндіру үшін неғұрлым оқушыларға түсінікті, қысқа мазмұнды болу жағын ойластырған жөн. Бейнелеу өнері әдебиеттерінде живопись (кескіндеме) шығармаларына байланысты «письма» жазу деген сөз қолданылады. Мысалы: в формировании колорита существенную роль играет техника живописного письма. Осы «письма» деп аталатын сөзді қазақ тілінде «салу» деген сөз «тіршілік және жазу», тіршіліктегідей етіп жазу деген мағынаны білдіреді. Живопись қазақ тілінде «кескіндеме» деп аударылған. Бұл кескіндеме жұмысын орындағанда шығармашылық және логикалық ойлауымыз қажет. Сондықтан «салу» дегенге қарағанда живопись жұмыстарын «жазу» деп атау орынды.

X. Оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысы: 1. Бейнелеу өнері терминдеріндегі әртүрліліктің болуы бойынша С.Ө.Ж-нің нәтижелерін талдау. 2. Бейнелеу өнері терминдеріндегі әртүрліліктің болуы бойынша алдын-ала берілген сұрақтарға жауап беру. 3. Бейнелеу өнері терминдеріндегі әртүрліліктің болуын талдау тәсілдерін пайдаланып, бейнелеу өнері сабақтарының мазмұнына сипаттама беру.

XI. Қорытынды бақылау сұрақтары: 1. Бейнелеу өнері терминдерінің әртүрліліктерін болдырмау мүмкіндіктері нелер болып табылады? 2. Бейнелеу өнері терминдерін қолданудағы әртүрліліктер дегеніміз не? 3. Бейнелеу өнері терминдері басқа өнер (музыка, театр т.б.) терминдерінен айырмашылығы неде? 4. Кескіндеме терминдерінің бейнелеу өнерінің басқа түрлері (графика, мүсін т.б.) терминдерінен айырмашылығы неде? 5. Перспектива құбылысын білдіретін терминдерде әртүрлілік бар ма? 6. Жарық пен көлеңке заңдылықтарын біріктіретін терминдерде әртүрлілік бар ма? 7. Композиция жасау тәсілдері білдіретін терминдерде әртүрлілік бар ма? 8. Кескіндеме шығармаларын білдіретін терминдерде әртүрлілік бар ма? 9. Графика шығармаларын білдіретін терминдерде әртүрлілікті талдаудың өлшем бірліктері қандай? 10. Мүсін терминдерде әртүрлілік бар

ма, болса талдаудың өлшем бірліктері қандай? 11. Қолөнер бұйымдарын білдіретін терминдерде әртүрлілік бар ма, болса талдаудың өлшем бірліктері қандай? 12. Дизайн туындыларын білдіретін терминдерде әртүрлілік бар ма болса, талдаудың өлшем бірліктері қандай?

XII. Студенттерді бағалау: берілген тапсырманы орындауына, С.Ө.Ж-нің нәтижелерін талдауына және іс әрекетіне қарап студенттердің білімі мен құзыреттіліктері көріністеріне байланысты бағаланады.

XIII. Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Ералин К.Е. Қазақстан бейнелеу өнері. Түркістан, Тұран, 2009; 2. Марғұлан Ә. Қазақ сәндік қолданбалы өнері. 1 том, Алматы, Өнер, 1987; 3. Әмірғазин Қ.Ж. Қазақ қолөнері. Алматы, 2002.

### 3 лекция

I. Тақырыбы: Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдерін жасау ұстанымдары. Бейнелеу өнері терминдерінің жасалу тарихына қысқаша шолу. Бейнелеу өнері терминдерін жасау жолдары. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын талдау.

II. Оқу сағаты: 50 минут

III. Сабақтың көрнекілігі: Дербес компьютер, плакат, интерактивті тақта, суретшілер шығармаларының және қолөнер бұйымдарының иллюстрациялары.

IV. Тақырыптың өзектілігі: Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдерін жасау ұстанымдары: ғылым мен өнердегі бір ұғымды бір термин арқылы бейнелеу; Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарының болмауы бейнелеу өнерінің терминдерінің мәнін жаңсақ түсінуге алып келеді. Мұндай жағдай ғылым мен өнердегі нақтылықты қамтамасыз ете алмайды. Терминдердің қолданысындағы тұрақтылық болуы міндетті. Тұрақтылық болуын бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарының болмауы қамтамасыз етеді.

V. Дидактикалық мақсаттары: Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары ұғымының мазмұны мен мақсатын ашу. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары туралы сипаттама беру. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары мәнін түсіндіріп, оны талдау тәсілдерімен танысу. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын талдаудың өлшем бірлігін пайдалана отырып студенттерге оларды болашақ педагогикалық қызметіне қажетті педагогикалық сапа ретінде талдау әдістерін меңгерту.

VI.1. Студент білуі тиіс: Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары жіктеу, талдау және жинау білімін; бірнеше баламалары бар ұғымдары мен терминдерін; бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын жасау әдістерін білуі; терминдерді жасау ұстанымдарын талдау білімі; белгілі саланың терминдерін жасау ұстанымдарын талдау білімін.

VI.2. Студент орындай алуы тиіс: Бейнелеу өнері терминдерін бейнелеу түрлеріне, жанрларына және тақырыптарға терминдерді жасау ұстанымдарын жіктеу, талдау және жинау іс әрекетін; бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын талдаудың педагогикалық іс әрекетін;

бейнелеу өнерінің перспектива, жарық пен көлеңке, түр мен түр-құбылыстарына байланысты терминдерін жасау ұстанымдарын танытудың педагогикалық іс әрекетін; бейнелеу өнері терминдерді жасау ұстанымдарын қолдану арқылы білім беру сабағын жоспарлаудың, ұйымдастырудың педагогикалық іс әрекетін.

VII. Бастапқы алдын-ала берілетін сұрақтар: 1. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарының қоғам дамуына қатынасы қандай. 2. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарының даму тарихы мен мамандардың даярлануы. 3. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын анықтау жолдары қандай. 4. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын қолданысқа түсірудің мәні неде.

VIII. Студенттердің өзіндік жұмыстары: №1. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарының қолданысындағы әртүрліліктердің болуына байланысты бөліп, оларға сипаттама беру; №2. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын қолданысқа байланысты бірнеше бағытқа бөліп, оларға сипаттама беру; №3. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын бейнелеу мүмкіндіктеріне қарай бірнеше түрлерге бөліп, оларға сипаттама беру; №4. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарына дамудың жеке кезеңдерге бөліп, оларға сипаттама беру; №5. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын бейнелеу өнері техникасына қарай бөліп, олардың шығармашылықтарын біріктіретін сипаттама беру;

IX. Ақпараттық-дидактикалық блок. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясын ретке келтіру және талдау жасау барысында қазақ тілінің спецификалық ерекшеліктерін және бейнелеу өнерінің терминологиясының жалпы принциптерінен туындайтын мынадай принциптерді басшылыққа алу қажет:

1. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінен терминдерін жасауға қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалану. Кейбір жағдайда термин жасауда қазақ тілінің мүмкіндігі ақырына дейін пайдаланылмайды. Орыс тіліндегі бір сөзді қазақ тіліндегі бір сөзбен жеткізу қиын. Сондықтан екі сөзді сызықша арқылы қосып жазу қажет. Мысалы мольберт - мосы ағаш, бюст-кеуде, мүсін, светотень-жарық пен көлеңке, блик-жылтырақ, дақ т.б.

2. Орыс тіліне аударма жасалмай алынған интернационалдық терминдерді қазақ тіліне де орыс орфографиясына сәйкес аудармасыз алу қажет. Мысалы: акварель, ассиметрия, витраж, галерея, гармония, гравюра, декоратор, декорация, колорит, марина, мозайка, офорт, панно, пастель, пейзаж, симметрия, статуя, фактура, фон, эстамп, экстерьер, этюд.

3. Кейде орыс тіліндегі терминдеріне лайықты балама табылмаған жағдайда, жасандылық пен құрама сияқты қазақ тіліне қарсы элементті жасамай-ақ сол терминді аудармасыз алу қажет. Мысалы: автопортрет, жанр, картина, ксилография, линогравюра, литография, натурщик, обелиск, плакат, транспортант, эмблема.

4. Терминдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударуда мүмкіндігіне қарай, терминнің орыс тіліндегі ішкі формасын сақтау қажет. Мысалы: «орнамент» деген орыс тіліндегі термин тек қана ою деген ұғымды білдіреді. Ал бұл ұғым қазақ тіліне ою-өрнек деп аударылып жүр. Шын мәнінде бұл «орнамент» деген терминді қазақ тіліне ою деп аударма жасау қажет. «Өрнек» деген ұғымның мағынасы орыс тілінде «узор» деп аталып жүр. Сондықтан ою деген мен өрнек дегеннің мағыналарын шатастырмау орынды.

5. Терминдермен шығарманың аттарын тура мағынасында ғана емес, мазмұнына сәйкес аударма жасау қажет. Мысалы: рельеф-бедер, горельеф-биік бедер, барельеф-аласа бедер, компановка-орналастыру.

6. Қолдану принципі. Бейнелеу өнерінің терминологиясын ретке келтіру барысында қолдану дәрежесіне байланысты, кейбір терминдерді сол қолданып жүрген калпында қалдыру қажет. Қолдану барысында түбірі бекіген кең көлемде таралған терминді белгілі дәрежеде кемшіліктері болса да ауыстыруға болмайды, оны бұрынғы калпында қалдыру қажет. Себебі мұндай жағдай бір мағынада екі терминнің болуына әкеп соғады. Бейнелеу өнерінің белгілі түсінігі үшін тек қана бір термин болу қажет. Сондықтан терминологиялық талдаулар жасау үдерісінде терминдердің қолдану дәрежесіне дұрыс көңіл бөлу керек. Мысалы: «Живопись» деген термин қазақ энциклопедиясында «кескіндеме» деп аударылған. Бірақ тәжірибеде кескіндеме дегенге қарағанда «живопись» деген термин өте жиі қолданылады. Бұрыннан түбірі бекіп, кең көлемде қолданылып келген термин десек «живопись» терминін қолдану қажет. Егер терминнің кең көлемде қолданысқа түскен аудармасын алу керек десек «кескіндеме» терминін алу қажет. Біз «кескіндеме» деген терминнің мағынасы «тіршілік» және «жазу» деген ұғымды білдіреді. Шын мәнінде «тірі жазу» дегенмен «кескіндеме» дегенге қарағанда кең түрде қолданылып жүрген «живопись» терминін алу керек деп ойлаймыз. Бұл принциптерді біз орысша - қазақша бейнелеу өнерінің терминдерінің түсіндірме сөздігі жасау барысында қолдандық.

Сактардың мәдениетін үйсін, қаңлы, албан т.б. тайпалары жалғастырды. Бұлардан алтыннан, мыстан жасалған бұйымдарда өрнектермен қатар жануарлардың, құстардың суреттері кездеседі. Осы кезден бастап қолөнердің бірнеше түрлері пайда болуымен қатар олардың атаулары да пайда болды.

Онан бері қарайғы уақытта XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақ халқының қолөнері ішінде «киіз үйдің сүйегін жасау», «өрмек тоқу», «ағаш төсек жасау», «ағаш өрнектеу», «кесте тігу», «киіз басу» сияқты қолөнердің түрлері дами түсті. Осы істердің атаулары шыға бастады. Бұл кезеңде жастарға арнап «ер тұрман мен белдік», қыз-келіншектерге арнап «сәукеле», «шашбау», «білезік», «сырға» жасап оларды түрлі-түсті әшекейлермен өрнектеу аса қарқынмен дами түсті.

Қазақ халқының қолөнері халық тұрмысында жиі қолданатын «өру», «тілу», «тоқу», «мүсіндеу», «құрастыру», «бейнелеу» сияқты түрлерге

бөлінеді. Бұл өнердің түрлерін зерттеу XIX ғасырдың алғашқы жылдарынан басталады. Өткен ғасырдың 80 жылдарынан бастап кеңес ғалымдары В.В. Стасовтың, Ф.К.Давидовтың орыс колөнері туралы зерттеулері, 1906-1948 жылдар аралығында А.А.Боголюбовтың, В.Чепелевтің, А.Н. Берштайндың Орта Азия халықтары туралы зерттеулері жарық көрді. XX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап қазірге дейін қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, К.Ақышев, Т.Бәсенов, С.Касиманов, Е.Тәжімұратов, Ө.Жәнібеков, М.Мұқановтар зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Бұл еңбектерде терминология мәселелері арнайы қаралмағанмен колөнерге байланысты кейбір терминдерге талдау жасамасада, ою-өрнектердің сәулет өнерінде қолдануы, үй тұрмысында қолданатын колөнер бұйымдарын жасау ерекшеліктеріне талдаулар жасалған.

Башқұрт халқының этнограф зерттеушісі Р.Г.Кузеев «қошқар мүйіз» өрнегінің атауы Оңтүстік Сибирь, Қазақстан мен Орта Азия халықтары үшін бірдей мағынаны білдіреді. Ол қазақша — «қошқар мүйіз», башқұртша — «кускар», қырғызша — «кочкар мүйіз», өзбекше — «кучарок» деп аталады. Осындай түркімен, қарақалпақ, азербайжан халықтарында ою-өрнектердің формасымен қатар атаулары ұқсас болып келеді. Әрбір тілі басқа топтар мен халықтың этикалық құрылым үдерісі, белгілі өрнектің шығуы мен мазмұнына, жаңа терминнің шығуына себеп болды. Өнер терминологиясының дамуы өнердің дамуына тікелей байланысты.

X. Оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысы: 1. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары бойынша С.Ө.Ж-нің нәтижелерін талдау. 2. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары бойынша алдын-ала берілген сұрақтарға жауап беру. 3. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын талдау тәсілдерін пайдаланып, бейнелеу өнері сабақтарының мазмұнына сипаттама беру.

XI. Қорытынды бақылау сұрақтары: 1. Бейнелеу өнері терминдерінің әртүрліліктерін болдырмау мүмкіндіктері нелер болып табылады? 2. Бейнелеу өнері терминдерін қолданудағы әртүрліліктер терминдерін жасау ұстанымдары дегеніміз не? 3. Бейнелеу өнері терминдері терминдерін жасау ұстанымдары басқа өнер (музыка, театр т.б.) терминдерінен айырмашылығы неде? 4. Кескіндеме терминдерінің терминдерін жасау ұстанымдары айырмашылығы неде? 5. Перспектива құбылысын білдіретін терминдерде әртүрлілік терминдерін жасау ұстанымдары бар ма?

XII. Студенттерді бағалау: берілген тапсырманы орындауына, С.Ө.Ж-нің нәтижелерін талдауына және іс әрекетіне қарап студенттердің білімі мен құзыреттіліктері көріністеріне байланысты бағаланады.

XIII. Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Ералин Қ.Е. Қазақстан бейнелеу өнері. Түркістан, Тұран, 2009; 2. Марғұлан Ә. Қазақ сәндік қолданбалы өнері. 1 том, Алматы, Өнер, 1987; 3. Әмірғазин Қ.Ж. Қазақ колөнері. Алматы, 2002.

#### 4 лекция

I. Тақырыбы: Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму

кезеңдері қысқаша шолу. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының жасау жолдары. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының ерекшеліктерін талдау.

II. Оқу сағаты: 50 минут

III. Сабақтың көрнекілігі: Дербес компьютер, плакат, интерактивті тақта, суретшілер шығармаларының және колөнер бұйымдарының иллюстрациялары.

IV. Тақырыптың өзектілігі: Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері Тұрақтылық болуын бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарының болмауы қамтамасыз етеді.

V. Дидактикалық мақсаттары: Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары ұғымының мазмұны мен мақсатын Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері ашу. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары туралы Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері сипаттама беру. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері мәнін түсіндіріп, оны талдау тәсілдерімен танысу. Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері талдаудың өлшем бірлігін пайдалана отырып студенттерге оларды болашақ педагогикалық қызметіне қажетті педагогикалық сапа ретінде талдау әдістерін меңгерту.

VI.1. Студент білуі тиіс: Бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдары жіктеу, талдау және жинау білімін; бірнеше баламалары бар ұғымдары мен терминдерін; бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарын жасау әдістерін білуі; Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері талдау білімі; белгілі саланың терминдерін жасау ұстанымдарын, бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері талдау білімін.

VI.2. Студент орындай алуы тиіс: Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері жіктеу, талдау және жинау іс әрекетін; Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері талдаудың педагогикалық іс әрекетін; Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері танытудың педагогикалық іс әрекетін; Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері арқылы білім беру сабағын жоспарлаудың, ұйымдастырудың педагогикалық іс әрекетін.

VII. Бастапқы алдын-ала берілетін сұрақтар: I. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері қоғам дамуына қатынасы қандай. 2. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму тарихы мен мамандардың даярлануы. 3. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдерін анықтау жолдары қандай. 4. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері қолданысқа түсірудің мәні неде.

VIII. Студенттердің өзіндік жұмыстары: №1. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері бөліп, оларға сипаттама беру; №2. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері қолданысқа байланысты бірнеше бағытқа бөліп, оларға сипаттама беру; №3. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері бейнелеу мүмкіндіктеріне қарай бірнеше түрлерге бөліп, оларға сипаттама беру; №4. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының жеке кезеңдерге бөліп, оларға сипаттама беру; №5. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясын даму кезеңдерін бейнелеу өнері техникасына қарай бөліп, олардың шығармашылықтарын біріктіретін сипаттама беру;

IX. Ақпараттық-дидактикалық блок. Бейнелеу өнерін қазақ тіліндегі терминологиясы орыс тілінің бейнелеу өнері терминологиясының тікелей игі әсерімен қалыптасып дамыды. Даму ерекшелігіне байланысты бейнелеу өнерін қазақ тіліндегі терминологиясы революцияға дейінгі және революциядан кейінгі болып бөлінеді. Қазан революциясынан кейін қазақ бейнелеу өнерін дамуына еркін жол ашылды. Бейнелеу өнерін түрлері мен әрбір жанры бойынша маман суретшілер, өнер зерттеушілері, суретші - педагогтар өсіп жетілді, журналдар мен қоғамдық-саяси, оқу педагогикалық және көркем әдебиеттер, ғылым-техника өнердің әрбір салалары бойынша әдебиеттер ана тілінде оқытылды. Мұндай мүмкіндіктер саяси-қоғамдық, ғылыми-техникалық терминдердің дамуымен қатар бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының дамуына жол ашты. Бұл үдерісте орыс тілі ерекше роль атқарады. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясын құрайтын терминдер орыс тілінің негізінде жасалады. «Живопись», «картина», «тон» сияқты бірқатар терминдер орыс тілінен аудармасыз алынды, көптеген терминдер орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасау арқылы өтті. Бейнелеу өнерінің орыс тіліндегі терминологиясы негізінен XVII және XX ғасырларда тұрақтандырылып, жүйеге келтірілді. Бірінші рет сурет жалпы білім беретін пән ретінде — 1715 жылы Теңіз академиясының оқу пәні ретінде қосылды. 1834 жылы орыс суретшісі А.П.Сапожниковтың «Курс рисования» деп аталатын оқулығы алғаш рет жалпы білім беретін оқу орындарына арнап шығарылды.

1844 жылы атақты педагог Песталоцкийдің шәкірті Г.А.Гиппиус «Очерки теории рисования как общего учебного предмета» деген бейнелеу негіздері және тәжірибе білімдерінен тұратын кітабын жазды. Ол кітапты негізге ала отырып 1804 жылдан сурет барлық уездік училищелермен гимназияларға енгізілді. 1925 жылы құрылған техникалық сурет салу училищесінен сурет мұғалімдерін даярлайтын бөлім ашылған. Бейнелеу өнері терминдерінің қалыптасуында он тоғызыншы ғасырдағы Көркем сурет академиясының алдыңғы қатарлы суретшілері Н.Н.Ге, И.Н.Крамский, П.П.Чистяковтардың үлесі зор болған. Бұл кезде оқулық суреттерді зерттеуге сурет мұғалімімен қатар, суретшілер, өнер зерттеушілер, психологтар, педагогтар, социологтар, тарихшылар қатыса бастады.

1942 жылы Москва педагогикалық институтынан көркем — сурет және графика факультеті ашылды. Бейнелеу терминдерінің дамуына суретші К.Ф.Юон елеулі үлес қосты. Ол сурет мектебінде бейнелеу әдістемесіне ерекше көңіл бөлді. Өнер туралы бірнеше кітаптар жазды.

Бейнелеу өнерінің орыс тіліндегі терминологиясының қалыптасуына 1947 жылы қайтадан ұйымдастырылған КСРО Көркем - сурет академиясының, 1943 жылы құрылған РСФСР Педагогика ғылымдары академиясы көп ықпал етті. 1950-1960 жылдары жүргізілген бір қатар ғылыми - зерттеу жұмыстары жалпы білім беретін мектептердегі бейнелеу өнері терминдерінің мәселелерін шешуге көп көмегін тигізді. Педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор Н.Н.Ростовцевтің бірінші және екінші сыныптарға арналған байқау оқулығы 1957 жылы, ал үшінші, төртінші сыныптарға арналған оқулығы 1961 жылы жарыққа шықты. Сонымен қатар оларға қосымша әдістемелік нұсқаулар шығарылды. Бұл оқулықтар бейнелеу өнері терминдерінің дамуына ерекше ықпал етті.

1963-1970 жылдары арасында В.В.Колоколниковтың, Е.Е. Рожкова мен В.И. Херсонскаяның екінші сынып оқушыларына арналған оқулықтары, 1967 жылдардан бастап С.А.Федоров пен М.Н.Семенованың бесінші сыныпқа арналған, Е.Е.Рожкова мен Л.Л.Монодтің алтыншы сыныпқа, С.А.Федоров пен М.Н.Семенованың төртінші сыныпқа арналған оқулықтары жарыққа шықты. Бұл оқулықтардың бұдан бұрынғы оқулықтардан айырмашылығы балаларды өмірдегі шындық пен реалдық формаларды бейнелеуге негізделді.

Бейнелеу өнері терминологиясын жасауда алдыңғы қатарлы кеңес сурет мектебінің белгілі педагогтары Н.Н.Ростовцев, В.С.Кузин, Е.В.Шорохов, Т.Я.Шпикалова, Г.Беда, В.Смирнов, А.Серовтардың еңбектері әлемдік масштабта алдыңғы қатарлы орын алады. Бейнелеу өнерінің орыс тіліндегі терминологиясының жүйесі кеңестік ұлттық республикалардағы көркемдік білім беру орындарының жұмысына, оның ішінде қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының дамуына игі әсерін тигізді. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиялық жүйенің қалыптасуында 1964 жылы орыс тілінде шыққан «Бейнелеу өнерінің терминдерінің қысқаша сөздігінің» ролі зор болады. Бұл сөздік біріншіден кең қолданысқа түсуімен ерекшеленсе, екіншіден бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминдерінің пайда болуына ықпал етті. Бейнелеу өнерінің терминологиясын республикада тарату мен дамыту ісінде Қазақстан өнеріне еңбек сіңірген қайраткерлер Н.Г.Хлудовтың, А.С.Пономаревтің, А.М.Черкасскийдің үлесі зор. Көптеген жылдар бойы Абай атындағы Қазақ педагогика институты, Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесі ғылыми — педагогикалық жұмыстар жүргізуі ғылыми - педагогикалық кадрлар мен сурет пен сызу пәнінің мұғалімдерін даярлауда негізгі орталық болып табылады.

Қорыта айтқанда қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының негізінен мынандай жолдармен жасалады: 1. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының кейбір терминдері орыс тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының үлгісіне сәйкес

аударма арқылы алынды. 2. Орыс тілінің базасында жасалған бірқатар бейнелеу өнерінің терминдері қазақ тіліне аудармасыз өтті. 3. Қазіргі кездегі қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің кейбір терминдері толығымен орыс тілі арқылы өтті. 4. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясы орыс тіліндегі бейнелеу өнерінің бағыт беруші әсерімен дамыды және бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясы халықаралық масштабтағы терминологиялық жүйенің міндеттерінен туындайтын талаптарын қанағаттандырады. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнерінің терминологиясының қолөнерге байланысты терминдері ана-тілінің негізінде жасалады.

Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясы Қазақстандағы басқа терминологиялар сияқты, өзінің дамуында негізінен үш кезеңнен өтті. Бірінші кезең 1920-1933 жылдары аралығы. Бұл кезең Қазақстанның Россия федерациясындағы Қазақ автономиялық республика болып құрылу кезеңі. Алғашқы бұл кезеңде Қазақстанда сурет мамандығына үйрететін ешбір оқу орны болған жоқ. 1920 жылдардан кейін Николай Гаврилович Хлудовтың (1850-1935) жеке шеберханасы болды. 1920 жылы көркемсурет шеберханасы ұйымдастырылды. Суретшілерді даярлауда Қазақстан өнеріне еңбек сіңірген қайраткер А.С. Пономаревте көп еңбек сіңірді.

Екінші кезең 1935-1945 жылдар аралығындағы социализмнің құрылысы кезеңі. Қазақстанның одақтық республика болып құрылуы және Ұлы Отан соғысы жылдары болып табылады. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының қалыптасуында 1935 ұйымдастырыла бастап, 1937 жылы ашылған Т.Г. Шевченко атындағы қазақтың мемлекеттік көркемсурет галериясының игі әсерімен ерекшеленді. 1938 жылы Қазақстанда театралдық көркем сурет училищесі ашылды. Үшінші кезең - 1946 жылдан 1991 жылға дейінгі кезең. Бейнелеу өнерінің шеберлері мен олардың шығармашылығы туралы Е. Виндаровская, Е. Г. Микульская, Д. Чебатовтар өнертанымдық зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. Осы кезде халықтың қолөнерін, ою-өрнектің сәулеттік құрылыстармен байланысты мәселелер қарастырылған Т. К. Бәсеновтың кітабында қолөнерге қатысты терминологиялық мәселелер қаралған. А. Канапин мен Л. Варшавскийдің еңбектерінде Қазақстан көркем өнері және оның ішіндегі бейнелеу өнерінің қалыптасуы, даму бағыттарын қалыптастырған. 1970 жылдардан бастап алғашқы рет қазақ тілінде Е. Вандаровскаяның, К. Ақышевтың, С. Қасимановтың бейнелеу өнері мен сәндік қолданбалы өнерге қатысты кітаптары жарық көрді. Б. Матюшенко, И. Шедров, Н. Правдиндердің сурет салуды оқыту әдістемесіне байланысты мәселелерді қамтитын еңбек баспадан шықты. Бұлардың бәріне де бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі сурет, кескіндеме, композиция, сәндік қолданбалы өнер, мүсін сияқты бірқатар жиі қолданыстағы терминдерін кездестіруге болады. 1980 жылдардан бастап, көптеген ғылыми-педагогикалық кітаптармен қатар, альбомдар, сурет әдістемесіне байланысты әдебиеттер жеке суретшілер туралы монографиялардың қазақ тілінде шығуы басталды.

1980 жылдарда бейнелеу өнерін халық арасында насихаттауға, тәрбие беруге көп көңіл бөлінді, бейнелеу өнерін қазақ тілінде оқыту туралы бір

қатар нұсқаулар мен талдаулар жарық көрді. Бұл терминдерді қолданудағы қазірдің өзінде кезек күттірмейтін міндеттердің бірі болып табылады.

Х. Оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысы: 1. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері бойынша С.Ө.Ж-нің нәтижелерін талдау. 2. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері бойынша алдын-ала берілген сұрақтарға жауап беру. 3. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері талдау тәсілдерін пайдаланып, бейнелеу өнері сабақтарының мазмұнына сипаттама беру.

ХІ. Қорытынды бақылау сұрақтары: 1. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері қалай анықталады? 2. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдері дегеніміз не? 3. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдерінің басқа өнер (музыка, театр т.б.) түрлерінің дамуынан айырмашылығы неде? 4. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму кезеңдерінің қоғам дамуынан айырмашылығы неде? 5. Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының даму неше кезеңдерге бөлінеді?

ХІІ. Студенттерді бағалау: берілген тапсырманы орындауына, С.Ө.Ж-нің нәтижелерін талдауына және іс әрекетіне қарап студенттердің білімі мен құзыреттіліктері көріністеріне байланысты бағаланады.

ХІІІ. Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Ералин Қ.Е.. Қазақстан бейнелеу өнері. Түркістан, Тұран, 2009; 2. Марғұлан Ә. Қазақ сәндік қолданбалы өнері. 1 том, Алматы, Өнер, 1987; 3. Әмірғазин Қ.Ж.. Қазақ қолөнері. Алматы, 2002.

5 лекция.

I. Тақырыбы: Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдауға қысқаша шолу. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау жолдары. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау ерекшеліктерін талдау.

II. Оқу сағаты: 50 минут

III. Сабақтың көрнекілігі: Дербес компьютер, плакат, интерактивті такта, суретшілер шығармаларының және қолөнер бұйымдарының иллюстрациялары.

IV. Тақырыптың өзектілігі: Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау тұрақтылық болуын бейнелеу өнері терминдерін жасау ұстанымдарының болмауы қамтамасыз етеді.

V. Дидактикалық мақсаттары: Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау мазмұны мен мақсатын Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау жолдарын ашу. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау жасау ідістеріне сипаттама беру. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау мәнін түсіндіріп, оны талдау тәсілдерімен таныстыру. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау талдаудың өлшем бірлігін пайдалана отырып

студенттерге оларды болашақ педагогикалық қызметіне қажетті педагогикалық сапа ретінде талдау әдістерін меңгерту.

VI.1.Студент білуі тиіс: Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық жіктеу, талдау және жинау білімін; Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау жасау әдістерін білуі; Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау білімі; Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау білімін.

VI.2.Студент орындай алуы тиіс: Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық жіктеу, талдау және жинау іс әрекетін; Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау талдаудың педагогикалық іс әрекетін; бейнелеу өнерінің перспектива, жарық пен көлеңке, түр мен түс құбылыстарына байланысты этимологиялық танытудың педагогикалық іс әрекетін; Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау арқылы білім беру сабағын жоспарлаудың, ұйымдастырудың педагогикалық іс әрекетін.

VII.Бастапқы алдын-ала берілетін сұрақтар:1. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау қоғам дамуына қатынасы қандай. 2. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау даму тарихы мен мамандардың даярлануы. 3. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау анықтау жолдары қандай. 4. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау қолданысқа түсірудің мәні неде.

VIII.Студенттердің өзіндік жұмыстары: №1. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдауларды бағыттарға бөліп, оларға сипаттама беру; №2. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау байланысты бірнеше әдістерге бөліп, оларға сипаттама беру; №3. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау мүмкіндіктеріне қарай бірнеше түрлерге бөліп, оларға сипаттама беру; №4. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау дамуды жеке кезеңдерге бөліп, оларға сипаттама беру; №5. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау бейнелеу өнері техникасына қарай бөліп, оларды біріктіретін сипаттама беру;

IX.Ақпараттық-дидактикалық блок. Мұғалімнің сөзі оқушының ой белсенділігін арттырып, қабылданған материалдардың өзара байланысын табуға жәрдемдеседі, келесі істелетін әрекеттің, сипатын анықтайды. Педагогтың сөзі оқушылардың бейнелеу әрекеті барысындағы стереотиптік қозғалысты дағдыларды жоюдың ерекше мүмкіндіктерінің бірі.

Терминдерге этимологиялық талдаулар жасау сабақта немесе бейнелеу өнері жұмыстарында жүзеге асады. Нұсқаға қарап сурет салу, тақырыптық сурет салу сабақтарымен қатар бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақтарда терминдердің шығу негізінде талдаулар жасау ұтымды. Біз енді күнделікті оқу үдерісінде қолданылатын терминдерге талдау жасадық.Бейнелеу өнерінің әңгіме сабағында қолданылатын терминдерінің бірқатары өнер тарихымен және сәулет өнерімен байланысты анықталады.

Сөз-болашақ ұстаздың бейнелеу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Жаксы ұйымдастырылған бейнелеу өнер сабағы студенттің сөз қорының ұтымды дамуына әсер етеді. Студенттің сөз қорының даму дәрежесін өз жолдастарының жұмыстарының көркемдік сипатын тану, өнер шығармаларына талдау жасау, салынатын заттың құрылысы, кеністіктегі орны, түрі, түсі сияқты ерекшеліктеріне талдаудан анық байқауға болады. Бейнелеу үдерісіне қатысты болашақ мұғалімнің түсініктерінің қалыптасу барысында сөз елеулі роль атқарады. Оқытушының жұмыс уақытында немесе жұмыстан тыс уақытында, студенттермен тілдік қарым-қатынаста болатынын байқаймыз. Ал, енді кескіндеме және оның жанрларына қатысты терминдерге қатысты студенттердің сабақ өткізуге арнап дайындаған материалдарға тоқталайық. Автопортрет - суретшінің өз қолымен орындаған өзінің бейнесі, портреттік жанрдың ерекше бір түрі. Автопортрет айнаның көмегімен орындалып, суретші өзінің жеке басын бағалауын, өмірдегі және қоғамдағы ролін және шығармашылық ұстанымдарын білдіреді.

Акварель - латынның aqua – «су» деген сөзінен шыққан. Акварель бояулардың негізгі ерекшелігі - аса мөлдірлігі. Бұл - ак бояу мүлде қолданылмайтын бірден - бір кескідемелік орындау техникасы. Анималист - андар мен құстардың суретін салумен шұғылданатын суретші. Ол латынның «анимал» (хайуанат) деген сөзінен шыққан.

Асекко (итал. a secco - кептірме, құрғақ) - қабырғаға сурет салудың бір түрі. Бұл кепкен сылақтың үстінен сырмен немесе әкпен сырды араластырып салынатын суреттер.

Багет (франц. Baguette) - әшекейлі жиектемелік ағаш. Шығармаларды, фото суреттерді графиканың шығармашылықтарын безендіріп, картина жиектемесін безендіретін әшекейлейтін ағаш.

Блик (нем.блиск) - жылт, жарық сәуленің қатты затқа, аса көп түскен кезде шағылысынан пайда болады. Бұл көбінесе, металлдан, шыныдан жасалған заттарда жиі кездеседі, оның аумағы онша үлкен болмайды. Ол қисық жазықтықта, заттың қырларында пайда болады.

Витраж (франц. vitre - айнек) - қорғасын желілерімен біріктірілген түрлі-түсті шыны кесінділерімен айнектелген, кейде орасан зор көлемдегі терезені немесе соған ұқсас картинаны білдіреді. Осы бір жалт-жұлт еткен түрлі-түсті мөлдір айнектер қандай да бір ою-өрнекті, кейде тіпті сюжеттік туындыларды құрайды.

Гамма (грек. gamma - түсті, бояулы) - көркем шығарманың туындауында қолданылатын бейнелеу және сәндік өнердегі бір-бірімен байланысып, біртұтас үйлескен түстердің өзара бірлестіктегі қатарын айтады.

Гризайль (франц. gris-сұр) - бейне бір жартылай кескіндеме, жартылай сурет сияқты, біртүсті немесе әртүрлі түстің бірін ғана алып салынатын, «сұр» кескіндеме. Біртүсті бояманы да, қылқаламмен салынған біртүсті акварель суреттерді де, тіпті қайсыбір біртүсті станоктық шығарманы да гризайль деп атауға болады.

Гуашь - ең тығыз, күңгірт бояу. Онымен сәтсіз жерлерді - неғұрлым қара-қошқыл бояуларды неғұрлым ақшыл бояумен және т.б. толық жауып жіберуге болады.

Колорит (латын. color - бояу, түс) - шығарманың барлық бояулық үйлесімдері бірыңғай, тұтас, жарасымды реттілікке және өмірлік шынайылыққа ұмтылған кезде, оның мұндай жалпы түстік кейпін кескіндемеде колорит деп атайды.

Контраст (франц. contraste - ерекшелену, қарама-қайшы) - екі салыстырмалы сапаны өзара қарама-қарсы бағытта қойып күшейту. Фонның түсі және сұрғылт фонда пайда болатын хроматикалық ренктік түсі контрасты түстер деп аталады.

Мазок (ағыл. Stroke) - кескіндемеде орындаудың техникалық құралы, бояу қабатының бетіндегі қылқаламның ізі.

Марина (латын. marinus-теңіз) - теңіз көрінісі, теңізді бейнелейтін шығарма.

Мозайка - ежелгі және өте ерекше (монументтік) көлемді кескіндеме. Мозайкалық шығармалар қылқаламдар мен бояулармен жасалмай, жекелеген түрлі-түсті тас кесектерінен немесе смальта деп аталатын — оны күңгірт және түрлі түске боялған етіп көрсететін сан алуан қосымшалары бар әйнек құймасынан жиналады. Терең және таза түстер өзгеше жалт-жұлт еткен фактура - бейнелеу енері шығармаларының осы түріне тән сапалар.

Мольберт (нем. malbrett - кескіндемеге арналған сөре) - кенеп, қатырма қағаз, тақтай бекітілетін ағаштан немесе металдан жасалған құрылғы.

Монотопия - өзінше бір жартылай кескіндеме, жартылай гравюра. Атының өзі бұл жерде әңгіме оттистік туралы және оның өзінде бір оттистік туралы (гректің monos - бір және tipos - басылым деген сөзінен шыққан) болып отырғанын көрсетеді. Монотопия өзіндік фактурасымен және басу кезінде бояуды қағазға жаныштау салдарынан оттистікте пайда болатын бейненің сипатымен ерекшеленеді.

Набросок (нобай) - суретшінің кішігірім өлшемдегі суреттің, кескіндеменің, мүсіннің тез арада орындауын айтады.

Палитра - бұл сөздің екі түрлі мағынасы бар: біріншісі - суретші бояуларды салып, араластыратын тақта және екіншісі - қайсыбір суретшінің жұмыста пайдаланатын бояуларының белгілі бір жиынтығы, жүйесі.

Пастель (өз атауын pastelino деген итальян сөзінен алған) - кескіндеме мен сурет салуға арналған қалам тәріздес бояулар. Пастель - біраз үстемелер қосылып, ұсақ майдаланған пигменттен таяқшалар түрінде престеп жасалған түрлі-түсті борлар. Көптеген таяқшалардың құрамына таза пигментпен қатар, тағы қандай да бір ағартқыш және аздаған желім қосылады.

Пленэр – (plein air - ашық ауа) - деп қоршаған ортаны нұсқадан оқып үйрену арқылы ашық ауада кескіндеуді айтамыз. Ашық аспан астында, күн сәулесі мен ауаның әсерімен табиғаттың сұлу көрінісін нұсқа бойынша кескіндеп көрсету.

Сангина (латын. sanguis – қан) - бұл сурет салуға арналған жиексіз қалам-таяқша тәріздес материал. Сангинаны қызыл-қоңыр таяқшаларымен жұмыс істеу техникасы көмірге біршама жақын.

Уголь /көмір - бай, әдемі материал/ - оның мүмкіндіктері қаламға қарағанда кең: онымен кішкене нобай суреттер де, үлкен жайма жасауға, жіңішке сызық жүргізуге де, көзді ашып-жұмғанша дерлік уақытта көп жерді бір өңмен бояп шығып, содан кейін көмірді қылқаламның қылшығымен немесе шүберекпен сүрте отырып, қажетті жерлерін ағартуға болады.

Фреска (итал. fresco – жана) - бірнеше мыңдаған жылдарға есептелетін монументтік көлемді кескіндеме түрі. Олар сәулет өнерінде қазір де пайдаланылады. Ол әлі кеппеген извест сылақ бетіне ерітіндісіне ерітілген сулы бояулармен салынады.

Флористика — мозайканың бір ерекше, өзгеше түрі. Бұл - өсімдіктердің сан қилы жапырақшаларынан, гүл жапырақтарынан, сабақтарынан, бұтақтарынан жасалатын мозайка.

Этюдник - жорық жағдайында, табиғат аясында немесе пленэрге жұмыс істеуге арналған ерекше жәшік. Бұл шын мәнінде жұмыс істеуге қажетті барлық қажетті заттар: палитра, бояулар, қылқаламдар, қарындаш немесе көмір, еріткіш, шүберектер, кенеп немесе картон сынып кететін кішкене жорық шеберханасы.

Этюд (франц. Etude) сөзі зерттеу мағынасында аударылады. Заттың өзіне қарап салған этюд - қолға қылқалам ұстаған суретшінің белсенді пайымдауы мен ой толғауы деп айтуға болады. Жалпы, кескіндеме қолданылатын терминдер алуан түрлі. Кескіндемеде қолданылатын негізгі термин-сөздердің талдаулары жоғарыдағыдай. Алайда, бұл терминдер осыменен шектеліп қоймайды. Қорыта айтқанда, терминдерге этимологиялық талдау жасау өнертану ұғымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Студенттердің көркемдік білімі деңгейін көтеріп, танымдық белсенділігін қалыптастырып, сөйлеу мәдениетін арттырады.

Х. Оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысы: 1. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау бойынша С.Ө.Ж-нің нәтижелерін талдау. 2. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау бойынша алдын-ала берілген сұрақтарға жауап беру. 3. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау тәсілдерін пайдаланып, бейнелеу өнері сабақтарының мазмұнына сипаттама беру.

ХІ. Қорытынды бақылау сұрақтары: 1. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау қалай анықталады? 2. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау дегеніміз не? 3. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау басқа өнер (музыка, театр т.б.) түрлерінің дамуынан айырмашылығы неде? 4. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау қоғам дамуынан айырмашылығы неде? 5. Бейнелеу өнерінің терминдеріне этимологиялық талдау неше кезеңдерге бөлінеді?

ХІІ. Студенттерді бағалау: берілген тапсырманы орындауына, С.Ө.Ж-нің нәтижелерін талдауына және іс әрекетіне қарап студенттердің білімі мен құзыреттіліктері көріністеріне байланысты бағаланады.

ХІІІ. Пайдаланылған әдебиеттер: 1.Ералин Қ.Е..Қазақстан бейнелеу өнері. Түркістан,Тұран, 2009; 2.Марғұлан Ә. Қазақ сәндік қолданбалы өнері. 1 том, Алматы, Өнер,1987; 3.Әмірғазин Қ.Ж..Қазақ көлөнері. Алматы, 2002.

#### 6 лекция

I.Тақырыбы: Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытуды жоспарлау. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту мазмұнын оқу бағдарламасына сай анықтау. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту әдістері. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту нәтижелерін талдау.

II. Оқу сағаты: 50 минут

III. Сабақтың көрнекілігі: Дербес компьютер, плакат, интерактивті тақта, суретшілер шығармаларының және көлөнер бұйымдарының иллюстрациялары.

IV. Тақырыптың өзектілігі: Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту көркемдік білім беру мазмұнының құрамдас бөлігі. Бейнелеу өнерінің терминдері өнер теориясының негізін анықтайды. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту көркемдік білім беру мен шығармашылық қабылеттерді дамытудың негізі болып табылады.

V. Дидактикалық максаттары: Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту барысында студенттерге көркемдік білім беру мазмұнымен таныстыру. терминдерін оқыту жолдарын ашу. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту әдістеріне сипаттама беру. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту мәнін түсіндіріп, оны талдау тәсілдерімен студенттерді таныстыру. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытудың өлшем бірлігін пайдалана отырып студенттерге оларды болашақ педагогикалық қызметіне қажетті педагогикалық сапа ретінде талдау әдістерін меңгерту.

VI.1.Студент білуі тиіс: Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытуды жіктеу, талдау және жинау білімін; Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытудың әдістерін білуі; Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту мазмұнын талдау білімін.

VI.2.Студент орындай алуы тиіс: Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытуды жіктеу, талдау және жинау іс әрекетін; Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытуды талдау талдаудың педагогикалық іс әрекетін; бейнелеу өнерінің перспектива, жарық пен көлеңке, түр мен түс құбылыстарына байланысты этимологиялық танытудың педагогикалық іс әрекетін; Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту сабағын жоспарлаудың, ұйымдастырудың педагогикалық іс әрекетін.

VII.Бастапқы алдын-ала берілетін сұрақтар:1 Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту қоғам дамуына қатынасы қандай. 2. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту тарихы мен мамандардың даярлануы. 3 Бейнелеу

өнерінің терминдерін оқыту жолдары қандай. 4. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту мәні неде.

VIII.Студенттердің өзіндік жұмыстары: №1 Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытуды бағыттарға бөліп, оларға сипаттама беру; №2. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытуды бірнеше әдістерге бөліп, оларға сипаттама беру; №3.Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту мазмұнын бірнеше бағыттарға бөліп, оларға сипаттама беру; №4. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытуды жеке кезеңдерге бөліп, оларға сипаттама беру; №5 Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту техникасына қарай бөліп, оларды біріктіретін сипаттама беру;

IX.Ақпараттық-дидактикалық блок. Оқушылардың бейнелеу өнері сауаттылығын меңгеру барысында бейнелеу өнері терминдеріне көп көңіл бөлу қажет. Терминдерді меңгерту белгілі өнер саласы бойынша жүйелі білім алуға жол ашады. Басқа пәндер сияқты бейнелеу өнерін сабақтарында оқытудың принциптеріне сүйенеміз. Оқытудың ғылымилық принципіне сәйкес бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту үшін терминдердің жіктелуін жасау қажет: оларды,кескіндемеге, графикаға, мүсінге, сәндік — қолданбалы өнерге, композицияға, өнер тарихына, құралдарға байланысты, сонымен қатар жарық көлеңке, түске байланысты, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрына, суретшілерге байланысты, техникалық эстетикаға, халықтық қол өнерге байланысты бөліп төмендегі формада қарастыруға болады:

а) кескіндемеге қатысты терминдер: акварель, ахроматизм, гармония, картина, марина, натура, рефлекс, панно, палитра, пейзаж, жарық пен көлеңке, рен, темпера, фактура, колорит, түс, эскиз, этюд, кенеп, майлы бояу, монументальдық кескіндеме, мозайка, витраж.

б)графикаға қатысты терминдер: автогравюра, гравюра, кітап графикасы, титульдық бет, франтиспис, заставка, концовка, контур, штрих, шарж, ксилография, линогравюра, сграфито, оттиск, сурет, эмблема, экслибрис.

в) мүсінге қатысты терминдер: анималист, барельеф, бюст, горельеф, керамика, монументальдық мүсін, статуя, статуетка, сфинкс, фактура, экстерьер.

г) сәндік — қолданбалы өнерге қатысты терминдер: ассиметрия, афиша, ахроматизм, глазур, gobelen, сәндік өнер, безендіру, декорация, ою, өрнек, символ, фактура, эскиз, экстерьер, транспорант, трафарет, сценография, симметрия, керамика, фаянс, шыны, кесте.

д) композицияға қатысты терминдер: гармония, контраст, композиция, контур, наброска, натура, размер, формат, пропорция, символ, симметрия, компоновка, ритм, перспектива, линия, горизонт, композиционный центр пятно, контраст по цвету, линейная композиция, контраст формы, динамикалық композиция, статикалық композиция.

ж) өнер тарихына байланысты: античное искусство, аркада, вандализм, возрождение (ренесанс) готика, история искусства, искусство, капитель, калассик, реставрация, статуя, сфинкс, фреска.

з) жарық көлеңке, түске байланысты терминдер: ахроматизм, свет, рефлекс, тон, блик, собственная тень, падающая тень, тональное отношение, контраст, хроматизм, колорит, локальный цвет, белый, черный, красный, голубой, желтый, зеленый, контраст цветов, доминирующий цвет, цвет пятно, окцент

и) құралдарға байланысты терминдер: подрамник, трафарет, кисть, тюбик, шитинная кисть, колоновая кисть, акварельная краска, масляная краска, темпера, мастехин, мольберт, палитра, этюдник, натуральный стол, станок, холост, плакатный перо, тушь, гуашь, пастель, формат, ватман, стики.

к) оқытуға байланысты терминдер: рисование с натуры, рисование на темы, декоративное рисование, беседа об искусстве.

е) бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрына байланысты терминдер: живопись, графика, скульптура, декоративно-прикладное искусство, анималистический жанр, портрет, пейзаж, натюрморт, бытовой жанр, исторический жанр.

м) суретшілерге байланысты терминдер: анималист, акварелист, баталист, график, живописец, декоратор, маринист, монументалист, реставратор, портретист, скульптор, иллюстратор, сценограф, искусствовед, дизайнер, художник - керамист, художник по стеклу, художник по металлу, художник по текстилю.

и) техникалық эстетикаға байланысты терминдер: дизайн, дизайнер, художественное конструирование, пластика т.б.

о) халықтық кол өнерге байланысты терминдер: ою-өрнек, икер, иттіс, шарбақ ою, шыныгүл, ронд, канат, сынық мүйіз, сынар мүйіз, оюшы, алакан, алақұрт, бағана өрнек, қошқар мүйіз, арқар мүйіз, космүйіз, сынар мүйіз, төртқұлақ, түйе мойын, түйетабан, таңба. Мұндай етіп терминдерді топтастыру оқушылардың түсінуіне жеңілдік туғызады.

Кейбір термин белгілі бір салаға байланысты қолданылса, кейбір терминдер бейнелеу өнерінің барлық салалары бойынша қолданылады. Мысалы «композиция», «компоновка», «построение рисунка», «ритм» терминдері өте көп қолданылатын терминдер. Сондай-ақ жарық, көлеңке, түстерге байланысты терминдерде жиі қолданылады. Сондықтанда мұндай терминдерді оқытуда ол терминнің шығуы мен атауы, анықтамасын оқушыларға талдап түсіндіру қажеттігі туындайды.

Терминдерді оқыту барысында басшылыққа алатын оқытудың көрнекілік принципі. Қандайда терминді түсіндіру барысында көрнекі құралдарды пайдалану қажет. Бірізділік және жүйелілік принципі, бейнелеу өнерін оқыту барысындағы басты қағиданың бірі. Жоғарыда айқандай терминдердің біркатары яғни композиция мен жарық көлеңке, тұстануға байланысты терминдер өте жиі қолданылады.

Мектеп оқушыларының сөз белсенділігін арттыру үшін бейнелеу барысында әртүрлі әдістерді қолдануға болады бұлардың қатарына мұғалімнің мынадай іс-әрекеттері қамтылады: сурет салуға деген эмоциялық қатынас туғызу мақсатында баланың жұмбақ пен тақпақтарды жатқа айтуға

талпынуы; композициялық сипаттағы тапсырмалар беру; тапсырманы орындау үдерісінде бейне элементтерін және нұсқа мен суретті бір-бірімен салыстыру жолдарын көрсету; әрбір сабақтың соңында бейнелеу нәтижесінде тандау жасау; мектептің немесе сыныптың көрмесіне суреттерді тандап алу және оларға талдау жасау.

Сабақ барысында оқушылардың сөз қоры терминдерімен толығады. Мұғалім сабақты түсіндіру барысында бейнелеу өнерінің терминдеріне оқушылардың жас ерекшеліктеріне лайық түсініктер береді. Оқушылардың таным қабілетінің дамуы үшін мұғалім зат құрылымын талдауының маңызы зор. Осындай істердің нәтижесінде оқушы өмірдегі құбылыстар, оларды бейнелеу және өнер шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін танып біледі.

Нұсқаға қарап отырып, тақырып бойынша немесе сәндік суреттер салу сабақтарында мұғалім оқушылардың суреттеріндегі қателерді өзі табуға жәрдем көрсетіп дұрыс бағыт береді. Мұндай істерге оқушылардың өздерін де араластыру өнерге деген қызығушылықтарын арттыру мен қатар сөз белсенділігін де дамытады.

Х. Оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысы: 1. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту бойынша С.Ө.Ж-нің нәтижелерін талдау. 2. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту бойынша алдын-ала берілген сұрақтарға жауап беру. 3. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту тәсілдерін пайдаланып, бейнелеу өнері сабақтарының мазмұнына сипаттама беру.

XI. Қорытынды бақылау сұрақтары: 1. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытуды қалай анықталады? 2. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту дегеніміз не? 3. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқытуды талдау басқа өнер (музыка, театр т.б.) түрлерін талдаудан айырмашылығы неде? 4. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту қоғам дамуымен байланысы неде? 5. Бейнелеу өнерінің терминдерін оқыту неше кезендерге бөлінеді?

